Аймақтық инновациялық саясатты жүзеге асыру механизмдерін орындау жоғары технологияларды пайдалану аймақтық орталықтарын дамыту негізінде жаңа технологиялар сферасына дамыту стратегиясы; аймақтағы кәсіпкерліктің тәуекелді ытналандыру; аймақтың өнеркәсіптік-өндірістік сферасын дамыту және жандандыру; инновациялық қызмет көрсетулер нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру қажеттілігін дәлелдейді.

Аймақтарда инновациялық қызметті табысты жүзеге асыру үшін инновациялық қызметті қамтамсыз етуші және инновациялық даму талаптарына және сипаттамалары сай ұйымдар мен кәсіпорындардың жиынтығы ретінде инновациялық саланы талап етеді.

Қазақстан өңірлерінде инновациялық қызметтің қазіргі жағдайын ескере отырып, оны жетілдірудің төрт негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

— аймақтық инновациялық жүйенің ұйымдастырушылық құрылымын құру;

— инновация үрдісіне аймақтағы шаруашылық субъектілерді интеграциялау;

— аймақтардағы бар ғылыми әлеуетті және жоғары технологиялық мүмкіндіктерді тиімді қолдану;

— қолданыстағы өндірістік әлеуетті арттыру және тиімді пайдалану.

Аймақтағы экономикалық субъектілердің инновациялық дамуы үшін инновациялық саясаттағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында инновациялық саладағы барлық элементтерді қайта құрылымдауды жасауға мүмкіндік беретін әртараптандырылған құралдардың икемді жүйесі қажет. Аймақтың нновациялық даму үрдісін жүзеге асыру бірінші кезекте механизмдерді әзірлеумен байланысты, сонымен қатар бұл инновациялық экономиканы дамытуды қолдау мақсатында қоғамдық қатынастардың барлық саласын қайта құруға мүмкіндік береді.

Осылайша, аймақтардың инновациялық даму механизмін жетілдіру мәселесін шешу тұтастай аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, аумақтық және экономикалық мүдделер ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін аналитикалық құралдарды әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Аймақтың инновациялық даму механизмдері құрамына келесі құралдар жиынтығын кіргізу қажет:

— өңірдің инновациялық әлеуетін бағалау;

— ғылыми-техникалық нәтижелерді беру тетіктерін әзірлеу;

— инновациялық қызметті қаржыландыру тетігін әзірлеу.

Осы механизмнің жұмыс істеу нәтижесі аймақтық инновациялық саланың жан-жақты, мақсатты жаңғырту болуы тиіс және де, оның институционалдық ортаны, инфрақұрылымды, қаржыландыру жүйесін және басқару тетіктерін қалыптастыруды жетілдіру арқылы көрініс табуы қажет.

Әдебиет:


1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы.
2. А. Қ. Туленбаев Инновация в науке Қазахстан. — Деловой мир Қазахстана, 2008.
3. Герасимов А. В. Инновационный потенциал регионов: теория практика. М.: Наука-Бизнес-Паритет, 2012.
4. Г. Т. Мустапаев «Инновационный механизм повышения конкурентоспособности регионов». Астана: Елорда, 2011.

# ҚР-да жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде бюджетаралық қатынастарды жетілдіру

Альмухамбетова Ботагоз Женисовна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м. а.
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Экономикадағы нарықтық қайта құрулардың тереңдеуі мемлекеттің экономиканың және қоғам өмірінің жекелеген сфераларын тікелей басқару және реттеуден бас тарту қажеттілігін шарттайды. Бірақ, мемлекетке тән емес және бәсекелік секторға тиесілі жекелен фукнциялар әлі күнге дейін мемлекеттік органдармен жүзеге асырылып келеді.

Елдің қазіргі таңдағы даму жағдайында, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру қажетілігінің туындауына қарай биліктің барлық деңгейлері арасында қызмет ауқымын шектеу, реформаларды жүргізуді орталықтан мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейіне көшіру мәселесі маңызды болып отыр. Басқару нысандарының бірдей болуы, қызметтердің қиылысуы жалпы алғанда, жауапкершілік және есеп беруге міндеттілік мәселесінде су жұқпастыққа және ретке келтірілмегендікке, бюджет қаржыларының ұтымсыз шығындалуына, мемлекеттік қызметтің сапасының төмендеуіне алып келеді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-қадамы шеңберінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізуді тапсырылған болатын [1]. Өткен жылы «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының таныстырылды, бүгінгі күнде талқылануда. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджеттік процесс пен коммуналдық меншікті басқарудағы өкілеттіктерін кеңейту мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін регламенттейтін актілер Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заң болып табылады. 2007 жылы Конституцияға жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асыратындығы айқындалған толықтырулар енгізілген болатын. Заңнамада әкім мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын да жүзеге асыратыны, ал жергілікті деңгейдегі мәселені талқылау үшін жергілікті бірлестіктердің тікелей ерікті жиналыстарын (жиындарын) өткізуге болатыны аталып көрсетілген [2].

Бүгінгі күні заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысандағы ауыл (село), кент, аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ қалалардағы аудандар әкімдерінің аппараттары қалыптастырылды. Бұл ретте олардың дербес бюджеті жоқ, бірақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады. Аталмыш шығыстар аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында қарастырылған, оларды тиісті мәслихаттар бекітеді. Бұл шығыстар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруді жүзеге асыруға, мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге, елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға, шаруашылық есепке алуға және т. б. бағытталып отыр.

Ауыл (село), ауылдық (селолық) округ, кент әкімдеріне бірқатар міндеттер жүктелген, бірақ олар қаржымен қалдық қағидаты бойынша қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде бұл әкімдер жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде қабілетсіз болып қалады, осылайша халық тарапынан объективті наразылық туады [3].

Бұл мәселені шешу үшін бастапқы кезеңде «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді шешу үшін өңірлерді қаржылық қолдау тетігі іске асырылуда. Осы тетіктің маңызды факторы іс-шараларды іріктеу мен алынған қаражатты бөлу кезінде халықтың қатысуы болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде 2018 жылдан бастап халық саны 2000 адамнан астам әкімшілік аумақтық бірлікте мемлекеттік бюджеттің 4-деңгейі ретінде, яғни аудандағы 1 қалалық және 13 ауылдық округ толығымен енеді, ал 2020 жылдан бастап барлық жерлерде енгізіледі.

Қазіргі уақытта төменгі деңгейлердегі дербес бюджеттерді құру аудандық бюджеттердің көбі субвенциялы болғандықтан тоқтатылады. Төменгі басқару деңгейіндегі бюджет құрылған жағдайда, ол да субвенциялы болады (мысалы: Ақмола облысының барлық 17 ауданы облыстық бюджеттен субвенция алады, Қарағанды облысындағы 9 ауданның 8 ауданы субвенциялы) деп күтуге болады. Сондықтан бұл деңгейлерге салықтық және салықтық емес түсімдерді бекіту олардың қаржылық өзін-өзі қамтамасыз етуіне мүмкіндік бермейді.

Қазіргі таңда бюджетаралық қатынастарды жетілдіру бюджет жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасында табыс және шығыс бойынша өкілеттіліктерін айқын ажыратуды белгілеуге, ел аймақтарының бюджеттік қамтамасыз етілуі деңгейін теңестіруге, аймақтардағы экономикалық саясатты ынталандыруға, жергілікті атқарушы органдарға бірдей мемлекеттік қызметті ұсынуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында бюджетаралық қатынастардың кооперативтік үлгісі қабылданған, яғни бұл бюджет жүйесінің әрбір деңгейі үшін жеке және реттелуші

салықтардың бар болуымен, жергілікті бюджеттердің жағдайына орталықтың жауапкершілігінің жоғары болуы және сыртқы қарыздар мәселесінде жергілікті билік органдарының дербестігін үйғарынды-орынды шектеу жасаумен сипатталады. Сонымен қатар трансферттер арқылы бюджет жүйесінің деңгейлері арасында қаржы ресурстарын қайта бөлістірудің дамыған механизмі қалыптасқан.

Қазақстанда бюджетаралық қатынастар келесідей қағидаларға негізделеді:

— облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің республикалық бюджетпен, аудандар (облыстық маңызы бар калалар) бюджеттерінің жоғарғы облыстық бюджетпен өзара қатынастарда теңдігі;

— ара жігін ажыратудың мынадай өлшемдерінің бір мезгілде сакталуын ескеретін түсімдерді тиімді бөлу: тұрақты сипаттағы, сыртқы факторлардың әсеріне тэуелсіз салықтық және салықтық емес түсімдер төменгі бюджеттерге бекітіледі; мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтер ақысы болып табылатын салықтық және салықтық емес түсімдер аталған көрсетілетін қызметтер қаржыландырылатын бюджет кірісіне түседі; қайта бөліну сипатындағы, сондай-ак салық базасы әркелкі орналастырылған салықтар бюджет жүйесінің неғүрлым жоғарғы бюджеттер деңгейлеріне бекітіледі; салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді бюджетке бекіткен кезде оларды жинаудың неғүрлым жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін бюджет деңгейіне артықшылық беріледі; нақты аумақтық байланыстылығы бар салық базасынан алынатын салықтар жергілікті бюджеттерге бекітіледі;

— Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірліктерінің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру;

— жергілікті атқарушы орғандардың мемлекеттік қызметтердің бірдей деңгей ұсынуын қамтамасыз ету;

— мемлекеттік қызметтерді ұсынудың тиімділігі мен нәтижелілігі мемлекеттік қызметтерді неғүрлым тиімді әрі нәтижелі қамтамасыз ете алатын мемлекеттік басқару деңгейіне мемлекеттік қызметтерді бекітіп беру;

— мемлекеттік қызметтерді ұсыну деңгейін оны алушыларға барынша жақындату — қызметтерді алушылардың қажеттіліктерін барынша дәл есепке алу және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қызметтердің атқарылуын бюджет жүйесінің мүмкіндігінше төмен деңгейіне беру [4].

Жоғарыда аталған қағидалар, әсіресе жергілікті бюджеттердің табыс бөлігін қалыптастыру бөлімінде жергілікті билік органдарының табыстарды өсіру қызығушылығын арттыру мақсатында оларды жүзеге асыру барысында, белгілі бір қиындықтарға ие. Бюджетаралық қатынастардың мақсаты бюджеттерді теңестіру үшін қажетті жағдайлар жасау, елдің барлық аумағында минимальды мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды бекіту, аумақтардың салықтық әлеуетіне қарай оларға жүктелген міндеттер мен функцияларды есепке ала отырып әрбір деңгейде бюджеттерді теңестіріп отыру.

Қазіргі таңдағы бюджет жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасындағы шығындарды және сәйкес міндеттерді бөлістіру тәртібі өзінің бастапқы қағидасы негізінен дұрыс және көптеген әлемдегі елдердің тәжірибесімен үйіеседі. Аймақтық экономиканың бүгінгі таңдағы дамуында туындап отырған негізгі қарама-қайшылық — әлеуметтік-экономикалық сферада басқарудың жергілікті органдарының өскелең міндеттері мен оларды жүзеге асырудағы қаржылық мүмкіндіктері арасындағы алшақтықтың артуында болып отыр. Жергілікті бюджеттің табыс бөлігін қалыптастыру «жоғарыдан», яғни шешім қабылдау процесі жоғарыдан төмен қарай жүреді. Жергілікті басқару органдары бюджет табыстар мен шығыстарына әсер ете алмайды. Жергілікті бюджеттің табыстары мен шығыстары Қаржы Министрлігімен анықталады, бақылау сандары есептелінеді және оның негізінде аймақтарға бөлінетін субвенциялар мен алымдар көлемі белгіленеді. Жергілікті бюджеттер республикалық бюджет бекітілгеннен кейін бекітіледі, және субвенция мен алым шамасы белгілі болады.

Жергілікті бюджеттердің мәнін, яғни облыстық бюджетте, облыстық маңызға ие қалалар бюджеттерін бағалау өте қиын, себебі халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлығы дерлік осы деңгейде жүзеге асырылады. Қазақстанда жауапкершілікті және функциональдық міндеттерді бөлістіру кезінде барлық дерлік мемлекеттік қызметтер жергілікті жерлерде көрсетіледі, ал стратегиялық міндеттер приоритетті жобаларды орындауды реттеу орталық атқарушы органдармен Министрліктер мен ведомстволармен жүзеге асырылады. 1985 жылы 15 қазанда қабылданған Европалық Хартияға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұлттық экономикалық саясат шеңберінде жеткілікті қаржы көздеріне ие болуға құқығы бар деп атап көрсетілген. Бірақ, бұған қарамастан ауыл (село), кент, поселка әкімдеріне бірқатар функциялар бекітілгенімен олар қажетті дербес бюджетке және оны бөлістіру өкілеттілігіне ие емес. Барлық шығындар аудандық бюджетте қарастырылады, бұл өзін-өзі басқарудың басты принципін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан бұл жүйені реформалауды ауылдық деңгейден бастау қажет. Сонымен қатар жергілікті басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың айқын айырмашылығын анықтау, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басқада мемлекеттік органдармен және жергілікті деңгейдегі билік органдарымен өзара әрекетестігін шешу мәселесі бүгінгі күнде маңызды болып отыр.

Әдебиет:

1. «Ұлт жоспары — бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы// www. zakon. kz.

2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.
3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 карашадағы № 438 Жарлығы
4. Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі, Астана, 2008 ж.

## Жеті жарғы — ата заңның түп негізі

Арыс Айсұлу Сабанбайқызы, з. ғ. магистр
Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (Шымкент, Қазақстан)

Жеті жарғы — Тәуке хан (1678–1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. 17-ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Жеті жарғыдан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және Жеті жарғының өзі талап, тілекті қанағаттандырарлық деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20-ғасырдың басына дейін қолданылып келді. Жеті жарғы, қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезеңдік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшке бөлуге болады. Жеті жарғының толық нұсқасы сақталмаған. Кейбір үзінділері Қ. Шүкірәлиевтің (1804), Я. Гавердовскийдің (1806), А. Левшиннің (1832) жазбаларында кезігеді. Олардан басқа Н. Гродеков, Л.А. Словохотов, А.П. Чулошников тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері мен айтқан ой-пікірлері шежіреші Ә. Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға жақын келеді. Аталған нұсқада Жеті жарғының аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалынған. Бұл өзгерістерде төрелер мен қожаларға ерекше құқық беру арқылы билікті нығайту мақсаты көзделгені айқын байқалады.

Онда жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан. «Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық: «Қара қылды қақ жарған» деп мадақтайды. Ол заманда бас кетсе де әділ сөйлеген.

Бізге белгілі, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «жеті жарғысы» осы хан кеңесінің шешімі арқылы жарыққа шығып, елге таралған. Жәңгір ханның ұлы Тәуке «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жеті түріне күрделі өзгеріс енгізгендіктен, ол өзгерістер «Тәуке ханның Жеті жарғысы» («Жеті жарлығы») аталып кеткен делінеді.

1-жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі талабынан туды).

2-жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі —елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

3-жарғы.Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірішулікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде «ер қанаты — ат» елдің, мемлекеттік соғыс күші ретіне бағаланады).

6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса қыздың қалыңмалын береді. ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7-жарғы. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.

«Жеті жарғыны» қазақ халқы XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келді. Ал кейбір заңдар Қазан төңкерісіне дейін қолданылды. Сонымен бірге «Жеті жарғының» өз кезінде қағазға түсірілмегені де белгілі. Кеңестер дәуірінде «Жеті жарғыға» «феодалдық қатынастардың сарқыншығы» деген сипат тағылып, мүлдем зерттелінбеді. Бізге «Жеті жарғы» орыс ғалымдарының жазбалары негізінде белгілі. Алғаш рет орыс ғалымы Г. Спасский жаппас руының старшыны Күбек Шүкіралиевтің мәліметтері негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820-шы жылы «Сибирский вестник» баспасөзінің бетінде жариялады. «Жеті жарғының» екінші нұсқасы (34 үзінді) А. Левшиннің зерттеулерінде беріледі. Бұл нұсқалар «Жеті жарғы» дүниеге келгеннен кейін 100 жылдан соң халық ауыз әдебиеті негізінде жариялады. Сондықтан, бұл заңдар жинағының толық нұсқасының бізге жетпегені белгілі.

«Жеті жарғы» заңдар жинағы мемлекеттің ішкі жағдайын күшейтуге бағытталды. Осы заң негізінде қазақтың тайпа, ру басыларын жылына бір рет жиналуға міндеттеді. Бұл жиындарда мемлекеттің сыртқы және ішкі жағдайына байланысты мәселелер дауыс беру негізінде шешілді. Жиынға қару асынып келген азаматтардың ғана дауыс беру құқықтары болды. Сонымен бірге қару ұстап келген азамат жылына өз байлығының жиырмадан бір бөлігін салық ретінде мемлекетке беруге міндеттелді. Жиынға қатысушы әр рудың өз таңбасы болды. Бұл таңбалар құрылтайда мемлекеттік рәміз дәрежесінде бекітілді.

Қазақтың негізгі байлығы мал болғаны белгілі. Сондықтан «Жеті жарғы» заңдарына сай әр меншік иесі өз малдарына ен салуға міндеттелді. Сонымен қатар, әр рудың жайылым жер меншігі қатаң белгіленді.

«Жеті жарғыда» қылмысты іс-құқық нормаларына үлкен орын бөлінген. Қылмыс ретіне: кісі өлтіру, мертіктіру, әйелді зорлау, соққыға жығу, қорлау, ұрлық істеу және тағы басқалары жатқан. Кінәлілер жасаған қылмыс деңгейіне сай әртүрлі жазаға кесілген. Бұл жинақта «қанға қан» заңы сақталды. Бірақ билер сотының екі жақ келісуі бойынша жазаны құн төлеумен алмастыруға мүмкіншілігі болған. Құн төлеу төрт жағдайда рәсімденген. Олар: егер әйелі күйеуін өлтірсе және күйеуінің туыстары оны кешірмеген жағдайда, егер әйел некесіз туған баласын өлтірген жағдайда, жұбайлар арасындағы «көзге шөп салушылық» дәлелденген жағдайда және «құдайға тіл тигізгені анықталған жағдайда». Өлім жазасының екі түрі болған: дарға асу және тас лақтыру әрекеттерін қолдану.

Жазалаудың ең көп таралған түрі — құн төлеу болған. Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік жағдайына байланысты құн мөлшері өзгеріп отырған. Мысалы, өлген ер адамның құны 1000 қой болса, әйел адамның құны 500 қой болған. Ал өлген адамның әлеуметтік жағдайы ақсүйек болса құн мөлшері жеті есе өскен, яғни сұлтан немесе қожа тұқымынан өлтірілгендерге жеті адамның құнын төлеген. «Сұлтан» немесе «қожаға» тіл тигізгені үшін 9 мал, қол жұмсағаны үшін 27 мал төленетін болды. Құлдың құны бүркіттің немесе тазы иттің құнымен теңескен. Дене мүшелеріне зақым келтірген қылмыскер де белгілі мөлшерде құн төлеген. Атап айтқанда, бас бармақ — 100 қой, шынашақ 20 қой болған. Ұрлық жасалған кезде ұрланған заттың құны иесіне «үш тоғыз» етіп қайтарылған. Мысалы, ұрланған 100 түйе 300 жылқыға немесе 1000 қойға теңелген. Бұл баптардан біз «Жеті жарғыға» сай қылмыс істеген әр әлеуметтік таптың құқықтары заңдастырылғанын көреміз.

«Жеті жарғы» бойынша өлім жазасы мен құн төлеуден басқа жазалар да қолданылған. Мысалы, әкесіне қол жұмсаған ұл баланы қара сиырға теріс отырғызып масқаралаған. Ата-анасына дауысын көтерген қыз баланың жазасын шешесі шешкен. Күйеуін өлтірген екіқабат әйел елден қуылса, христиан дінін қабылдаған адамның мал-мүлкі тәркіленген. Құдайға тіл тигізгендігі жеті адамның куәлігі арқылы анықталған адам таспен атып өлтірілген.

Әдебиет:


1. Абылай хан. Тарихи жырлар /Құраст. С. Дәуіт. — Алма-Ата, 1993.
2. Абишев Х. А. Передовая русская интеллигенция Западной Сибири об обычно-правовой системе казахов //Проблемы казахского обычного права. — Алма-Ата, 1998. С. 56–65.
3. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. — Алматы, 1984.
4. Андреев И. Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. — Алматы, 1998.
5. Артыкбаев Ж. О. Казахское общество: истоки и история. — Астана, 2002.

# Қазіргі таңдағы жеңіл өнеркәсіптердің жағдайы мен оның мәселелері

Асанова Алия, оқытушы;
Баделхан Айнұр, 3 курс студенті
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Халықтың әлеуметтік әлеуетін көтеруде жеңіл өнеркәсіптің игі ықпалы өлшеусіз. Бұл саланың өнімдеріне деген сұраныс та жоғары — азық-түлік тауарларынан кейінгі екінші орынды иеленеді. Сондықтан, қарапайым жұрттың қамын ойлаған ел экономикалық даму стратегиясында бірінші кезекте жеңіл өнеркәсібі саласын дамытуға айрықша басымдық беруге тиіс [1].

Жеңіл өнеркәсіп — бұл көбінесе халықтың көптеп тұтынатын ягни халықтың белгілі бір киімге, іш және сырт киімдік трикотаж, аяқ киім, тігін және галантерея бұйымдарын өндіретін және де халықтың осы тауарларға деген мұқтаждығын қамтамасыз ететін салалар мен кәсіпорындарды айтуымызға болады.

Жеңіл өнеркәсіптің мақсаты — тұрғындарды әдемі, әр алуан, ең бастысы тиімді — жоғары сапалы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету. Жеңіл өнеркәсіп саласы азық-түлік тауарларын тұтынудан кейінгі екінші орында. Дүние жүзінде жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығаратын елдердің басында Үндістан, Қытай елдері тұр. Бұл елдердің қатарына ену үшін Қазақстан Республикасы қандай шараларды жүзеге асыру керек және де қандай белестерді бағындыру қажет деген, сияқты ой қандай кәсіпорындарда болмасын көкей тесті сұрақ екендегігі мәлім. Сондай-ақ қазіргі таңда жеңіл өнеркәсіп экономикада әлі күнге дейін шешімін таппаған салалардың бірі болып есептелінеді [2].

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің жақсы шикізат базалары бар. Олар: мақта, мата, тері, былғары болып табылады. 1 тонна жуылған жүн алу үшін 2 тонна жуылмаған жүн, ал 1 тонна мақта талшығын алу үшін 3 тоннадан астам мақта шикізаты қажет. Сондықтан бастапқы өңдеу кәсіпорындары шикізат көздеріне жақын орналастырылады. Мақта-мата өнеркәсіптері Оңтүстікте шоғырланған. Барлық мақта тазалау зауыттары (олар 30-дай) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Жүн өнеркәсібі мардымсыз дамыған. Жүнді өңдеу фабрикалары Оңтүстікте, Таразда, Семейде және т. б., ал мата тоқитын фабрикалар Фабричный кентінде (Алматы маңында), Қостанай мен Семейде орналасқан. Тоқыма өнеркәсібінде Алматы ерекше орын алады. Былғары, аяқ киім және тері өңдеу өнеркәсіптері бір-бірімен тығыз байланысты. Тері өңдеу (табиғи былғары алу) шикізат көзіне, су мен электр қуатына жақын орналасады. Еліміздегі тері өңдеу өнеркәсібінің негізгі орталықтары — Өтеген батыр (Алматы облысы), Петропавл, Рудный зауыттары. Қостанайда, Алматыда, Таразда, Ақтауда аяқ киім фабрикалары жұмыс істейді. Жеңіл өнеркәсіптін, «кез келген жерде» орналаса беретін саласы — тігін өнеркәсібі. Ол көбінесе тұтынушыға таяу орналасады. Өнімнің негізгі бөлігін шағын тігін шеберханалары шығарады. Бірақ Шымкентте «Восход» сияқты ірі фабрикалар да бар. Сондай-ақ ҚР-да 98 мыңдай трикотаж бұйымдары өндіріледі бұл сектордың басым көпшілігі шағын және орта кәсіпкерліктің еншісінде. Өткен жылы жеңіл кәсіпкерліктің жалпы өндірістегі көлемі 0,34% ға ғана өскен.

2017жылдың жарты жылдығының қорытындысы бойынша елімізге шет мемлекеттен 144,3 млн. доллардың киімі әкелінген. Бұлардың ең көбі Қытай мен Түркиядан, Ресей мен Қырғызстаннан әкелінген [3].

Бұл жерде айта кетерлігі, ҚР-сы 85% дерлік шетел киімін тұтынады. Әр жаңа оқу жылы сайын Қазақстан құны 37,5 млрд. теңгені құрайтын мектеп формасын сатып алады екен. Бұл формалардың 7% ғана отандық өнім болып табылады. «Бізге импорттың ықпалы зор болып тұр. Отандық өнім сырттан келетін тауарға жұтылып кетіп жатыр», — дейді жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының президенті Любовь Худова. Оның айтуынша, соңғы алты айда Қазақстанға шет мемлекеттен 144 млн. доллардың киімі әкелінген. Бүгінге дейін елімізге 144 млн. доллардың тауары енді. Импорт арқылы 108 млн. доллардың аяқ киімі кіргізілді. Нарығымыздың 80%-ын Түркия, Қытай, Италия, Бангладеш мемлекеттерінің тауары басты. Түркиядан келген тауар 37,2 млн., Қытайдан келген тауар 33 млн., Бангладештен келген тауар 22 млн., ал Италия брэнді 10,8 млн. долларды құрады. Қазақстандағы тігіншілер ішкі қажеттіліктің 8%-ын ғана өтеп отыр. Көрші Қырғызстан жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша бізден озық тұр. Мұнда жеңіл өнеркәсіптің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 30%-ға жуықтаған. Бүгінгі таңда қырғыздар бір жылда шамамен 190 млн. доллардың өнімін өндіреді. Озық технологияға иек артқан Жапония, Корея мемлекеттерінің өзі жеңіл өнеркәсіптен қол үзген емес. Бұл елдерде жеңіл өнеркәсіп саласының өнімі ішкі нарықтың 80%-ын қамтиды. Қазақстанға барлығы сырттан тасымалданады. Елімізде терінің 15% ғана игеріледі, ал жүн мүлде тапшы. Өйткені Ресей мен Қытайдан келген алыпсатарлар жүннің барлығын шетел асырып жатыр. Бұған еліміздегі жүн өңдеу орталықтарының санаулы болуы және жүнге сұраныстың жоқтығы бірден бір себеп болуда. Бізде жүн шикізат ретінде бағаланбайды. Былтыр жеңіл өнеркәсіп саласында тері өңдеу ісі тығырыққа тірелген. Тері өнімін өндіру 13%-ға, ал дайын киім шығару 0,8%-ға қысқарған. Бұған қоса белсенді өндірушілердің 27%-ы тоқырауға ұшыраған.

ҚР-сында бір жылда өндірілетін шикізат көлемі:
— 400—450 мың тонна мақта;
— 15—27 мың тонна жүн;
— 7,5 млн тері.

Яғни, мұнда қарап отырсақ Қазақстандағы шикізат көлемі толықтай ішкі жетіспеушілікті шикізатпен қамтуға жетіп артылады. Бірақ ең өкініштісі осы шикізаттар шикі күйінде шетелге асады екен, өйткені бұл шикізаттарды өңдеп дайын өнім шығаратын фабрика Қазақстанда жоқтың қасы. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, 2016 жылдың 1 маусымында елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында 933 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның басым бөлігі, 58% тігін кәсіпорындары, ал 31% — тоқыма бұйымдарын шығарса, 11% былғары және осыған жататын өнімдерді дайындайды. Жалпы көрсеткіштің 95% шағын бизнесте жұмыс істейді. Кәсіпкерлер жеңіл өнеркәсіп саласында жұмыс істеуге құлықсыз. Себебі мұнда бірден пайда табу мүмкін емес. Мақта өсіру, былғары мен теріні өңдеу, пішіндеу, киім, аяқ киім тігу секілді жұмыстардың сауда немесе қызмет көрсету салаларына қарағанда ұзақ уақыт пен төзімділікті қажет етеді [4].

Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп орындары 39-ы тоқыма өндірісімен, 32-сі киім тігумен, 5-уі тері өңдеумен айналысады. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіппен айналысатын кәсіпорындар жоқ емес жоғарыда атап көрсеткеніміздей жеткілікті дәрежеде бар, бірақта бұл кәсіпорындардың көбісі шетелден келетін тауарлардың тасасында қалып қоюда.

Жеңіл өнеркәсіп саласындағы негігі басты кедергілер бар. Олар айналмалы қаражаттың жетіспеушілігі; кәсіпорындарға белгілі шикізаттың жетіспеушілігі; негізгі қордың тозуы яғни өндірісте қажетті құрал жабдықтардың тозуы, сондай-ақ білікті мамандардың жетіспеушілігі.

Біздің ойымызша, Қазақстанда жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін, әсіресе кәсібін жаңадан бастағандарға бағыт-бағдар беру үшін мейілінше көптеген жеңілдіктер қарастырылуы қажет. Атап айтар болсақ, ең **бірінші** мәселе оқыту дер едік, яғни қазіргі таңда белгілі сұранысқа ие мамандарды даярлау. Қазір жеңіл өнеркәсіпте жұмыс атқаратын адамдардың көбі зейнет жасына таяғандар, бұл дегеніміз бұл мамандарда жастардың үлесі жоқтың қасы дегенді білдіреді. Тоқыма тоқу, сапалы киім тігу, аяқ киім тігу, мата жасап шығару, жүн жуумен айналысу, жеңіл өнеркәсіпке сараптама жүргізу, шикізатты шикі күйінде шетелге экспорттап кейін дайын өнім ретінде елге қайтадан импорттап кіргізудің орнына ешқандайда экспорттамай өз елімізде дайын өнімге айналдыра алатын мамандар тағайындалатын болса жеңіл өнеркәсіптің дамуына өзіндік зор үлесін тигізері анық. Бұл жерде айта кетерлігі мұның барлығы ешқандайда төменгі сатылы мамандық емес екендігін, және де бүгінгі таңда керісінше, ең сұранысқа ие мамандықтардың қатарында екендігін жастарға ұғындыру қажет. Бүгінгі күннің жастары, ертеңгі елдің болашағы екені барлығымызға аян. Жоғары оқу орындарындағы мамандықтар қатарына жоғарыда атап өткен мамандықтарды енгізер болса жаман болмас еді. Өйткені қандай адам болмасын тіпті қандайда бір даму үстіндегі алпауыт мемлекет болмасын даму үшін және де ішкі өнімді дамыту үшін неге осындай тәуекелдікке бармасқа. Қазір Қазақстанда мұндай мамандықтарды тағайындайтын оқу орындары өте аз. Қандайда бір мақсатқа жету үшін ең алдымен оқып үйрену қажет, білімді біржақты етпейінше ешқандай нәрсені төтесінен жүзеге асыра алмайтынымыз барлығымызға белгілі.

**Екінші** мәселе жеңіл өнеркәсіппен айналысатын кәсіпорындарды толығымен ҚҚС, табыс салығынан босату қажет дер едік, себебі Моңғолия мемлекетінің өзінде жеңіл өнеркәсіппен айналысатын кәсіпорындарды салықтан толығымен босатады және де жеңіл өнеркәсіптерді несиелендіруді басты назарда ұстайды. Жаңадан кәсібін бастаған жеңіл өнеркәсіпорындарына 0,8% пен несиелендіру жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Қытай мемлекеті де салықтан түгел босатқан және де олар көбінесе патентпен жұмыс жасайды. Қазақстанда да осы мәселелерді қолға алып жаңадан кәсібін бастаған кәсіпорындарды, тек 5 жылға ғана емес толығымен салықтан босату ұсынылатын болса мұның өзі олар үшін үлкен мүмкіндік болар еді. Өйткені жаңадан кәсібін бастаушы кәсіпорындар тәуекелге бара алмайды, яғни салық төлейтін болса немесе ішкі тұтыну кәсіпорын шығындарын толық өтей алмайтын болса, әрине қандай кәсіпорында болмасын үрей туғызары анық. Бұл орайда көкейімізге ең алдымен Қазақстанда өндірілетін тауарларға неге сұраныс аз? — деген сұрақ туындайды, біздің ойымызша, әрине ол біріншіден бағасы қол жетімсіз, яғни өте қымбат, ал егер қымбат ұстамаса өндіретін өнеркәсіптер өзінің шығынын өтей алмайды. Екіншіден, бұл тауарлардың сапасы, әрине Қытайдан, Қырғызстаннан келетін тауарларға қарағанда отандық өнімнің сапасы әрине жоғары, бірақ халықтан сұраныс аз болып отыр. Сұранысты арттыру үшін басты мәселе бағаға келіп тірелері анық.

**Үшінші** мәселе бұл кеден баж салығын жоғарлату қажет дер едім. Себебі Қазақстанда өндірілетін тауарлардың көбісі осы шетелден келетін тауарлардың көлеңкесінде қалып жатыр. Сондықтанда кеден баж салығын жоғарлататын болса шетелден бет алды тауар келмейді, яғни халық бір қадам болсада отандық өнімге ұмтылатын болады.

**Төртінші** мәселе бұл Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптерді несиелендіруді ынталандыру қажет. Несиенің пайыздық мөлшерлемесін 1,5% ке дейін төмендету қажет, өйткені мемлекетте жеңіл өнеркәсіпті дамытуға субсидия жеткіліксіз. Осы мәселеде қолға алынып оңтайлы шешім қабылданса жеңіл өнеркәсіптің тасы өрге домалары анық.

Қорыта келе айтарымыз, әрбір мемлекеттің дамуы үшін жеңіл өнеркәсіпті дамыту басты назарға алынары сөзсіз. Сол себепті де ҚР-сы алдағы 10 жылдың ішінде отандық өніммен қамтамасыз етуді мақсат етуде. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін біраз тәуекелдікке баруды қажет етеді. Шетелдерде жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы: Қытайда жеңіл өнеркәсіпті салықтан толығымен босатқан жәнеде олар көбіне патентпен жұмыс жасауды басты назарға алған. Осы жуырда Астана қаласында дөңгелек үстелде өткен мәжілісте жеңіл өнеркәсіпті дамыту туралы біраз мәселелер алға қойылған, сол мәжілісте жеңіл өнеркәсіпті

жаңадан бастағандарды 5 жылға салықтан босату туралы ұсыныс түскен екен, бірақ біздің ойымызша 5 жылға ғана емес толығымен босатуды жүзеге асыру керек. Себебі көптеген кәсіпкерлер тәуекелдікке баруға қорқады. Оның бірде бір себебі отандық өнімге сұраныстың мейілінше аздығы. Қазақстанда жасалған тауарларға сұраныстың аздығының басты себебі сапасы мен бағасында.

Шетелден келген сапасыз тауарларға қарағанда едәуір сапасы жақсы, бірақ оның бағасы халықтың көңілінен шықпайды. Егерде бағасын қымбат ұстамаса, онда шығындарды өтей алмасы анық. Егерде мұның бәріне белгілі бір мемлекеттен қолдау көрсетілетін болса, салықтан толығымен босатылатын болса, сондай-ақ мамандарды жетілдіретін болса және де жеңіл өнеркәсіпке сапалы түрде сараптама жасай алатын мамандармен толықтанатын болса, несиелендіруді қолға алатын болса жеңіл өнеркәсіптің дамуына зор нәтижесін көрсетері анық.

Әдебиет:

1. Жылқыбай Жағыпарұлы. Жеңіл өнеркәсіп: ізденістер мен іркілістер. /27.08.2017. www. egemen. kz.
2. www. google. kz.
3. www. kazahnews. kz.
4. ҚР статистика бойынша агенттігінің 2016 ж. статистикалық мәліметтері.

## Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі мәселелері

Асанова Алия, оқытушы;
Оразбай Серік, студент
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Қазақстан — дамушы мемлекет. Кезінде 1991 жылы Егемендік алғаннан кейін жоспарлы экономикалық салықтан, нарық заманындағы салыққа өту кезеңі басталды. Осы әрбір жылдың, әрбір кезеңін біз толықтырып немесе өзгертіп отыруымыз шарт. Біз дамыған 30 елдің қатарына кіргіміз келетін болсақ, олардан көп нәрсені үйренуміз керек. Біздің салық кодексімізбен, дамыған мемлекеттердің салық кодексінің негізгі айырмашылығы: бізде қазірде кәсіпорындармен, бизнесмендерге ауыртпашылық көбірек. Ал жеке адамдардан түсетін салық үлесі өте аз, 10–12% ғана. Ал дамыған мемлекеттерде салықтың негізгі өзгерімі кәсіпорындардың алдын жеке адамдардың табысының үлесі бар, ол 30–40% үлесіне түседі. Мемлекеттік бюджет түсімдерінің ең басты көзі — салықтар. Өнеркәсібі дамыған елдердің бюджетіндегі салықтардың үлесі 90 процент [1].

Біздің ойымызша, ең үлкен проблема жер асты байлықтарымызбен айналасатын компанияларымызға көптеген — көптеген жеңілдіктердің берілуі. Ол үлкен қате, лабостардың ықпалына берілуі, өкінішке орай тау — кен компанияларының ұсыныстары толығымен осы жаңа 2018 жылы салық кодексіне кірейін деп жатыр екен. Сол ірі компанияларға жер асты байлықтарымызбен айналысатын 500 млрд. тг жеңілдік беру көзделген. Бюджетіміздің 70%-ын 500-ақ ірі компаниялар төлеп отыр. Ал жалпы Қазақстанда бизнеспен айналысатын мысалы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, жеке кәсіпкерлер 1200000 заңды тұлғалар бар, солардың ішінде 500-ақ ірі компаниялар бюджетіміздің 70%-ын құрағаны себепті, бұндай ірі компаниялар біздің бюджетімізге өте маңызды. Біздің ойымызша, бұл ақша 500 млрд тг бізге керек, бізге өте маңызды, өйткені бюджет деген ортақ қалтамыз деп айтуға болады. Расымен 500 үлкен кәсіпорындар біздің 90% салықтық түсімдерді құрайды, бюджетіміздің меншігінде 50–60% бар. Бұл біздің даму кезеңіндегі әлі жекешелендірудің толық жетілмегендігінде. Мәселен, Самұрық Қазына 8 жылда 8 трлн теңге салық төлеген, енді Самұрық Қазына және т. б мемлекеттік кәсіпорынның үлесі үлкен, осындай үлкен үлеспен дамыған 30 елдің қатарына бізді қоспайды. Мемлекеттің үлесі 15–20%-дан төмен болмаса, біз орталықтан басқаратын мемлекет секілді, салықты мемлекеттік кәсіпорындардан салықты суырып алып, басқа біреулерге жеңілдік беріп жатқан мемлекетке ұқсаймыз және бұл дұрыс емес.

Жалпы салық кодексі халыққа деген, жеке кәсіпкерге деген бөлімі халыққа түсінікті, жеке кәсіпкерге түсінікті болуы қажет. Әрине бұл оның көлемін кішірейту керек деген мәселе емес, ашық, түсінікті болуы мәселесі. Осы біздің салық кодексін қарағанда қосылған құн салығын білу үшін, басқа да салықтармен байланыстары көп. Соны анық, кішкентай көлемде жазып, халыққа таратып, жеке кәсіпкерлерге таратып беретін кез келді. Соны халыққа арнайы мамандар арқылы жеткізу керек. Қосылған құн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлардың импорты кезіндегі аударымды білдіреді [2]. Жалпы, қосылған құнның салығы жылына 1 трлн. теңгеден астам жиналады. Оның ішінде 500 млрд. теңгесі таратылады. Яғни шағын

бизнестегілер қосылған құн салығын төлеп отырады, ал одан кейін ірі компаниялар бұл салықты қайтарып алады, бұл әділетті емес деп есептейміз. Ежелгі Платонның сөзі бар: «Мемлекетте әділдік болмаса, ондай мемлекет құриды» деген. Салықтық жеңілдіктер бойынша, Президенттің мынадай сөзі бар: «Біз ревизияны жасауымыз керек» деген болатын. Және осындай салық жүйесінің кесірінен, үкіметтің сыртқы қарызы 40 %-ға өсті. Мәселен қазір үкіметтің тікелей қарызы 20 млрд $-ға барды. Бұл дұрыс емес, бюджетке ақша жетіспейді, ақшаны Ұлттық Қордан алады. 3 жылдың ішінде Ұлттық Қорымыз 20 млрд $-ға азайды. Бұл процесс өте қауіпті, ол ертеңгі балаларамыздың ақшасы, ол ертеңгі болашағымыздың ақшасы.

Сонымен қатар, осы тұста айта кететін бір жайт, біздің қолданыстағы салық заңнамасы Ахмет Байтұрсыновтың доктринасына қарсы келетін, Елбасымыздың 2 жарлығына қарсы келетін 1 пункт бар. Мысалы: Біздің заңнама бойынша сыртқа экспорттаушылардың қосылған құн салығын қайтарып беру нормасы бар бізде (возврат в НДС), яғни экспортқа кім тауар шығарды, солардың қосылған құн салығын қайтарып беру процедурасы. Иә, әрине бұл тәжирбе бұрыннан келе жатыр, бірақ бұл жерде айтқымыздың келіп отырғаны, шетелдік дамушы, дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ мұнай, газ, темір т. с. с шикізат шығарған экспортшыларға қосылған құн салығын толығымен қайтарылмайды, тек қана дифференциялық, белгілі бір мөлшерін қайтарып отырады. Ал Қазақстанда толығымен экспортшыларға қайтарып отыр. Неге қайшы келеді десек. Біріншіден, мемлекеттік индустриялды — иновациялық саясат стратегиясына, екіншіден құқықтық даму деген концепциясы, тұжырымдамасы, құқықтық саясаты бар. Соның ішінде 2 салық нормасы бар, 2-еуіндеде бар. Салық заңнамасы шикізаттық емес секторды ынталандыру керек деген пункт бар. Бұдан бөлек, мемлекеттің ұлы саяси өкілі Ахмет Байтұрсынұлы 15 тамыз 1913 жылы «Қазақ» газетінде астын сызып тұрып айтқан доктринасы, «Қазақтар шет елге шикізатты шығарады да, ал сол шикізаттан жасалған дайын өнімді елге тасымалдап, 5—6 есеге қымбат етіп сатып алады» деп қатаң сынға алған. Жоғарыда айтқан нормаға келсек, бізде шикізат болсын, шикізаттық емес болсын бірдей құқықта тұр. Біздің ойымызша, шикізат шығаратын экспортшыларға қосылған құнды толық емес, шамалап қайтару керек.

Салық төлеушілердің жеке топтарына жеке салық төлеуді есептеудің оңайлатылған тәртібі және олар бойынша есептілік беруді қарастыратын арнаулы салық режимі қарастырылған. [3] Жалпы қосылған құн салығы Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінде күрделі, қиында мәселе болып табылады. Жалпы кәсіпкерге таңдау бар, оңайлатылған декларация бойынша болса, оңайлатылған декларация арқылы 3 %-ын төлейсіз, оның өзін 2 шотқа бөліп төлейсіз. Оның өзінің шектеуі бар, жылдық табысы 120 млн аспау керек, егер табысыңыз 68 млн-нан асып кетсе қосылған құн салығын төлейсіз. Ал шетелде мәселен, Жапония мемлекетінде қосылған құн салығы жоқ, сатудан түскен салық (налог с продажа) бар, мұнда сіз сатылған өнімнің 6 %-ын төлейсіз, ешқандай бухгалтер жалдамайсыз.

Бюджет бойынша шағын бизнестегі ауыл шаруашылығындағы салықтар маңызды емес, өйткені 1 %-дан кем. Ауыл шаруашылығын тіпті түгел салықтан босатса да түкте болмайды. Иә, бюджет үшін маңызды емес, статистика үшін төлеуге болады. Бірақ, қаражат жағынан маңызды емес, маңыздысы 400—500 кәсіпорын. Бұларға қандайда бір жеңілдік беруге қарсымыз. Неге десеңіз, цифларды айта кетейік. Құдайға шүкір қазақ күннен күнге өсіп, көбейіп жатыр. Бізде 4 жасқа дейінгі балаларымыздың саны 300600. Оларға балабақша керек, мектеп керек болжам бойынша жылына 20000 мұғалімдерді қабылдау керек, ол түгіл аурухана керек. Біз енді ірі компанияларымызға жеңілдік беретін болсақ, ертең қарызымызда өседі, ұлттық қорымыздан оданда көп алуымызға тура келеді. Сондықтан, осындай жеңілдіктерге қарсымыз. Ал 2018 жылғы жаңа салық кодексінде 500 ірі компанияларға 11 жеңілдік қарастырған, экономисттердің айтуынша ол 500 млрд. тг. Осы жеңілдікті бұл компанияларға бергеннен көрі, ауыл шаруашылығына беру керек деп ойлаймыз. Себебі, халқымыздың 50 %-ы сол ауылда тұрады, бюджетке түсетін салық түсімдер көлемі 38 млрд тг және шағын бизнестегі ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлер тұтас төленетін салық бюджет бойынша 1 %-ақ болса, мүмкін мемлекеттік макроэкономикалық деңгейде маңызды емес толығымен босатса дұрыста шығар.

Салықтан қашуды қалтасы қалың кәсіпкерлер қолданады. Заңды тұлғалар, шаруашылық жүргізуші субьектілері өздерінің жылдың соңында төлейтін корпаративтік табыс салығын төмендету мақсаты үшін шығындарды көбейтіп, қосымша қолдан жасалған кәсіпорындарға ақшаларды аудару арқылы мемлекеттік бюджетке салықтардың түсімін төмендету арқылы түсіріп жатады. Корпорациялық табыс салығы салық салынатын табыс сомасын мөлшерлемеге көбейту жолымен есептеледі. Салық салынатын табыс = жылдық жиынтық табыс — шегерімдер [4].

Жалпы интернет арқылы мыңдаған адам сауда жасайды. Алдағы уақытта салық төлеуге міндеттеледі. Статистикаға сүйенсек жылына 2000 — нан аса адам ғаламтор арқылы керегін сатып алады. Ол Қазақстандық сайттар емес, шетел интернет дүкендерінен. Сол шетелдік дүкендер тапқан табысы үшін Қазақстан Республикасына 1 тиында төлемейді, өйткені Қазақстан аумағында тіркелмеген. Мысалы: бізге бір ғана белгілі сайтты алатын болсақ, ecco. kz сайтында күніне 140000 адам сауда жасайды, былтыр 11 млрд. тг пайда тапқанымен бірде — бір салық төлемеген. Біздің ұсынысымыз бойынша интернет-дүкендерге де салық салуды қолға алу керек.

Жалпы біздерді ең қызықтыратын мәселе, ол жеке табыс салығы дегеніміз бар. Сол 10 % қойылған, бүкіліне кім жұмыс істесін, қандай айлық алмасын, барлығына сол зейнетақы. Енді одан зейнетақыға өткізілген ақша шегеріліп тасталынады да, біздегі жеке табыс салығы кейбір адамдар үшін 9 %, кейбір адамдар үшін 8,5 % ғана болады. Осы мәселе бойынша ғылыми ортада өте үлкен таластар туып жатыр. Себебі, өте төмен айлық алатын адамдар

8–9% төлейдіде, жоғарыда отырған олигархтар өте үлкен жалақы айлық алатындарда 8–9% -бен отыр. Әлемде мұндай тәжиірбе жоқ. Бір ғана мемлекет жасап отыр, ол Қазақстан. Біз бірнеше мемлекетті талдап көрдік, қаншалықты табысы көп, осы салықты тым болмағанда адамдар төлеуге үйрену керек, Біз жеке табыс салығын 15–20%-ға өткізу мәселесін қозғасақ деп едік. Мәселен, айлығыңыз 300000-нан көп болса 15%-ын төлейсіз, 500000-нан асатын көбірек болса 20%-ын төлейсіз. Мысалы кей Еуропа мемлекеттерінде 40% төлейді, ойнап-күліп жүре береді. Ал біздегі олигархтар барлығын қалтаға салу керек па? деген сұрақ туады.

Қарызын, несиесін, салығын төлей алмай жүргендер көп бізде, соларға арнайы сайт, бағдарлама ашуды қолға алу керек, мысалы: Араб мемлекеттерінде әлеуметтік жағдайы төмен кісі дәріханадан қарызға дәрі алатын болса, сол дәріханашы қарызға алған кісінің аты — жөнін, алған дәрілерінің атын, неше дана алғанын және барлық алған дәрісінің соммасын журналға тіркейді. Арада бірнеше уақыт өткен соң, қалталы, бақуатты, бай кісілердің бірі немесе бірнешеуі кіріп сол жазылған comманы өз қалтасынан төлеп ізгі амал жасайды. Бізге оралсақ, біздегі бай кісілер әлеуметтік жағдайы төмен мектеп оқушысын іздеп тауып, бір ғана қара сөмкесін дәптер, қаламсабымен әпередіде, онысымен қоймай мектепте арнай линейка жасап, жұрттың көзінше береді, ол бала онсызда қысылып жүргенде одан сайын достарының алдында ыңғайсыз жағдайда қалады. Бұл дұрыс емес, «оң қолың берген садақаны, сол қолың көрмесін» деген сөз бар. Біздіңше, сол қарызын, несиесін, салығын төлей алмай жүргендерге арнайы сайт ашу, жарайды сайт ашылды делік, ол қалай жұмыс жасайды десек, ол былай төлей алмаған кісі сайт әкімшілігіне өзінің жеке куәлігінің көшірмесін, нені төлей алмай жатқандығын дәлелдейтін құжаттың көшірмесін және сол сайтқа өтініш хат жазып жіберу керек. Ал сайт әкімшілігі сол алынған құжаттарды тексеріп, халыққа қызмет көрсету орталығымен, салық органдарымен, банктермен мәлімет алмасса. Шынымен сондай адам бар ма? Бар олса төлей алмаған қарыз соммасы неше? екенін ресми түрде барлығын анықтап болғасын ғана сайтқа шығарылып, жомарт жандарға жіберіледі, ал олар шамасы жеткенше көмектеседі. Ал егер өтініш берілген адам өзінің төлей алмаған қарыз соммасын дәлелдейтін құжаттарды таба алмаса немесе қолдан жасаса, одан бөлек жіберілген мәліметтер халыққа қызмет көрсету орталығымен, салық органдарымен, банктегі мәліметпен сәйкес келмесе, кері қайтарылады. Себебі біз олай жасамасақ қолдан жасалған құжаттар көбейіп, қаражат діттеген жеріне емес, алаяқтардың әмиянына кетуі бек мүмкін. Ал сайт ешқандай коммерциялық мақсатта құрылмауы тиіс және ол сайтта ешбір жарнама болмауы тиіс. Жалпы сайт құрылған сәтінен бастап немесе болашақта мемлекеттің қолына өтуі керек деп ойлаймыз. Және мемлекет осындай ізгі бастамаға қолдау көрсетсе деген ұсынысымыз бар.

Қорытындыдай келе, айтарымыз ауруын жасырған ауырмай өледі, дейді қазақ. Жалпы телеарналардағы экономикалық мәселелерді зерттейтін бағдарламаларды көбейту керек. Министр мырзалар қоғам қайреткерлерімен, белсенділерімен кішігірім дебатқа шықса. Жоғарыдағы мәселелерді түгел халықпен ақылдасып талқылау керек, сол кезде ғана дұрыс шешім қабылданады деп сенеміз. Халық айтады: «Біз салық төлеп, үкіметті асырап отырмыз» — деп, тағыда айтады «Ұлттық арнада салық есебінен шығып тұр, олай болса біздің сөзімізді сөйлесін». Орынды уәж әрине. Өйткені, халыққа салық жүйесін күнгейі мен теріскейін, оңы мен терісін халыққа түсіндіру керек. Ол үшін әрбір азамат сауатты болу керек. Ол әрбір адамзаттың құқығы, осы құқықты орынды пайдалану керек. Бұл үлкен сын, сын алған сәтте сыр беріп қалмауымыз керек.

Әдебиет:


1. Әубәкіров Я. Ә., Нәрібаев Қ. Н., Есқалиев М., Байжұмаев Е., Экономикалық теория негіздері — Алматы — 1998 — С. 391.
2. Т. Н. Крамаренко, А. М. Қомбарова; Салық және салық — Астана: Фолиант — 2007 — С. 104
3. Бекболсынова А. С. Салық жүйесінің негіздері — Астана: Фолиант — 2007 — С. 31.
4. Б. Нұржанова, Т. Крамаренко. Салық органдарының бақылау қызметі — Астана: Фолиант — 2011 — С. 96.


# Aspects of the study of logical thinking through developing games

Baikenzhe Nurgul Karzhaubaikyzy, seniorlecturer
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan)

The article is devoted to the psychological foundations of the problem of the mental development of children, beginning with preschool age. It is emphasized that the need for its solution is realized both at the theoretical level and in the practical sphere, since it is at the preschool age that the foundation of concepts and concepts of children that ensures the successful development of the child is laid. Many psychological studies have been analyzed. It is established that the rate

of mental development of preschool children is very high in comparison with later periods. The effectiveness of the application of the methodology for the formation of logical mathematical thinking through didactic games has been proved experimentally.

Thinking, as the highest form of human cognitive activity, allows us to reflect the surrounding reality in a generalized, indirect way and establish connections in the relations between objects and phenomena [1]. Generality is facilitated by the fact that thinking has a symbolic character, is expressed in word. Thanks to mediation, it is possible to know what is directly in perception is not given. Thinking also makes it possible to establish connections and relationships between objects, while sensations and perceptions reflect predominantly individual aspects of phenomena. The material basis of thinking is speech. The thought rests on the folded inner speech.

The problem of thinking arose as a subject of psychology in the early 20-ies of our century in the Würzburg Psychological School. The pre-eminent associative psychology did not set itself the problem of analyzing thinking activity. Thinking was reduced to «cohesion» of associations. For reality, only sensations and their copies were accepted.

The proposition that mental activity is formed from the external, the most consistently developed AN. Leontiev and P. Ya. Halperin. In the works of P. Ya. Halperin points out that every process of assimilation begins with a concrete action with objects. Due to this, activity is abstracted from specific objective conditions and acquires a more generalized character. Occurs, according to the author, a specific reduction in the process, its automation and transition to a dynamic stereotype.

A. N. Leont'ev sees in this moment the formation of a mechanism of the corresponding mental function, indicating further that many links in the process become redundant, do not receive reinforcement, are decelerated and drop out. Along with this reduction of the process, the corresponding reflex connections of the «reduced system» are fixed [2]. A. V. Zaporozhets holds this point of view on the basis of an experimental study of the formation of voluntary movements in the child.

Developed in the domestic psychology of the proposition that theoretical activity develops from the outside, that the psychic properties, both general and special, are the product of ontogenetic development, are based on the teachings of I. M. Sechenov and I. P. Pavlov on the reflex nature of the psyche. In the Elements of Thought, Sechenov says that the idea begins with the formation of ideas about the object and immediately turns into an «extrasensory region»: «The transition of thought from the experimental field to the extra-sensory is accomplished through continued analysis, continued synthesis and continued generalization. In this sense, it constitutes a natural extension of the previous phase of development, which is not different in its methods and, consequently, in the processes of thinking “ [3].

The point of view of Soviet psychology on thinking as an activity that has grown from a practical one that has arisen in the process of an individual's life finds its justification in the teachings of I. P. Pavlov, according to which the basis of thinking is conditioned reflex activity, formed in individual experience. Thus, putting forward a position on the reflex nature of thinking, Soviet psychologists deny the positions of idealistic empirical psychology, which approaches thinking as an innate ability, as a function that only increases quantitatively during the maturation of the brain.

Psychological research of thinking, its formation and development consist, as S. L. Rubinshtein, in the disclosure of its laws as an analytic-synthetic activity.

The discovery of the reflex base of all, even elementary mental acts, revealed their procedural structure. Even the most elementary mental processes of a person, such as sensation and perception, are processes in the sense that they flow in time, have some volatile dynamics. In every act of thinking of man it is expressed to the maximum extent.

Thinking activity is not only in the ability to know the surrounding phenomena, but also in the ability to act adequately set goals. The thinking process is an active, purposeful process aimed at resolving a particular task by personally motivated ones. Summarizing all that was said above about the views of Soviet psychologists on the problem of thinking, it should be emphasized that thinking is an activity based on a system of concepts aimed at solving problems that are subordinate to a goal that takes into account the conditions under which the task is being carried out.

The psychological analysis of thinking consisted in elucidating the laws of association, according to which complex ideas or images are created from elementary ones. One of the founders of associative psychology, A. Ben, assigns to associations of similarity a basic role in thinking. Although Wundt's introduction into the psychology of the experimental method was certainly a progressive factor in the history of psychological science, however, psychological studies conducted by him and his followers were conducted on the basis of associative psychology. G. Ebbingauz, G. Müller, T. Tsipen — the largest representatives of experimental psychology of that time — believed that the universal law are the laws of association. So, concepts of judgment, inferences are characterized as associations of representations. Other representatives of experimental associative psychology believe that thinking reduces to the actualization of associations [4].

Different aspects of the ontogenesis of children's thinking have been studied by prominent foreign psychologists. The psychological foundations of the pedagogical game were created thanks to the research of L. S. Vygotsky, A. N. Leontief, D. B. Elkonin, who discovered the socio-historical conditions of not only the content, but also the structure of game activity, and also subjected to a deep study the mechanism of its influence on the development of various psychological processes and properties of the child personality.

References

1. Vygotsky, L. S. Problems of general psychology. — Moscow: Enlightenment, 1982. — 764 p.
2. Galperin P. Ya. Methods of teaching and mental development of the child. — Moscow: Izd-vo MGU, — 302 p.
3. Mukhina V. S. Age-related psychology. Phenomenology of the development of childhood, adolescence: a textbook for university students 6 th ed. — Moscow: Ros. psychol. Society, 2000. — 482 p.
4. Davydov V. V. Problems of developmental learning: The experience of theoretical and experimental psychological research. — Moscow: Education, 2004. — 283 p.

# Инвестициялардың құрылымын және оның әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін болжамдау

Баймуратов Сатжан Жандилдаевич, магистр оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Инвестициялардың және басқа да экономикалық көрсеткіштердің өзгеру индекстерін салыстырудың басты мақсаты — күрделі жұмсалымдарды бөлуде, оларды пайдалану тиімділігі деңгейінде қалыптасқан аймақтың экономикасының жалпы даму үрдістерін анықтау.

Нақты мәліметтер жеткілікті болған жағдайда белгілі бір уақыт кезеңіндегі инвестициялардың жағдайын сипаттайтын алдыңғы экономикалық көрсеткіштерді әдістемелік тұрғыдан есептеу қиыншылық туғызбайды. Олардың деңгейін табу, салыстырмалы операциялар жүргізу, көрсеткіштердің өзгеруіне әкелетін факторларды сандық тұрғыдан анықтау — экономикалық талдаудың міндетті шарты болып табылады. Соңғы көрсеткіштердің сипаттамасы жоспарлауда, инвестициялардың жағдайының негізгі өлшеуіштерінің болжамдық бағаларын құруда қолданылуы мүмкін.

Саладағы орын алып отырған экономикалық процестерді үлгілеу ерекше теориялық қызығушылық пен тәжірибелік маңызға ие. Болып жатқан өзгерістерді нақты сипаттауға қабілетті үлгілер құру күрделі процес болып табылады. Себебі ол әртүрлі мақсаттар үшін тәжірибеде пайдаланатын көптеген талдау процестеріне тәуелді.

Үлгілеу экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштер мен оларға әсер ететін байланыстар арасындағы біржақты және көпжақты да себептік байланыстарды бейнелейді. Бұл байланыстар тікелей, жанама және кері, оң және теріс болуы мүмкін. Үлгілеуде, әсіресе эконометриялық үлгілеуде байланыстар статистикалық берілгендерді математикалық жолмен өңдеу арқылы алынады. Байланыстардың сипаты мен түрі эмпирикалық (тәжірибелік) және құрылымдық экономикалық теория негізінде алынады. Үлгілеу экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін факторлар, олардың үздіксіз сондай ақ жоғары қарқынды өзгеруін ескертуге мүмкіндік береді. Ол берілген мақсаттарға жету үшін шаралар жасаумен байланысты белсенді және белсенді емес болжауға жарамды болады.

Үлгілеу айнымалылардың себептік түсіндірілуін әр түрлі дәрежесін және сәйкесінше нүктелік, стохастикалық, интервалдық бағасын бере алады. Үлгілеу енді басталып келе жатқан қалыптасып қоймаған процестерді болжауға мүмкіндік береді. Ол қысқа және орта сондай ақ ұзақ мерзімді болжауға да қолданылады.

Үлгілеу экономикалық құбылыстарды терең түсінуді, болжауды топпен жасауды, күрделі және кешенді күрделі және кешенді математикалық аппаратты қолдануды, көптеген құралдар мен техникаларды қолдануды талап етеді.

Үлгілеу әдісінің тағы бір артықшылығы онда математикалық аппарат кеңінен қолданылады. Экономикада математиканы қолдану — біріншіден, ең маңызды экономикалық айнымалылар мен объектілердің байланыстарын тауып ресімдеуге мүмкіндік береді, ал ол өз жағынан күрделі объектілерді зерттеуді жеңілдетеді.

Екіншіден, нақты құрастырылған алғашқы берілгендерден дедукция әдісімен зерттелетін объектіге адекватты қорытындылар алуға болады.

Үшіншіден, математика және статистика әдістері индуктивті жолмен объект туралы жаңа мәліметтерді алуға, атап айтқанда айнымалыларды алынған мәліметтерге айтарлықтай сәйкес келетін формалар мен параметрлерді бағалауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, статистика және математика әдістерін қолдану — анықталған мерзімге экономикалық категорияларды болжау жасайтын үлгілерді алуға болады. Әдетте қандай да болсын үлгі абстракты және толық емес болады. Қарастырылып отырған объектінің өзгеру заңдылығы түсіндіретін негізгі факторлар ерекшеленеді. Аз әсер ететін бірақ жиынтығында жай ғана ауытқулар емес сондай ақ объект өзгерісін тудыратын ұсақ факторлардан абстракцияланады.

Экономикалық үлгілерде нақты ескерілмеген факторлар қарастырылып отырған аспектіде объектіге аз әсер етеді деп алынады. Үлгідегі айнымалылардың барлық байланыстары сандық түрде анықталады, ол сенімді және сапалы болжам алуға мүмкіндік береді. Кез келген экономикалық субъект үшіні белгілі жағдайды болжау ең алдымен

тиімсіздіктерді болдырмау немесе ең жақсы нәтижелерді алуды білдіреді.

Инвестициялау процесінің басымды көрсеткіштері арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды айқындауды мақсат тұтатын экономикалық-математикалық үлгілерді құруға ұмтылыстар нақты көрсеткіштердің жобаланған тапсырмалардан ауытқуымен байланысты қиыншылықтарға жиі тап болады.

Сондықтан да, қалыптасқан жағдайда экономикалық-математикалық үлгі келесі талаптарға жауап беретін мәліметтер топтамасына негізделуі шарт: біріншіден, зерттеу обьектісінің нақты мәліметтер динамикасын көрсететін болуы керек; ал екіншіден, инвечтициялардың тиімділігін арттыруға бағытталған кейбір шараларды жүзеге асыру барысында түзетуге болатын жұмысты тиімсіз ұйымдастыру нәтижесінде орын алатын нақты жоғалтулар мөлшерін көрсетуі тиіс.

Ұсынылған шешім үлгінің жекелеген құраушы элементтерін түзету жолымен жекелеген экономикалық көрсеткіштердің болжамды маңыздылығын құруды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, нақты берілген шарттарды орындауда қол жеткізу мүмкіндігін аталмыш кезеңде негіздеуге арқау бола алады.

Болжамдаудың экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да бағыттары алынған нәтижелердің туралығымен және пайдалану көлемімен анықталатын күрделілік дәрежесі сипаттамасына, пайдалану тәсілдеріне негізделеді.

Отандық және шетелдік зерттеулердегі болжамдар құру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, болжамдаудың дербес ғылыми пән ретінде дамуы кезеңінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған зерттеу обьектілерінің қажетті мөлшерлемелерін әртүрлі дәлдікпен анықтауға мүмкіндік беретін 150-ден астам тәсілдер мен әдістер жасалынған. Кейбір авторлар тәсілдерді формализациялық деңгейі бойынша интуитивті және формализацияланған деп бөлуді ұсынады. Интуитивті болжамдауды болжамдау обьектісі өте қарапайым кезде немесе көптеген факторлардың әсерін іс жүзінде талдап, есепке алу мүмкін емес күрделі болғанда кезде пайдаланған дұрыс. Болжамдаудың интуитивті тәсілдері қатарына жекелеген немесе ұжымдық сараптамалық бағаларды жатқызуға болады.

Формализацияланған тәсілдер сыныбы жалпы қызмет атқару қағидаларына байланысты экстраполяциялық, жүйелік-құрылымдық, ассоциативті топтар мен алдын ала қол жеткізетін мәліметтер тәсілдерінен тұрады.

Болжамдау тәсілдерін жіктеуге қатысты басқа да көзқарастар жетерлік. Олардың негізінде болжам құру уақыты кезеңіне, математикалық аппараттың мазмұнына, жүргізу тәсілдеріне қатысты бір-бірінен оқшауланатын көптеген топтарды бөлу жатыр. Нақты жағдайларда пайдалану үшін ең оңтайлы болжамдау тәсілдерін таңдауда сараптамалық бағалау тәсілдерінде, нормативті тәсілдерде, экстраполяция және математикалық үлгілеу тәсілдерінде кездесетін мүмкіндіктердің барлығын талдау қажет.

Сараптамалық бағалау тәсілдеріне анкеталау, сұрақ-жауап, интервью, комиссия, талдаулық сараптамалық бағалармен қатар, обьектінің даму келешегі жайлы мамандардың жекелеген пікірлеріне негізделген басқа да тәсілдер жатады. Аталған тәсілдерді ұзақ мерзімге қарастырылған әртүрлі экономикалық, ғылыми-техникалық және обьектінің дамуы мен басқа да мәселелердің шешімі математикалық формализациялауға жатпайтын жағдайларда колданған жөн. Демек, жүйеден әрбір талданған көрсеткіштің сандық көрсеткішін міндетті түрде алу арқылы нақты шаруашылық міндеттерді шешу үшін сараптамалық бағаларды пайдалану барлық уақытта мүмкін бола бермейді. Бұл жағдай олардың аталған мақсаттарда қолданылуының мүмкін еместігінің айғағы.

Нормативті болжамдау тәсілі болжамдалатын обьектінің жекелеген сипаттамалары алдын ала құрылған нормативтер түрінде берілген жағдайларда пайдаланылады. Басқаша айтқанда, нормативті болжау ұстанған мақсаттарға оңтайлы қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзара байланысты элементтер жиынтығын анықтау қажеттілігімен байланысты. Мақсаттарға қол жеткізудің құралы ретінде графтар теориясы қарастырылады. Олар графтар немесе мақсаттар ағаштары деп аталатын иерархиялық деңгейлерді құруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда мақсаттар ағаштары шартты түрде келесідей кезекпен құрылады: зерттелетін жүйелер бойынша мақсаттар, идеялар, тұжырымдамалар тағайындалып, олардың жекелеген компоненттері мен функционалды тармақтарынан бүтін жүйе көлеміне дейін дамуының техникалық мүмкіндіктері мен талаптары анықталады; мақсат ағашының әрбір деңгейінде элементтерді бағалауға қажетті критерийлер қалыптасады; мақсат ағашының барлық деңгейінде әрбір элементтің салмақтық коэффициенттері анықталады.

Мақсат ағашын құруға қажетті шарттар ретінде ғылыми-техникалық дамудың болжамының болуын, қойылған міндеттерді шешуге қажетті сценарийлердің жасалынғандығын және элементтердің сандық бағаларын анықтауға қажетті келісілген критерийлердің болуын қарастыруға болады.

Перспективті болжамдау тәсілінің қолдану аясы кең. Оның көмегімен ғылыми-техникалық жетістіктерді ендірумен, жаңа аумақтарда өндіргіш күштерді дамытудың экономикалық тұстарын негіздеумен байланысты және экономиканың салаларының дамуымен, басқару жүйесін құрумен байланысты көптеген мәселелерді шешуге болады.

Экстраполяция тәсілінің негізін болашақтағы жағдайын болжамдау үшін обьектінің өткен шақтардағы нақтыланған даму тенденцияларын пайдалану құрайды. Олардың қатарына корреляциялық және регрессивті үлгілер мен доғалдаушы қисықтар экстраполяциясы жатады. Экстраполяция болжамдаудың бір құралы ретінде қазіргі кезде кеңінен таралған және әртүрлі экономикалық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында көптеген ғылыми-зерттеу ізденістерінде зор табыспен пайдаланылады. Экстраполяция жолымен қажетті параметрлерді нақты және дәлдікпен анықтау үшін оқиғалар жайлы

мәлімет толық болуы шарт. Жалпы болжамдау мәселелерінде осы кезең барлық зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде ерекше таңба қалдырады. Осыған байланысты мүмкіндігі бар ғылыми-техникалық жылжулар жайлы мәліметтер толық болуы шарт және келесідей сұрақтарды қамтуы тиіс: өндіріске ендірілген, ендіріле бастаған және ендіруге даярланып жатқан өзгерістер мен т. с. с.

Экстраполяция негізіндегі болжамдау болжам кезеңінің базалық кезеңнен асып кетпеуін талап етеді. Атап өтер жайт, болжамдау кезеңі неғұрлым қысқа болса, күтілетін нәтижелер солғұрлым дәл болады. Демек, 5–10 жыл мерзімге болжамдауда бұл тәсілді негізгі тәсіл ретінде қабылдауға болады.

Экстраполяция жолымен экономикалық көрсеткіштерді болжамдау өткен кезеңнің тенденцияларын болашаққа ауыстыра салумен ғана шектелмеуі қажет. Бұл процесс барысында сала мен кәсіпорын экономикасына тән өсудегі немесе өшудегі қозғалыстарды есепке алған жөн. Бұған техникалық прогресс барысындағы анықталған сараптамалық түзетулерді есепке алу, талдау, корреляция тәсілдері мен басқа да математикалық статистика әдістері арқылы қол жеткізуге болады.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, болжамдаудың аталмыш шешімiндерін қолданғанда нәтижелердің шыншылдығы, ең алдымен, зерттеушінің қолында бар мәліметтердің толықтығымен, оның шынайылығымен, тенденцияларды анықтаумен байланысты талдау жұмыстарының сапасымен, таңдалған базалық кезеңнің экономикалық негізделуімен байланысты деп тұжырым жасауға болады.

Доғалы қисық тәсілін пайдалануға негізделген зерттеулер келесі кезеңдерден тұрады:

— зерттеу обьектісі мен оның талданатын параметрлерін таңдау;

— қарастырылатын параметрлердің дамуының уақыт кезеңін анықтау;

— параметрлерді зерттеуді сипаттайтын қолда бар материалдар негізінде дамудың әртүрлі деңгейлері үшін нүктелік тәуелділіктер құру;

— нүктелердің толық жүйесін, графикалық суреттемелерін құру, параметрлерді болжамдау, матрица құру, обьектінің барлық сипаттамалары бойынша толық болжамға қол жеткізу.

Қарастырылған қадам зерттеу обьектісінің параметрлері мен техникалық-экономикалық көрсеткіштерді болжамдауға мүмкіндік береді. Атап айтар болсақ, еңбек өнімділігі, өнім өндіру көлемінің өсуі, жанар-жағармай тұтыну құрылымы, жағармайдың кейбір түрлерін басқа тиімді түрлерімен алмастыру мүмкіндігі және т. б. Дегенмен, бұл тәсіл негізінен обьектінің техникалық сипаттамаларымен байланысты болжамдау сұрақтарын зерттеуде кеңінен таралған.

Әдебиет:


1. Жуков Е. В. Инвестиционные институты. –М.; Банки и биржи, ЮНИТИ, 1998. –199 с.
2. Санников А. Г. Совместное предпринимательство: Инвестирование капитала и технологий/ А. Г. Санников; Под ред. Конова Ю. П.. — М.: ВНИИПИ, 1994. — 227 с
3. Абросимова И. Система действий по управлению инвестициями в регионе: на примере Ярославской области // Проблемы теории и практики управления. — М., 2004. — № 2. — С. 72–73.
4. Непомнящий Е. Г. Инвестиционное проектирование: учебное пособие/ Е. Г. Непомнящий. — Таганрог: Изд-во ТРТУ, 2003. — 262 с
5. Қажмухаметова А. А. Теоретические аспекты анализа инвестиционных проектов // Банки Казахстана. — 2004. — №7. — С. 33–36.
6. Андреев С. А. Экономическое содержание инвестиционного процесса в рыночной экономике. — СПб.; Издательство СПб госуниверситета экономики и финансов. 2000.
7. Агайдаров А. Системы эффективного управления рисками инвестиционных проектов // Рынок ценных бумаг Казахстана. — 2005. — № 9. — С. 11–13.


# Қазақстанда жаңа құрылымдық аймақтық экономикалық саясатын қалыптастыруды дамыту бағыттары


Дандаева Ботагоз Маратқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Қалымбетова Айгүл Рахманқызы, аға оқытушы ХҚТУ доценті
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)


Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізу арқылы жоғары сапалы білім беру, ақпараттық және көлік қызметтерін ұсыну, бәсекелестікті арттыру, шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдай жасау есебінен адами капиталды дамытуды және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру үшін елдің ұзақ мерзімді дамуының мынадай басты көрсеткіштері айқындалып отыр. Мұнда 2050 жылға қарай әлемдік экономика қалыпты өскен жағдайда Қазақстанда жан басына шаққанда ІЖӨ 12 мыңнан 60 мың АҚШ долларына дейін өседі. Бұл үшін 4,3% деңгейінде орташа жылдық өсу қарқынына қол жеткізу қажет [1].

Экономикадағы құрылымдық өзгерістер ІЖӨ құрылымындағы мұнай емес экспорттың үлесін 32%-дан 70%-ға дейін ұлғайту үшін жағдай жасайды, бұл экономиканың шикізат тауарлары бағасының құбылуына тәуелділігін төмендетуге және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елдің экономикалық дамуында шағын және орта бизнес басты рөл атқаратын болады. Инфрақұрылымды жаңғырту және адами капиталға инвестицияларды ұлғайту, бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау ІЖӨ құрылымындағы ШОБ үлесін 50%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Әл-ауқаттың артуымен, саламатты өмір сүру салтын нығайтумен және медицинаны дамытумен халықтың болжалды өмір сүру ұзақтығы 2050 жылға қарай 84 жасқа дейін ұлғаяды.

2016 жылы Қазақстан ДСҰ секілді әлемдік алпауыт ұйымның жаңа мүшесі ретінде жаңа құқықтық-саудалық режимге көшеді. Жаһандық дағдарыстың жаңа жағдайларында экономикалық өсімді құлдыратпау үшін атқарушы биліктен бұрынғыдан да белсенділік талап етілетіні де анық.

Еліміздің дамуы үшін Мемлекет басшысы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаһандық дағдарыстың жаңа жағдайларында Қазақстан дамуының стратегиялық бағыттарын айқындап берген болатын. Елдің дамуына кедергілерді жойып, жаңа мүмкіндіктерді іздестіру жөнінде де нақты міндеттер қойылды. Соның аясында Қазақстан 2016 жылдан бастап нақты іске асатын реформалардың заңдық негізін қалады. 2016 жылдан бастап ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу перспективаға арналған іс-қимыл жоспарының өзегі ретінде «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспары нақты көрініс ала бастады [2].

Doing Business Дүниежүзілік банкінің Индексінде Қазақстанның рейтингін одан әрі жақсарту үшін кәсіпкерлікке барынша қолайлы жағдай жасау үшін заңнамалық өзгерістердің екінші пакеті дайындалды. Экономиканы қаржыландыру үшін МЖҚ тетіктерін қолдану кеңейтілетін болады. Сондай-ақ, мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жаңғырту үшін ЭЫДҰ мемлекеттік басқару саласындағы озық стандарттарын енгізу жоспарланған болатын [3].

Бүгіндегі жағдай ол әрбір аймақтың экономикалық-әлеуметтік мәселелерді шеше отырып, біркелкі экономикалық мәселелерді шешу, осы сфералардың қандай да бірінің жағдайының төмендеуі мен шиеленісуі, келесінің құлдырауына алып келеді. Аймақтың экономикалық жүйесі толығымен қызмет етуі, облыста экономикалық, әлеуметтік және экологиялық сфералардың жиынтығы арқылы халықты өмірде материалдық және материалдық емес өнімдермен қамтамасыз етуі қалыптастырады [4].

Әлеуметтік экономикалық жағдайды талдау өндіріс қуатының жағдайы, экономика дамуының ішкі және сыртқы тенденциялары, мемлекеттік реттеушілер жүйесі жұмысының нәтижелігі мен әрекеттілігін, өндіргіш күштердің сапалылығы мен оның дамуы сонымен бірге осыларға әсер етуші процесттерді айқындап оның әлемдік экономиканың дамуымен салыстыра көрсету қажет. Әлеуметтік экономикалық дамудың тұжырымдамасы әлеуметтік — экономикалық саясаттың стратегиялық мақсаты мен міндеттерін, басым бағыттырын, сондай-ақ оларға жету жолындағы ұлттық бағдарламалар тізбесін анықтайды [5].

Макроэкономиканың негізгі көрсеткіштері арқылы экономикалық өсудің қарқыны, қоғамдық өндірістің құрлымы, халық шаруашылығының негізгі тепе теңдіктері, мемлекеттің, кәсіпорынның және халықтық қаржылығы бағаланып, болжанады.

Ұлттық бағдарламалар әлеуметтік — экономикалық стратегияны және оның дамуын жүзеге асыруды мемлекеттік реттеуді ұлттық мақсат пен міндеттерге сәйкес жүргізуге көмектеседі. Директивті және индикативті әдістің қосындысы ретінде ұлттық бағдарламалар кешенді шаралар жүргізетін жоспарлы құжат болып табылады. Онда ресурстар, орындаушылар және орындалу мерзімі, түрлі салалар мен қожалық етуші субъектілер меншіктің түріне қарай бір біріне сәйкестендіріліп байланыста қарастырылады. Ұлттық бағдарламалар әлеуметтік- экономикалық, ғылыми — техникалық, экологиялық және басқа да көкейтесті проблемаларды шешу арқылы тиімділігі жоғары ұлттық экономиканы қалыптастыруға бағытталады. Олар алға қойған мақсатқа толық жетуге қажетті мерзімді қамтиды [6].

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша экономиканың өсуін ынталандыру үшін 2014–2015 жылдарға арнап Ұлттық қордан 1 трлн. теңге бөлу негізгі қаржыландыру көздерінің біріне айналды. 2014 жылы 500 млрд. теңге бөлінді, оның 100 млрд. теңге сомасы шағын және орта бизнесті қолдау мен кредиттеуге, 250 млрд. теңге — банк секторын сауықтыруға, 150 млрд. теңге — Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға бағытталған болатын. Жұмыспен қамтудың 2020 жылға дейінгі жол картасы жұмыспен қамтудың өсуін ынталандыру мен қолдаудың маңызды құралы болып табылады, оны қаржыландыру 2016 жылға 97,7 млрд. теңге көлемінде бөлінді [7].

Бүгінде экономиканың қосымша өсу көзі көлеңкелі экономиканың көлемін төмендету болып табылады. Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес жөніндегі көкейкестілендірілген жоспар көлеңкелі экономиканың үлесі неғұрлым жоғары экономика салаларында оны азайтуға назар аудара отырып іске асырыла бастайды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 1 маусымына

дейін қаржы капиталын заңдастыру бойынша заңнама әзірленетін болады. Ағымдағы жылғы қыркүйекке дейін «қазіргі заманғы сауда нысаны» ұғымы анықтамасының нақты критерийлерін айқындайтын, 2018 жылдан бастап осы критерийлерге сәйкес келмейтін сауда объектілерін пайдалануға тыйым салуды енгізе отырып, заң жобасы әзірленетін болады. Сондықтан, Қазақстан аймақтарында белгіленген мерзімде мынадай міндеттерді шешу керек: денсаулық сақтауды дамыту, халықтың білім деңгейі мен кәсіби біліктілігін арттыру, минералды ресурстарды өндіруге инвестиция тарту, ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігі мен оның тиімділігін арттыруға жағдай жасау, ауылдың өндіріс және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту деңгейін жақсарту, кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту.

Сондықтан, Үкімет пен Ұлттық банк 2016–2018 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарын бекіткен болатын. Президент құптаған Дағдарысқа қарсы басты бағдарлама маңызды үш бағыттан тұрады, олар: Біріншіден — экономикалық өсім. Екіншіден — экономиканың, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін реформалар. Үшіншіден — қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту жолымен дамыту. Тұтастай алғанда ел экономикасын одан әрі дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруда Үкімет пен Ұлттық Банктің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша 2016–2018 жылдарға арналған Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары маңызды және шешуші қадам болып табылады. Дағдарысқа қарсы жоспар қаржы секторын тұрақтандыру, бюджет саясатын оңтайландыру, жекешелендіру және экономикалық бәсекені ынталандыру, инвестициялық және әлеуметтік саясат жөніндегі шараларды, сондай-ақ, 100 нақты қадам — Ұлт жоспары шеңберінде реформаларды тереңдету жөніндегі шараларды қамтып отыр [8].

Осыған байланысты Үкіметтің 2016 жылы экономиканы дамыту саясатының жүргізген бағыттарына жеке тоқталып өтетін болсам, біріншіден, қаржы секторын тұрақтандыру болатын. Мұнда Ұлттық Банк пен Үкіметтің орта мерзімді перспективадағы негізгі мақсаты инфляцияны 2016–2017 жылдары 6–8 пайызға дейін, 2018 жылы 5–7 пайызға дейін, 2019 жылы 4–6 пайызға дейін және 2020 жылы 3–4 пайызға дейін төмендету көзделген. Осыған байланысты, 2016 жылғы сәуірде базалық пайыздық мөлшерлемені икемді өзгерту тетігі енгізілді. Бұл баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және инфляция деңгейін төмендетуге бағытталады. «Мұндай қадам ақша-кредит саясаты операцияларының тиімділігін арттыруға және оның ақша нарығының мөлшерлемелеріне ықпалын күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Үкімет жұмыс істемейтін кредиттер тұрғысынан банк секторының барлық субъектілеріне жүргізілген күйзеліс-тестілеудің нәтижелері бойынша қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін 2016 жылғы қыркүйекке дейін оларды мойындау және есептен шығару жөніндегі шаралар қабылданды.

Екіншіден, бюджет саясатын оңтайландыру. Мұнда мемлекеттік шығыстарды қатаң үнемдеу, олардың тиімділігін арттыру және Ұлттық қордың қаражатын ұтымды пайдалану бюджет саясатының негізгі мақсаттарына айналады. Осыған байланысты, 2016 жылғы сәуірге дейін Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасының және Бюджет кодексінің жобалары жаңа редакцияда әзірленді. Сонымен қатар, 2016 жылғы наурызға дейін Бюджет кодексіне қолма-қол ақша тапшылығын жабу үшін жергілікті атқарушы органдардың үш жылға дейінгі мерзімге Үкіметтен қарыз алуын көздейтін толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, Үкімет бюджеттен күрделі шығындарды қаржыландырудың сервистік моделін қолдану мүмкіндігі үшін 2016 жылғы наурызға дейін үлгілік сервистік келісімшартты әзірледі. Ал салық жүйесін түбегейлі реформалау мақсатында қосылған құн салығының орнына сатудан түсетін салықты енгізуді, салық режимдерін үш деңгейге дейін оңтайландыруды, тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жоюды, сондай-ақ салық саласының ашықтығы мен салықтық әкімшілендіру тиімділігін арттыруды көздейтін біріктірілген Салық және Кеден кодексінің жобасы 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін Парламентке енгізілді.

Үшіншіден, жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру. Үкімет 2015 жылы 22 желтоқсанда Yellow Pages Rules қағидаттарына сәйкес акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізбесін бекіткен болатын. 2016–2017 жылдары табиғи монополиялардың базалық субъектілері шекті (ұзақ мерзімді) тарифтер бойынша жұмысқа көшірілді.

Демек, бүгінгідей әлемдік күрделі ахуал қалыптасқан заманда ішкі өсімді тұрақты ұстаумен қатар сыртқы факторларға да лайықты төтеп беру маңыздырақ. Жаңа экономикалық бағыттағы шаралар еліміздің көптеген аймақтарында экономикалық құрылымдық өзгерістеріне серпіліс беріп, экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Сондықтан, Үкімет бекіткен жоспармен қоса «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы, «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру ең алдымен экономиканы одан әрі дамытуға және халқымызды әлеуметтік жағынан қолдауды сақтап қалуға бағытталып отыр.

Әдебиет:


1. Дағдарыс тұсында да жағдайымыз қанағаттанарлық. Kazinform. kz АСТАНА. ҚазАқпарат
2. Елбасы тапсырмаларының түпкі мақсаты — қарапайым адамның әл-ауқаты мен тұрмысының тұрақтылығы. Kazinform. 21 мамыр 2015, Қанат Мәметқазыұлы kz АСТАНА. ҚазАқпарат

3. Қазақстанның бәсекеқабілеттілік деңгейін талдау. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Астана, 2012ж.
4. Реформирование экономики Казахстана: проблемы и их решение /Под ред. М. Б. Кенжегузина. Алматы-2002.
5. Казахстанская модель рыночных преобразований: социально-экономические и правовые аспекты. Аубакиров Я. Ф., Байжумаев Б. Б., Жатканбаев Е. Б. и др. Алматы — 2001.
6. Ашимбаева А. Т. Структура экономики: закономерности формирования, тенденции и приоритеты развития. Алматы, Дайк-Пресс, 2000.
7. «Нұрлы Жол» бағдарламасы инфрақұрылымды дамыту арқылы экономикалық өсімді ынталандырады. Июля 2015, Қанат Мәметқазыұлы Қazinform. kz АСТАНА. ҚазАқпарат
8. Үкімет пен ҚР Ұлттық банкі 2016—2018 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары. 8 Желтоқсан 2015, Қazinform. kz АСТАНА. ҚазАқпарат

## Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды арттырудың ерекшеліктері

Дандаева Ботагоз Маратқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Қалымбетова Айгүл Рахманқызы, аға оқытушы ХҚТУ доценті
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Бүгінде біз тәуелсіздіктің 26 жылдығына жаңа қадаммен аяқ бастық. Бұл арманға қол жеткізу үшін біздің алдымызда бес институттық реформаны жүзеге асыру міндеті тұрғандығы анық. Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жарияланып, Елбасының Жарлығымен «Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысының ережесі регламенттелген Мемлекеттік қызметшілердің жаңа Әдеп кодексі қабылданды. Ендігі кезекте мемлекеттік қызметшілер тек қызметкер ғана емес, олар халық арасында беделді және үлгі тұтатын тұлғаларға айналуы керек. Жоғарыда айтып өткендей, Қазақстанда «Мемлекеттік қызметі туралы» Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап, мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңіне аяқ бастық десек болады. Осы заңға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы екі бөліктен құралады, оның бірі — мөлшері бекітілген негізгі еңбекақысы болса, ал, екінші бөлігі — жұмыс нәтижелері бойынша берілетін бонустардан тұрады. Осындай жүйені 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарланған болатын. Сонымен қатар, бүгінде «Б» корпусына кіретін мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 2016 жылдан бастап жоғарылады.

Осы жаңа реформа нәтижесінде мемлекеттік қызметке әрбір кандидаттың жеке қасиеттерін бағалау үшін жаңа сынақтар енгізілмекші; сала мамандарын іріктеудің тәртібі күшейтіліп, мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталады [1]. Қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң ашық конкурстық іріктеуге, құзіреттілік негізінде мансаптық өсуге, нәтижесіне қарай еңбекақыны тағайындауға негізделген.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметке алғаш түсуші тұлғалар үш кезеңдік іріктеуден өтуі қарастырылған: біріншіден, қажетті құзыреттіліктің болуы және заңнаманы білуіне үміткерлерді тестілеу; екіншіден, агенттіктің қорытынды беру арқылы үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауы; үшіншіден, әрбір мемлекеттік органда әңгімелесу жүргізу арқылы бейінді білімі мен іскерлігі бойынша бағалау.

Қазіргі таңдағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделі қызметкерлердің өз қызмет мансабының тұрақтылығына деген сенімділігін қалыптастыруға жол ашады. «Мемлекеттік қызметкерлердің мансаптық модель жүйесі өздері қызмет ететін мансаптарының тұрақты мемлекеттік қызметкерлердің сенімін қалыптастыруға, алға жылжуына өз септігін тигізеді. Жаңа элементтерді енгізу, тиісінше мемлекеттік қызметкерлердің мансап моделінде мемлекеттік аппараттың кәсіпқойлығын жоғарылатып, мемлекеттік қызметкерлердің мансап моделі меритократиялық қағидаға, еңбегі мен жетістіктерінің біліктіліктеріне де негізделе отырып, мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсуі тек конкурстық іріктеу арқылы жүзеге асырылады [2].

Міне, бүгінде мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау арқылы біз мемлекеттік қызмет сферасын халықаралық тәжірибеде зерттеу негізінде халықаралық ұйымдар мен дамыған елдердің қолдауымен заңды дайындау арқылы қазақстанның мемлекетік қызмет моделін қалыптастырдық (сурет 1).

Н. Назарбаевтың Ұлт Жоспары — «100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен мемлекеттілікті нығайтуға, келешекте күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын қадамдардың бірі болып табылады. «100 нақты қадам» кәсіби мемлекеттік аппарат құру бойынша 1—15 қадамды қамтып, мұнда жалпы мемлекеттік қызмет туралы айтылады. Мемлекеттік қызмет саласын жетілдіре отырып, жемқорлықты қысқартуға қол жеткізіледі, яғни мемлекеттік қызметшілерге талап күшейтілді.




*Ескерту — автор тарапынан құрастырылды.*

Сурет 1 — **Мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау**

Еліміздің тәуелсіздік алған күннен бастап, құқықтық мемлекет құрудың негізгі алғышарттарын іске асыра бастады. Қоғамдық қатынастардың демократиялық құндылықтары аясында реттелуін қамтамасыз ету мақсатында өмірдің әр саласын қамтыған заңнамалық актілер қабылданды. Солардың бірі — тәуелсіз еліміз үшін маңызды рөл атқарған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның қабылдануы. Бұл заңнама қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мен оның алдын алуға негіз болып табылады.

Бүгінде еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жаңа бір деңгейге көтерілді десек артық айтпаймыз. Өткен жылдың соңында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015—2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданған болатын. Аталған құжат — осы маңызды мәселелер бойынша еліміздің қағидаттық ұстанымын білдіретін басты стратегиялық бағдары ретінде мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі екенін айқындап көрсетті. Бұл құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі азайтуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті кешенді шараларға басымдық берілді. Демек, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылған. Осы жұмысты нәтижелі түрде жүргізуге құзыретті мекеме азаматтық қоғам институттарына иек артады. Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас

жемқорлықтың деңгейін қысқарту үшін шенеуніктердің еңбекақысын, әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай, одан әрі кезең-кезеңімен жоғарылату көзделді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттың бірі ретінде шенеуніктің азаматпен тікелей байланысының болуы есепке алынады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі тетігі — қоғамдық бақылау болып табылады. Бұл бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді. Қазақстанда «Қоғамдық бақылау туралы», «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңдардың қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен іске асырудың базалық қағидаларын нормативтік-құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік беретіні анық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына бағытталған іс-шаралар бөлімшелерде үнемі жүргізіліп отырады. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет ХҚКО үшін басымды болып табылады. Сондықтан, Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың қатысуымен жүзеге асырылуы қажет. Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді. Бүгінде барлық аймақтарда мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары басшыларынан, ең белді қоғам қайраткерлерінен тұратын кеңестер өлкеміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін сақтау, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау мәселелеріне өз деңгейінде қатысып, жұмыстың жүргізілу барысына бірталай ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізді. Дегенменде, қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек қана ішінара нәтиже береді, яғни сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Әділдік мінез-құлық нормасына айналуы қажет. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту курстары барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамтуы керек.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясымен қатар ведомстволық 2016–2017 жылдарға арналған ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы іске асырылып келеді. Мұнда жеке құрамның тәртіптің, заңдылықтың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі күшейтілді.

2016 жылы жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты нығайту мақсатында ішкі істер органдарының өзіндік қауіпсіздік бөліністері құқық бұзушылықтардың, оның ішінде жемқорлық әрекеттердің жолын кесуге бағытталған үш мыңға жуық жедел-профилактикалық және рейдтік іс-шаралар өткізілді. Жұмыс орындары бойынша ашық сот отырыстарын өткізу практикасы жалғастырылуда. Бейне-селектор барысында Алик Шпекбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңа ережелерін таныстырып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» қабылданған заңдардың маңыздылығын атап өткен болатын. Сондай-ақ, жылдың басынан бастап тәжірибеге енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің талдауы сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа тетіктер, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар түсіндірілді [3].

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодесінің жобасы мен этика жөніндегі уәкілетті өкіл институтын енгізу 2015 жылдың 14 тамызында халықаралық сарапшылардың, орталық, жергілікті мемлекеттік органдар өкілдерінің, қоғам мен Жоғарғы сот өкілдерінің қатысуымен өткен «Этикалық кодексті әзірлеу және этика жөніндегі уәкілетті өкіл институтын енгізу»тақырыбындағы семинар-кеңесте айтылған ұсыныстарды ескеріп, аппараттық жиналыста мемлекеттік қызметшілер Этикалық кодекстің жобасы талқыланған болатын. Бұл семинарда кеңестің қатысушылары Этикалық кодексте қамтылған мінез-құлық стандарттары халықаралық корпоративтік этиканы қалыптастыру мәдениетіне сәйкестігін атап көрсетті.

Мұндағы Этикалық кодекстің мақсаттары халықтың мемлекетке деген сенімін арттыру, мемлекеттік қызметте қарым-қатынастарды арттыру мен кәсіби этика қағидалардың бұзылуын алдын алу.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің этикасы келесі заңнамамен реттеліп отырады: «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы; Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі; ведомстволық мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасының қағидалары.

Этикалық кодекстің құрылымы ұлғайтылып, идеологиялық нормалар жалпы ережелерге кіріп, егжей-тегжей мінез-құлық стандарттары ерекше ережелерде қамтылып ккрсетілген. Қолданылып жүрген Ар-намыс кодекспен салыстырғанда жаңа Этикалық кодекс мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлығын айқындап бір жүйеге келтіреді. Мемлекеттік қызметте Этикалық кодекс қағидаларын ұстануын қамтамасыз ету мақсатында этика жөніндегі уәкілетті өкіл енгізілмекші. Сондықтан, халықаралық стандарттарға сәйкес этика жөніндегі уәкілетті өкіл келесідей міндеттерді атқарады: этикалық нормаларын бұзудың алдын алу; этикалық ұстаным жөнінде мемлекеттік қызметшілерге кеңес беру; мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын және мүддесін қорғау, ұжымда позитивті моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру болып табылады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының 2015–2017 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бойынша ақпарат. 19 қараша 2015. www. kyzmet. kz
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015–2025 жылдарға арналған бағдарламасы» «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің 2014 жылғы 11 қарашадағы №001 қаулысы
3. Ә. Құланбай. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру — өркениетке апаратын тура жол// Егемен Қазақстан. — 2016.

# Тыныс алу жүйесінің аурулары және оның асқынуларының алдын алуға препараттардың және дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлерінің ықпал етуінің салыстырмалы нәтижесі

Ембергенова Жұлдыз Қалдыбайқызы
Түркістан медицина колледжі, №6 ЦӘК оқытушысы (Түркістан қаласы, Қазақстан)

*«Кез келген дәрі өз дозасында дәрілік*
*қасиет көрсетеді, артық мөлшерде -у»*
*Парацельс*

ДДҰ мәлімдемесі бойынша тыныс алу жүйесінің аурулары жүрек қан тамырлары ауруынан кейінгі екінші орынға ие. Соның ішінде жиі кездесетіні суық тию мен ЖРВИ-ауруларында дене қызуының көтерілуі, жөтел, тыныс жолдарының қабынуы сияқты симптомдары байқалған кезде біз дәрігердің тағайындауынсыз, қолжетімді синтетикалық химиялық препараттардың көмегіне жүгінеміз. Атап көрсететін маңызды жай, кез келген дәріні, тіпті рецептсіз берілетін дәрілерді, мөлшерден артық қолданған кезде, немесе дұрыс қабылдамағанда өлімге шейін әкелетін ауыр салдарды туғызуы мүмкін.

Бүгінгі таңдап алған тақырыбымыздың маңыздылығы, осы аталған препараттар тыныс алу жүйесінің қабыну ауруларында негізгі симптомдары боп есептелетін дене қызуының көтерілуі, жөтел, тыныс жолдарының қабынуы кезінде өте жиі қолданылатындығында.

Сіздерге бұл тақырыптың маңыздылығын ашу үшін «Жасыл дәріхана» және «Ізденуші фармацевт» үйірмелерінің бірлескен жұмысын көрсеткелі отырмыз.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты:

Түркістан медицина колледжінде ЛФС бөлімінің фармация мамандығы студенттерінің арасында тұмау кезінде дәрігердің тағайындауынсыз қандай препараттарды жиі қабылдайтынын анықтап, анықталған препараттардың болуы мүмкін жанама әсерлерін тәжірибе жүзінде көрсету және олардың орнын зияндылығы төмен дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған тұндырмалармен алмастыруды ұсынып нәтижесін сараптау.

Зерттеу жұмысының бағыттары:

— Дене қызуының көтерілуі және қабыну үрдістерімен сипатталатын тыныс алу жүйесінің ауруы түрлерінде дәрігердің рецептінсіз жиі қолданылатын дәрі-дәрмектер тізімін жинақтау;

— Фармакологиялық препараттар (аспирин мен парацетамол) мен дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлер (жалбыз бен жөкенің тұндырмалары), олардың ағзаға әсері туралы мәліметтер жинақтау;

— Зерттеу нәтижелері арқылы фармакологиялық препараттардың болуы мүмкін зиянды әсерлерін анықтау;

— Зерттеу нәтижелері бойынша дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлер тиімділігін көрсету;

— Үйірме мүшелерін, өздері таңдаған мамандығына деген қызығушылығымен ғылымға деген ізденіс қабілетін арттыру.

Жоғарыда аталып өткен мақсаттарымызға сай ауалнаманы колледжде ЛФС бөлімінің фармация мамандығының студенттерінің (жалпы саны — 87) арасында жүргізгенде, берілген жауаптың нәтижелерін сараптай келе студенттердің 90%-ы тұмаумен ауырғанда, бас ауырғанда, дене қызуының көтерілуі кезінде аспирин және парацетамол препараттарын дәрігердің тағайындауынсыз және дозалану реттілігін сақтамай қабылдайтындығы анықталды.

Сауалнама:

1. Дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік препараттарды қабылдайсыз ба?

2. Соның ішінде ішінде қай препараттарды жиі ішесіз? (құрамынды парацетамолы бар препараттар, аспирин, қабынуға қарсы басқа да топ препарттары).

3. Сіз дене қызуы көтерілгенде және қабыну белгілері байқалғанда синтетикалық препараттарды қабылдайсыз ба, әлде дәрілік өсімдік шикізаттарын қолданасыз ба?

4. Аспирин мен парацетамолдың жағымсыз әсерін білесіз бе?

5. Жалбыз бен жөке гүлінен дайындалған тұндырманы қай жағдайда қолданылатынын білесіз бе?

Сараптау нәтижесі келесі көрсеткішті көрсетіп отыр.

Соның ішінде «дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік препараттарды қабылдайсыз ба?» — деген сұраққа көптеген студенттер: дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік препараттарды қабылдаймын — 30 %, сирек — 36,7 %, дәрігердің тағайындауынсыз дәрілік препараттарды қабылдамаймын — 6,66 % деп жауап берген.




«Сіз дене қызуы көтерілгенде және қабыну белгілері байқалғанда синтетикалық препараттар-ды қабылдайсыз ба, әлде дәрілік өсімдік шикізаттарын қолданасыз ба?» Синтетикалық препараттарды қабылдаймыз — 60,9 %, дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлерінің қолданатындар — 39,1 %




«Аспирин мен парацетамолдың жағымсыз әсерін білесіз бе?» деген сұраққа — 53,33 % жағымсыз әсерін білмейді, 46,67 % — жағымсыз әсерін біледі. Осы препараттарды қолданғандардың арасында кері әсерін байқамаған




Сауалнамадағы «Жалбыз бен жөке гүлінен дайындалған тұндырманы қай жағдайда қолданылатынын білесіз бе?» деген сұраққа жауап ретінде төмендегідей көрсеткіш анықталды. 30 % — ия, 70 % — жоқ.



«Ізденуші фармацевт» үйірмесінің мүшелері сауалнама бойынша анықтаған кемшіліктерді жою мақсатында аспирин мен парацетамол препараттарының фармакологиялық әсері мен болуы мүмкін жағымсыз әсерлері туралы интернет материалдарын қарастырды және тәжірибе жүзінде осы аталған препараттардың жағымсыз әсерлерін жануарлар мен өсімдік ұлпаларына тәжірибе жасау арқылы анықтады. «Жасыл дәріхана» үйірмесінің мүшелері тәжірибе қорытындысын негізге ала отырып аталған препараттардың орнын алмастыратын және өздері де қабынуға қарсы, дене қызуын басатын дәрілік өсімдік шикізаттарын топтастырды.

Жалпы зерттеу жұмысы үш сатыдан тұрады:

I сатысы. Фармакологиялық препараттар (аспирин мен парацетамол) мен дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлермен (жалбыз бен жөкенің тұндырмалары) танысу:

А. Аспирин дәрілік препарат ретінде

Б. Парацетамол дәрілік препарат ретінде

В. Жалбыз тұндырмасы фитопрепарат құралы.

Г. Жөке гүлінің тұндырмасы фиопрепарат ретінде.

II сатысы. Тәжірибелік кезең.

А. Жасалатын тәжірибенің барысы

Б. Зерттеу нәтижелері.

III сатысы. А. Қорытынды.

Б. Ұсыныс

I сатысы. Фармакологиялық препараттар (аспирин мен парацетамол) мен дәрілік өсімдік шикізаттарынан дайындалған дәрілік түрлермен (жалбыз бен жөкенің тұндырмалары) танысу:







I сатысы Теориялық кезең.

Интернет материалдары мен медициналық әдебиеттерден аспирин, парацетамол препараттары, жалбыз өсімдігі мен жөке ағашы туралы, олардың химиялық қасиеттері мен құрамы, медицинада қолдану ерекшеліктері жайында

Ғы мәліметтермен жан-жақты таныстық.

II сатысы Тәжірибелік кезең.

А. Жасалатын тәжірибенің барысы

Аспирин мен парацетамолдың және жалбыз бен жөке гүлінің тұндырмаларының өсімдік пен жануар ұлпасына әсерін зерттеу. Аспирин мен парацетамолдың және жалбыз бен жөкенің құрамында фенолдық топтың бар екендігін зерттеу.

Зерттеу колледжіміздегі №113 Аналитикалық және фармацевтикалық химия кабинетінде жүргізілді.












Сулы ерітінділеріндегі фенолдық топты анықтау нәтижесі:
(Күлгін түстің болуы фенолдық топтың бар екендігін білдіреді)




III сатысы. Б. Зерттеу нәтижелері.

| № | Атауы | Жануар ұлпасына әсері | Өсімдік ұлпасына әсері | Фенолдық топты анықтау Темір (III) хлоридінің бір тамшысын тамызу арқылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аспириннің сулы ерітіндісі | Бауырдың құрылымы өзгерген, піскен бауырға ұқсайды<br> | Гүлдің жапырағы мүлде жұмсақ, консервіленген қалыпқа түскен | Бірден көк-күлгін түске боялды. Бұл фенолдық топтың бар екенін білдіреді.<br> |
| 2 | Парацетамолдың сулы ерітіндісі | Бауырдың құрылымы өзгерген, қатты<br> | Аса ерекше өзгеріс жоқ. | Бірден көк-күлгін түске боялды. Бұл фенолдық топтың бар екенін білдіреді.<br> |
| 3 | Жалбыз шөбінің тұндырмасы | Шамалы тұнба түзілген жай көзбен қарағанда құрылымында өзгеріс жоқ.<br> | Аса ерекше өзгеріс жоқ. | Қанық түске боялды, фенолдық топ жоқ.<br> |
| 4 | Жөке гүлінің тұндымасы | Шамалы тұнба түзілген жай көзбен қарағанда құрылымында өзгеріс жоқ.<br> | Аса ерекше өзгеріс жоқ. | Қанық түске боялды, фенолдық топ жоқ.<br> |

А. Қорытынды.

Зерттеу қорытындысы бойынша аспирин және парацетамол препараттарын дәрігердің тағайындауынсыз және ұзақ уақыт дозалану реттілігін ескермей пайдаланған кезде, құрамында фенолдық топтың болуына байланысты және қышқылдық қасиеті жоғары болғандықтан адам ағзасына әсіресе, бауыр мен асқорыту жолдарына зиянды әсерін көрсететіндігі анықталды. Ал, өсімдік шикізаттарынан жасалған фитопрепараттар адам ағзасы үшін зиянсыз.

Б. Ұсыныс

Ерте заманнан бері мал бағумен айналысқан көшпелі қазақ халқы шөптердің, жалпы өсімдіктердің емдік қасиеттерін ертеден білген. Әбу Насыр-Әл Фараби, Әбу-Әли Ибн-Сина, Беруни, Әл-Джуржани қазақ халық медицинасының дамуына әсіресе дәрілік өсімдіктерді тауып пайдалануына зор ықпал етті. Жер жүзіндегі дәрілердің 40%-ы өсімдіктен дайындалады екен. Қазіргі кезде шөппен емдеу фитотерапия, үй жағдайында кеңінен қолдануға мүмкіндік жеткілікті. Ол үшін «дәрісіз ем-домды» дәрілік өсімдіктен іздеуіміз керек. Бұған дәлел халық нақылы " Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады,» «Сенің денеңнің қуаты-өсімдіктің шырынында» деп медицинасы ілгері дамыған Қытай елінің дәрігері Шин Нон айтқандай, шындығында өзіміз табиғат берген байлыққа көңіл аудара бермейміз. Арзан және қолжетімді деп дәрілік синтетикалық препараттармен ағзамызды улап, денсаулығымызға қайта орны толмайтын зиян келтірмейік. Осы препараттардың орнын алмастыратын, Елбасымыздың «Саламатты Қазақстан 2015» бағдарламасында айтылғандай, — Еліміздің Фармацевтика саласы 80% -ы отандық өнімдермен қаматамасыз етілсін- деген үндеуін ескере отырып ұсынарымыз отандық «Зерде» фирмасының жалбыз шөбінен және жөке гүлінен дайындалатын тұндырмаларын пайдалануды ұсынамыз.

Әдебиет:

1. «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және олардың қолданылуы»
2. Көкенов М. К., Әдекенов С. М Алматы «Ғылым», 1998 ж
3. «Дәрілік өсімдіктер» А. Қожабеков Г. Қожабекова, 1997 ж
4. Фармакогнозия» Муравьева Д. А -М., 2007 г
5. «Фармакогнозия» Сокольский И. Н. Самылина И. А Беспалова Н. В — М. Медицина
6. www. med@cureplant. ru.
7. www. vsegdazdorov. ru/articles. ntml.

# Бейнелеу шығармаларын бағалау өлшемдері

Ералин Қуандық;
Ералина Айгуль Қуандыққызы
Ералина Ғазиза Қуандыковна
Сабырова Әсел Қуанышқызы
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Елімізде рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ел тарихын бейнелеген шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасап, оны халықтың назарына ұсынудың орны ерекше. Ұлы Дала елінің тарихындағы ақтаңдақ беттері болып келген тақырыптарды ел ішіндегісуретшілер қолға алып, олардың көркем образдардан тұратын көріністерден құрамдалған картиналар салу дәстүрі соңғы кезде басталды. Орбұлақ шайқасы кескіндемелік картинасы осындай туындылардың бірі. «Орбұлақшайқасы» кескіндемесінің көркемдік ерекшеліктері арқылы жастарға өнертану білімін беру мен эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктері мол. Бірақ осы мүмкіндік орынды пайдаланылмай келеді. Тарихи шығармаларды пайдалануға деген сұраныстың артуы мен оған қажетті картиналардың өнертанымдық талдауларының жоқтығы арасындағы қарама — қайшылық проблеманы «Орбұлақшайқасы» картинасын талдау арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу- деп алуымызға негіз болды. «Орбұлақшайқасы» атты кескіндемелік шығармада тартымды көріністер мен табиғат аясындағы оқиға қылқалам құдыреті арқылы ашып көрсетілген. Полотнода тарихи мекенжай көрінісі жоғары деңгейдегі дәлдікпен және сенімді берілген. Жеке бөлшектерге ерекше көңіл бөлінген. Картинаны жазуға майлы бояу техникасы таңдап алынған. «Орбұлақшайқасы» — Ұлы Даладағы болған тарихи оқиға ізі мен жазылған кескіндеме. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне кіретін шайқас көрінісі картина сюжетін құраған. Шығарманың идеясы — қазірге дейін ел тарихындағы белгісіз болып келген. Ұлы даладағы «Орбұлақ жеріндегі тарихи шайқастың» көркемдік образын бейнелеу мүмкіндіктері арқылы жазу болған. Осы картина сюжеті арқылы көрерменді ел тарихымен таныстыру болған. Туындының композициясы өзіндік дара ерекшеліктері мен сипатталады. Бояу түстері

мен жарық деңгейі нысанның табиғи қалпына жақындатып алынған. Зат көлемі мен кеңістік жарық пен көлеңке, түстану заңдылықтарынасайшынайықалпынажақындатыпалынған. Түстер, жарық, көлем, кеңістік, колорит картинаның көркемдік деңгейін көрсетеді. Картинаның алдыңғы жәе ортаңғы көрінісінде қазақтар мен жоңғарлардың шайқас сәті бейнеленген. Мүздай қаруланған әскерлер мен аттылы батырлар шайқасы картинаның алдыңғы көрінісінде көзтартады Бүлшығарманың композициялық орталығын құрайды. Композициялық негізгі элементтер — аттылы әскер, жауынгерлердің кескілескен шайқасы болып табылады. Қосалқы композициялық элементтерретінде алыстағы көріністегі бейнеленген табиғат тау бөктері тағы басқа көріністер тартымды көрінеді. Шығарма колориті суық түстердің бірлігіне құрылған. Көктемгі мезгіл — жасыл көк түстер басым болып берілген. Аспан — ақшыл көк түстер бірлігіне құрамдалуымен ерекшеленеді. Картинада негізінен суық түстер басым болғанымен жылы түстер жоқ деп айтуға да болмайды. Мұнда жылы түстердің реңдері де кездеседі. Суық түстердің бірлігі — суық колоритті құрамдаған. Шығарманың орында техникасы бойынша реалистік бейнелеу әдістері таңдалған. Композициядағы көріністер өмірдегі шынайы болмысы мен кеңістіктегі қалпындағы жағдайын сақтай отырып бейнеленген. Түстер суық түстердің әртүрлі бірлігіне тізбектеліп құрамдалған. Туындының эмоциалық деңгейі өзіндік ерекшеліктерін қабылдау салмағы мен білінеді. Туындының — түстер бірлігі көрерменді тарихи оқиғаның ортасына тартқандай болады. Шайқастар көріністері көрерменді бей жайқалдырмай үнемі форма мен колорит ерекшелігіне назар аударуға мүмкіндік туғызады. Картинада ішкі дүние иірімдері, көңілкүй сезімдері, аспан әлемі мен астарласа көрініс табады. Суретші қарапайым аспан әлемін көрсету арқылы табиғат әсемдігі мен мен оның поэтикалығын береді. Шығарманың пәдік деңгейі батырлардың шайқасы, кеңістік көріністері, аспан мен жердің реңдік қатынастары алғашқы қарағаннан ерекше көз тартады. Картинадағы жағымды жағдай автордың әрбір деталді мұқият мәнберіп зерттеу нәтижесінде жазуынан, соғыс көріністерінің бейнелерінен салқындық сезіледі. Ол салқынды қадам сезіміне қозғау салады. Жүрекке әсеретіпесте ұзақ сақталады. Картина оқиғаны терең зерттеу мен нұсқаға қарап бейнелеу әдістерін қолдану мен салынған. Туындының сюжеттік деңгейінің өзіндік ерекшелігі бар. Картинаның түстік шешімі жалпы көңілкүйге бағындырылған. Ол қарапайым көңіл күйді бояутүсі мен жарықгар мониялық қозғалысы мен бірлігі арқылы берген. Орбұлақ бойындағы жарықтың гармониялық рет пен орналасуы ерiксiз көзге түседі. Туындыдағы бояу түстерінің бірлігі — кейіпкерлердің ішкі сезімдерін ашуға қызмет еткен. Суық түстердің туынды сюжетінде қатарласа қолданылуы арқылы жауынгерлердің шешімділігін көрсеткен. Шығарма идеясы, композициясы, колориттік шешімдері бір-бірімен үйлесімділік тауып, тұтастық өлшемін көрсеткен. Картинаның символдық деңгейі — көріністер молдығы мен сипатталады. Олар аттылы әскер, жаяу, әскер, батырлар образы, символдық түрде ел қорғаушы ретінде танылады. Шығарма бейнелеу өнерінің реалистік бейнелеу әдісі бойынша салынған мен көріністер жеңімпаз қазақ тұлғасын марапаттауға құрылған. Жауынгерлердің киім үлгілері сол кездегі ежелгі киім үлгілерін еске түсіріп, көз алдымызға елестетеді. Картинада суық түстердің басым берілуі арқылы суретші соғыстың сұрапыл көрінісін көрсету әдісін күшейте түсуге ұмтылған. Суретші Мұрат Шаханбаев көптеген тарихи жанр бойына шығармалар жазған. Солардың ішіндегі елеулі туындының бірі осы — «Орбұлақшайқасы» болып табылады. Кескіндеме шебері қазірге дейін тарихтағы оқиғалардың бірі болып келген Орбұлақ шайқасының көркем образын жасау жолында көп еңбектенген. Суретші ерекше кескіндеме стилін таңдаған, жарық — көлеңкеге баса назар аударатын суретшінің зор сүйіспеншілікпен орындаған жұмыстарынан табиғат сұлулығын адам мен қоршаған орта арасындағы үйлесімділік байқалады. Шығарма Ұлы Дала тарихының жоңғар шапқыншылығына байланысты оқиғасын визуальдық мүмкіндіктермен сомдаған кескіндемелік туынды. Шығарма оқиғаларын құрамдайтын көріністер композиция элементтері ретінде құрамдалған. Негізгі композициялық элементтер композициялық орталыққа орналастырылған. Шығармадағы салқын түстердің жиынтығы қазақ жауынгерлерінің жеңісін символдық түрде білдіріп тұрғандай. Картинадағы бейнеленген туған жер табиғаты әрбір азаматты елін, Отанын сүюге шақырады. Пейзаж шығармаларына тән картинадағы айрықша касиет — өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдық пен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Суретші шығармалары қазақ бейнелеу өнеріне жаңа мазмұны мен образдық сипат беріп, көркемдік жаңана қыштарымен тың тақырыппен байытат үскен. Бейнелеу өнері шығармаларының көркемдікер екшеліктерін талдау туралы академиялық түсініктер болғанымен бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін бағалаудың өлшемдері өнер танымдық әдебиеттерден ақтыанықталмаған, олардың өлшем бірліктері туралы түсініктер аз [1.18.] Бұл жағдай өнертанушылардың шығарма талдауы туралы пікірлерін сараптап, тәжірибедегі кескіндеме шығармасын бағалау өлшемдерін анықтау қажеттігін көрсетті. Бейнелеу өнері шығармаларын бағалау қажеттігі мен оны өлшеу бірліктерінің жоқтығы бізге зерттеу тақырыбымызды «Бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін бағалау өлшемдерін анықтау» деп таңдауымызға негіз болды. Өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін талдаумен көркемдігін білдіретін өлшемдерді өнер танымдық әдебиеттердегі өнер зерттеушілерінің пікірлерінен көруге болады [2]. Өнертанушы О.В. Батуринаның «Основные тенденции и этапы развития пейзажного жанра в живописи Казахстана (1920–1980)» атты еңбегінде Қазақстандағы пейзаж жанрының дамуындағы негізгі тенденциялар ашып көрсетіледі. Сонымен қатар пейзаж шығармаларының даму үдерістерімен бірге туындының идеялық мазмұнын бағалау өлшемі жәе өз отанымыздың табиғатының сұлулығын көрсеткен. Осы зертте-

ушінің «Художественные стилевые особенности развития портретного жанра в Қазахстане (1970–1980 ж.)» деген еңбегінде 1970–1980 жылдар арасындағы Қазақстандағы портрет өнерінің дамуы мен қалыптасу үдерісіне көркемдік талдау жасалған. Портрет өнері шығармаларының басты көркемдік элементі кейіпкердің ойын ашу, образын шығару деп таныған. Бұлармен қатар шығарма композициясы көркемдік талдау өлшемі ретінде алынған. Өнертанушы С. Ж. Көпжанованың «Кескіндеме әлемінің көркемсурет дәстүрлері» атты зерттеуінде кескіндеме шығармаларының көркемдік ерекшелігінің бірі композициялық құрылым ретінде қарастырылған. Композиция портрет шығармаларының көркемдік ерекшелігін танудың маңызды өлшемі ретінде қарастырған. Композицияның симметриялығы ассиметриялығы, ритмі, динамикасы мен статикасы құрамдаушы элемент ретінде қарастырылған. ӨнертанушыА. Қ. Юсупованың «Основные тенденций в развития живописи Қазахстана 1930–1980 гг.» атты зерттеуінде ұлттық бейнелеу өнері шығармаларын бағалаудың өлшем бірліктері ретінде шығарманың колористикасы, яғни бояулар үндестігі маңызды орын алатындығына көңіл аударған. Бояулар үндестігі картина идеясын ашуға да мүмкіндік беретіні көрсетілген. Сонымен қатар көркемдік ерекшелігін құрамдайтын сапаның бірі ретінде орындау техникасына назар аударылған. Зерттеу жұмысында шығарманы орындау көпқырлы үдеріс, онда композиция, колорит, идея өзара бірлікте шешілуі тиіс екендігі көрсетіледі. ӨнерзерттеушісіА. Ж. Жадайбаева «Портретная живопись Қазахстана (1970-1990ж. ж.)» атты зерттеу нәтижесінде автор портрет жанрының дамуында кейіпкердің ерекше образын анықтауға көңіл бөліну керектігі көрсетілген. Суретшінің даралық белгілерін, іс — әрекеттерін, өмірдегі орнын анықтау маңызды бағалау өлшемі ретінде қарастырылған. Бұл нұсқау өнер шығармаларын талдау барысында суретшінің де шеберлік деңгейі туралы талдаудың болу қажеттігі айқындалған. ӨнертанушыХ. Ж. Түсипбекованың «Авангардные идей XX века в пути развития Қазахского искусства» атты өнертанымдық зерттеуінде автор шығарма идеясын өнертанушының ашып көрсетуі маңызды көркемдік талдау өлшем бірлігі ретінде қарастырған. ӨнертанушыС. Беккулованың «Служание любви и красоте» атты өнертану еңбегінде суретшінің картина мазмұнында нені бейнелегендігі мен оның идеясының арасындағы байланысқа көңіл бөлу қажеттігі көрсетілген. Өнерді тану өнер шығармасының мазмұнын тану. Суретшінің ойы қоғамдық құбылысқа деген көркемдік талдаушылық қатынасы ретінде алынған. ӨнертанушығалымР. А. Ергалиеваның «Феномен степи в живописи Қазахстана» атты зерттеуінде өнер шығармасының мазмұны қазақ даласының ерекшелігінің бейнеленуі философиялық қырынан ашылу қажеттігін көрсетеді. Кеңістік пен дала ұғымы бір — бірімен ажырамас ұғымдар ретінде танылады. Дала құбылыс. Дала өмір үдерісі. Дала үдеріс нәтижесі ретінде танылады. ӨнерзерттеушіЖ. Таникееваның «Знаки и символы в традиционной Қазахстанской культуре» деп аталатын еңбегінде белгілер мен символдар көркемдік бейнелеу мүмкіндіктері екендігі дәлелденген. Сонымен қатар бұлар орындаушылық шеберлік өлшемдерін білдіретін мүмкіндік ретінде танылған. ЗерттеушіС. Көпжанова «Қазақ кескіндеме өнерінің дамуындағы әлемдік көркемсурет дәстүрлері (1930–1980 ж.)» атты зерттеу нәтижелері шығарманы талдау барысында форма мен бейне, кеңістік пен уақыт, адам мен табиғат байланыстарына көңіл бөлу қажеттігін көрсеткен [3]. Қорытындылай келе айтқанда, бейнелеу өнері шығармаларын бағалау көркемдік танымдық үдеріс. Бұл өнертанушының танымдық шығармашылық ізденісі, талдау мен интерпретация жасау іс — әрекетінің нәтижесі. Бейнелеу өнері шеберінің шығармасын оның ішінде кескіндеме туындыларын бағалаудың маңызды көрсеткіші — шығарманың идеялық мазмұны болып табылады. Бейнелеу шығармасын бағалаудың негізгі бір өлшемі картинаның композициялық құрылымын талдаудың маңызы ерекше. Кескіндеме шығармашылығының назар аударатын өлшемінің бірі — туындының түстерінің бірлігі мен олардың өзара байланыстары болып табылады. Сонымен қатар бағалаудың маңызды көрсеткіштері шығарманы орындау технологиясы мен суретші шығармасының даралығы, тұтастығы, шығармашылық жаңашылдығы болып табылады.

Әдебиет:


1. Ералин Қ. Қазақстсан бейнелеу өнері. Оқу құралы. А. Ясауиуниверситеті. Түркістан. — 2009, — 225 б.
2. Ералин Қ. Қазақстан өнертануы.//Қазіргі қоғамда білім берудің көкейкесті мәселелері. А. Ясауиуниверситеті. Ғылыми-практикалық конференция материалдары. А. Ясауиуниверситеті, Түркістан — 2015. — 87–93 беттер.
3. Герчук Қ. Язык изобразительного искусства. Учеб. литература, М. –2006. С.–286

# Басқарушылық шешімдерді қабылдау процестеріне қатысатын тұлғалар мүдделерін ескеру негізінде басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру

Ерманкулова Рима Ибадуллақызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Альмухамбетова Ботагоз Женисовна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м. а.
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Басқарушылық шешімдердің сапасына ықпал ететін неғұрлым маңызды факторлардың бірі шешімді қабылдауға қатысушы тұлғалардың мүдделерінің толықтығы мен келісушіліктерінің деңгейі болып табылады.

Зерттеу барысында көрсеткеніндей, қабылданған шешімдер қызықтырған немесе қызықтырмаған тұлғалардың мүдделерінің толыққанды есептерінің жоқтығы шешімнің сапасында және тиімділігінде және оны іске асыру кезінде алынған соңғы нәтижесінде көрінеді.

Кейбір басшылар шешімді қабылдағанда бірінші кезекте басқа пайшылардың емес, өздерінің тұтынушылар кооперациясының жеке мүдделеріне бағыттайтын типтік жағдайлардың бар екендігін байқалды. Пайшылардың мүдделерін елемеушілік болашақта аянышты экономикалық зардапқа, сондай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес тұтынушылар кооперациясының қайта жасалуына алып келуі әбден мүмкін.

Сондықтан да басқарушылық шешімдерді жасай отырып, тұтынушылар кооперациясының басшысы қызығушылық танытқан жақтың мүдделерін ескеруі тиіс.

Бұл қызығушылықтар көп қарама-қайшылықта болады, кейде оларды айқындау күрделілік те туғызады. Басқа жағынан қарағанда, мүдделерді бағалау күрделілігі оларды сан жағынан бағалаудың қиындығымен қорытындыланады [1].

Тұтынушылар кооперациясындағы басқарушылық шешімдерді қабылдай отырып, негізгі мүдделер ретінде біз төмендегідей топтарды бөліп алдық (кесте 1).

Осы зерттеу жұмысы шеңберінде тұтынушылар кооперациясы қызмет көрсететін пайшылар мен тұрғындар мүдделерін ескерудің қажет екендігіне барынша егжей-тегжейлі тоқталамыз.

Тұтынушылар кооперациясы белгілі бір басқарушылық шешімді жүзеге асырудағы өз мүддесі бар тұлға ретінде өз мүдделерінің жетістіктері үшін нақты шығындарды алып жүретіндігін атап өткеніміз жөн. Аталмыш шығындар материалдық, қаржылық, уақытша, еңбек, ақпараттық болуы немесе осылардың жиынтығын құрауы мүмкін.

Кесте 1. **Тұтынушылар кооперациясындағы басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысушы тұлғалардың мүдделері**

| Тұлға топтары | Мүдделер | Тұтынушылар кооперациясының нақты мүдделері |
|---|---|---|
| Пайшылар және тұрғындар | Баға, сапа, кепілдік, қауіпсіздік, қорғалу, жұмыс | Түсім, тұрғындардан заемдік қаржыны тарту, әлеуметтік мақсаттың жетістігі |
| Қызметкерлер | Жұмыс, еңбекақы, мансаптық өсу | Жұмыс тиімділігі, еңбек өнімділігінің өсуі |
| Контрагенты | Сенімділік, ұзақмерзімдік | Шегерім, қарым-қатынастың ұзақмерзімдігі |
| Мемлекеттік билік органдары | Бюджетке бөлу, жаңа жұмыс орыны, әлеуметтік миссияны орындауға қатысу | Салық бойынша жеңілдік, өзаракөмек |
| Тұтынушылар кооперациясы | Интеграциялық қызмет, қаржыны жаратуды азайту | Интеграциялық қызмет, қаржыны жаратуды азайту |

Кесте 1-дегі мәліметтер көрсеткеніндей, мүдделер қарама-қайшылықта және біршама қайтарым жетістігі үшін оларды оңтайландыру қажет.

Өз кезегінде, тұтынушылар кооперациясының өзі арқылы қадағалап отырған мүддесі басқарушылық шешімнің ақырғы нәтижесін білдірмейді, сондықтан біз шешімнің іске асырылу мүддесін немесе мүмкін болатын нәтижесін қарастырамыз.

Сонымен бірге, егер тұтынушылар кооперациясы тарапынан жоспарланған нәтиже оның мүддесі немесе адамдарға қояр талаптары болып табылса, онда аталмыш адамдар тарапынан шешімге қатысушылар өздерінің мүдделері болып табылатын белгілі бір талаптарды ендіреді [2].

Тұтынушылар кооперациясындағы шешімдерге қатысушы адамдардың мүдделерін жан-жақты есептеу үшін біз соған сәйкес төмендегі алгоритмді жасадық (сурет 1).

Оңтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар кооперациясындағы тауарға баға белгілеу туралы шешім қабылдау кезінде аталмыш алгоритмді қолдануды қарастырамыз. Сонымен қатар аталыш алгоритмнің ақырғы мақсаты тауардың әрбір номенклатурасы бойынша үстеменің немесе оңтайлы баға саясатының дәл көлеин анықтау болып та-

былмайды, шешімде қатысушы адамдардың мүдделеріне сәйкес тұтынушылар кооперациясының қызмет процесіндегі қажетті табыс мөлшері мен оны таратуды айқындау болып табылады.

1-ші саты
Нақты шешімдердегі адамдарды қызықтыратын немесе қызықтырмайтын тізімді қалыптастыру, олардың мүдделерін бағалау немесе жоспарлау

↓

2-ші саты
Сандық көріністегі аталмыш мүдделер ықпалының деңгейін бағалау, оларды іске асыру үшін одан әрі бағалануы

↓

3-ші саты
Мүдделердің маңыздылығы деңгейінің бағалау

↓

4-ші саты
Математикалық немесе басқа модельді құрастыру

↓

5-ші саты
Қалыптастырылған мүдделерге сәйкес шешімдерді түзету

Сурет 1. **Тұтынушылар кооперациясындағы стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде қатысатын субъектілердің мүдделерін ескеру алгоритмі**

Біз алынған ақпараттардан шығатын аталмыш мәселеде ұсынылғандардан төмендегіше тұжырымдар жасадық:

— басқарушылық шешімдердің сапасына ықпал ететін маңызды фактор толықтық деңгейі және басқарушылық шешімдерге қатысушы тұлғалар мүдделерінің келісілуі болып табылады. Жүргізілген зерттеу көрсеткеніндей, бұл тұлғалар мүдделерін ескерудің жоқтығы басқарушылық шешімдердің сапасы мен тиімділігінен ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асыру кезінде алынатын ақырғы нәтижеден де көрініс табады;

— кооперативтік ұйым басшылары басқарушылық шешімдерді қабылдай отырып, идеалда аталмыш шешімдердегі әр түрлі қызығушылық танытқан тараптар мүдделерін тұрақты ескерулері тиіс. Сонымен қатар мұндай есептің негізгі қиындықтары олардың дәл сандық айтылуының күрделілігі болып табылады;

— басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысушы тұлғалардың мүдделерін толыққанды есептеу оларды іске асыру кезіндегі басшылардың қызметінің ойдағыдай болуның қажетті шарты болып табылады. Мүдделер есептеуді бағалау бірлігі үшін әрекет етуші алгоритмге сәйкес жүзеге асыру қажет;

— басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысушы тұлғалардың мүдделерін есептеудің негізгі күрделілігі математикалық модельді құрастырудың қажеттілігі болып табылады.

Шешімдерді қабылдау кезінде тұлғаларды қызықтыратын барлық мүдделерді ескеру өте күрделі болатыны сөзсіз. Бәрінен бұрын, аталмыш мүдделер жеткілікті қарама-қайшылықта болып табылатынын назарға алған жөн. Мұндай мүдделерді елемеудің салдары болашақта кооперативтік ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық қызметіне қозғау салатын келеңсіз зардаптарға әкеліп соғуы әбден мүмкін.

Тұтынушылар кооперациясы ұйымдарында мүдделерді объективті есептеуді жүзеге асыру басқарушылық шешімдердің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі элементтер болып табылатын басқарушылық шешімдерді қабылдаудың заманауи әдістері мен бақылау жүйелерін жетілдірмейінше және қолданбайынша мүмкін емес.

Әдебиет:

1. Сарбалаков Ж. О. Из истории теории развития потребительской коопераций.//Материлы международного научно практической конференции. Караганда,2006. — 468 бет.
2. Евланов А. Г. Теория и практика принятия решений. — М.: Экономика, 2004. — 175 бет.

# Басқарушылық шешімдерді қабылдау процестерін дескриптивті тәсіл базасында модельдеу

Ерманкулова Рима Ибадуллақызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Тиімді басқарушылық шешімдерді дер кезінде қабылдау кез келген тұтынушылар кооперациясының нәтижелі қызметін қамтамасыз ету үшін қаланған негіз болып табылады.

Бұрын анықталғанындай, шешімдерді қабылдаудың тиімділігі олардың нақты сатылар кешенінен тұратын әрекет етуші процесіне айтарлықтай әсер етеді.

Тұтынушылар кооперациясының бірлігі өзінің құрылымы және қызметтік бағыттары бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің дескриптивті талдау негізінде тұтынушылар кооперациясындағы басқарушылық шешімдерді қабылдаудың әрекет етуші модельдерін бағалауға ықпал жасайды.

Көптеген отандық және шетелдік авторлардың келтірген модельдерінің көпшілігі кез келген ұйымдардағы қабылданған шешімдер үшін олардың ерекшеліктері, өзгешеліктері және мамандандырылғаны ескерілмеген, сонымен қатар жалпылама және өздеріне тән болып табылады. Сондықтан да басқарушылық шешімдерді қабылдаудың модельдерін жасау, біздің ойымызша, тұтынушылар кооперациясының өздерінің қызметтері процесіндегі жетекшілері ұсынған талаптарға толық жауап бере алатынындай етіп қарастырылуы аса қажет [1].

Дескриптивті тәсілге құрылған модель тұтынушылар кооперациясындағы тұтынушылар кооперациясындағы, басқарушылық шешімдерді тиімді қабылдауды қамтамасыз ететін өмірде бар және ұйымдағы өзінің қабылдаған басқарушылық шешімдері процесінің кемшіліктерінен қашуға мүмкіндік жасайтын тәжірибені ескеруі тиіс.

Тұтынушылар кооперациясындағы басқарудың әр түрлі деңгейінің дескриптивті негізіне құрылған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің моделі 1суретте ұсынылған сызба бойынша сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

Модельді құрастыру кезінде біз дескриптивті талдауды шешімдерді өңдеп шығару процесіндегі ШҚТ-ның ұтымды сипаттамасының негізгі принциптері мен оң тәжірибесін айқындау әдісі ретінде қарастыру керектігін байқадық.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіндегі жетекшілер мен оларға бағыныштылардың мінез-құлқын зерттеу тұтынушылар кооперациясындағы типтік мәселелер мен жағдайларды шешудегі субъектілер мінез-құлқы туралы жетікілікті толық және бірегей нақты көріністерді алуға мүмкіндік береді.

Тұтынушылар кооперациясындағы барлық дерлік стратегиялық шешімдер әр түрлі мамандарды қамтыған ұжыммен бірлесе қабылданады [2].

Әдетте, басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысушылар әр түрлі пікірде болады, әр түрлі баламалар ұсынады, сондықтан да соңғы шешімді қабылдау үшін осы айырмашылықтарды бағалай алатын өзгеше процедура қажет.

Тұтынушылар кооперациясындағы басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде көбінесе типтік басқарушылық операциялары қатарында тұратын шешімдерді қабылдау процесінің өзінің жиынтық моделін жасайтын шешімдерді қабылдаудың белгілі бір процедурасы сақталады және міндетті түрде қайталанады. Аталмыш процесс барлық зерттелген тұтынушылар кооперациясында топтарға бөлінгенде де бір-біріне өте ұқсас болып келетіндігін көрсетті.

Зерттеу барысында айқындалған басқарушылық шешімдерді тиімді қабылдау принциптері басқарушылық шешімдерді қабылдаудың бар процестерін өзгертудің емес, ШҚТ-ның негұрлым мұқият назарын аталмыш процестің кезеңіне немесе сатысына қаншалықты бөлгендігіне байланысты екендігін көрсетті. Бірінші кезекте, бұл баламалардың бірлескен дайындығы және шешімдерді негіздеу, оларды бақылау, мотивация, орындау секілді кезеңдерге қатысты. Бұдан басқа, біздің пікірімізше, ШҚТ қабылданған шешімдерге ықпал ететін субъектілер мүдделерін ескеуруге ерекше көңіл бөлуі тиіс.

Шешімдерді іске асыру, әдеттегідей, барлық кездегідей еңбек, материалдық, энергетикалық, қаржылық және басқа да ресурстарға байланысты. Осыған сәйкес шешімдерді бағалау критерийлері таңдалып алынады. Шешім нұсқасын таңдау критерийлері ретінде әр түрлі көрсеткіштер қолданылуы мүмкін: ең төменгі шығындар, өндіріс көлемінің максимациясы, құрал-жабдықты барынша көп пайдалану, шешілетін міндеттер мақсаттарына байланысты құндылықтарды әлеуметтік көзқарас тұрғысынан шешу және басқалар. Басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің ең қорытынды сатысы олардың орындалуына бақылау жасаумен және зардаптарына түзету енгізумен тұжырымдалады.

Тұтынушылар кооперациясындағы келтірілген ақпараттарды жинау және зерттеу бірінші кезекте не жұмыстың тиімділігін арттырудың әлеуетті мүмкіндігіне, не жүйенің бар және болуы тиіс жағдайы арасындағы айырмашылықты бейнелейтін проблеманың жеткілікті тұжырымдамасына және негіздемесіне бағытталғанын атап өткеніміз орынды.

Біз ұсынған басқарушылық шешімдердің моделі мен тұтынушылар кооперациясының ерекшеліктерін ескере отырып жасаған аталмыш модельдің жекелеген сатыларын жүзеге асырудың алгоритмдері және тұтынушылар кооперациясы басшыларының шешімдерді қабылдау процестерін зерттеу барысында айқындалған оңды тәжірибе-




Сурет 1. **Тұтынушылар кооперациясындағы басқарушылық шешімдерді қабылдаудың типтік процесі құрылысының сатылары**

лері басқарушылық қызметті іске асырудың сапасы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [3].

Бекітілген басқарушылық шешімдердің нақты модельдері мен алгоритмдерін ендіруден басқа оларды қабылдау механиздерінің жекелеген элементтерін жетілдіру қажет. Біздің пікірімізше, олардың ішіндегі неғұрлым маңыздысы ретінде тұтынушылар кооперациясында басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысатын субъектілерінің мүдделерін ескеруге мүмкіндік жасайтын элементтерін атап айтуға болады.

Әдебиет:

1. Юкаева В. С. Управленческие решения. — М.: Издательский дом «Дашков и К°», 1999.—280 бет.
2. Архипов В. Стратегическая эффективность управленческих решений //Проблемы теории и практики управления, 1996. — № 5. 22-31бет.
3. Варфоломеев В. И., Воробьев С. И. Принятие управленческих решений. — М.:КУДИЦ-ОБРАаЗ, 2001. — 288 бет.

# Қабылдаудың физиологиялық негіздері

Жиренбаева Гулнара Сихымовна, оқытушы,
Кожагелдиева Сауле Скендировна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қ. Қазақстан)

Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы әр түрлі бейнелері болып табылады. Олар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығу, мінез, әдет т. б.) көпшілігімізге өз тәжірибемізден жақсы мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Бір қарағанда бұлардың мәнін әрқайсымыз тез ажырататын да, білетін де сияқтымыз. Бірақ психикалық құбылыстардың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіну арқылы ғана жан — жақты ажыратуға болады. Осы мәселені ғылыми жолмен баяндауды, олардың өзіндік заңдылықтарын айқындауды сөз болып отырған психология ғылымы қарастырады.

Жан туралы ғылыми түсінік ежелгі гректердің әмбебап ғалымы Аристотель (б. з. д. 384–322) есімімен байланысты. Екі жарым мың жылға созылған осынау кезеңде психология басқа ғылымдармен (философия, медицина, әдебиет, жаратылыстану т. б.) аралас, астарласа дамып келді. XIX — ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғалымдар жан құбылыстарын тәжірибе жүзінде әртүрлі құрал — жабдық аспаптардың көмегімен зерттей бастады. Осы кезден бастап, психология өз алдына дербес отау тігіп, тәжірибелік ғылым ретінде дамыды. Ғылымның осы саласына экспериментті тұңғыш енгізген неміс ғұламасы В. Вундт (1832–1920) болды [1].

Психология ғылымының тарихы да біріне-бірі қарама-қарсы жоғарыда аталған екі бағыттың үздіксіз ой — пікір тартысына толы. Мысалы, ертедегі грек ойшылдарының бірі Демокрит (б. э. д. 460–370) сол кездің өзінде — ақ психика оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп түсіндірді. Ол жанның мәңгі еместігін, оның өсіп, өшіп отыратындығын айтып, материалистік тұжырым жасады. Сол заманның екінші бір ойшылы, идеалист Платон (427–347) керісінше «Жан мәңгі өлмейді, өшпейді», — деп тұжырымдады.

Адам бірінен бірі бөлектеніп, дербес оқшауланған түр не түс, дыбыс не иіс сезімдерімен шектелмей, заттар мен формалар, күрделі құрылымдар мен жағдайлар әлемінде жасайды, субъект нендей затты қабылдамасын, оны түйсіктер жиынтығы демей, тұтас бейне (образ) деп таниды. Бұл бейнелерді қабылдауда адам бөлектенген түйсіктер шегінен асып, сезім мүшелерінің бірлікті қызметіне арқа сүйеумен біртұтас күрделі жүйеге өтеді. Осындай психикалық біріктірудің нәтижесінде ғана дербес түйсіктер біртұтас қабылдауға айналып, дара белгілер мен қасиеттерді бейнелеуден тұтас заттар мен жағдаяттарды тануға ойысамыз. Мұндай заттардың толық қабылдануы олардың мәнді тараптарын айыра білу, онша қажетті болмаған белгілерін елемеу арқылы түсінікті болған бөлшектерін біртұтас заттық мағынаға келтіру құсаған күрделі талдау-біріктіру жұмыстың нәтижесінде іске асады.

Қабылдау — аса көп талдап, біріктіру қызметін керек ететін құрылымды әрі белсенді психикалық әрекет. Ең алдымен, ақпарат ағымы — бұл сезім мүшелері жәй тітіркенуінің нәтижесінде қозулардың шеткі қабылдаушы мүшелерден миға жетуі. Қабылдау қызметіне қозғалыс әрекеттері де қосылады. Психикалық қабылдау процесі — субъекттің затты тануға бағытталған тікелей іс-әрекеті [2].

Қабылдау өткен тәжірибе іздерін жаңғыртуға да байланысты. Осыған орай субъект өзіне келіп жеткен ақпаратты бұрыннан бар біліктерімен салыстырады, мәнді белгілерін айырады, жаңа ақпараттың болар маңызы жөнінде болжам жасайды; қабылданған затты тиісті категориялар тобына жатқызады.

Қабылдау барысындағы іс-әрекет ешқашан да бір сезім қызметінің аймағымен шектелмей, бірнеше сезім мүшелерінің жұмысы нәтижесінде қалыптасады. Заттың санада қабылдануы психикалық іс-әрекеттің ең жоғары сатысы — тілмен тікелей байланысты. Адам зат қасиеттерін енжар танып қоймастан, олар ішіндегі мәнді деп есептегендерін айыра талдай және біріктіре, заттық бейнеге келтіріп, оны сөзбен баламаластырады, белгілі категориялар тобына қосады.

Сонымен, қабылдау — бұл заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектерімен біріге, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде тұтас түрде бейнеленуі.

Қабылдаудың мағыналылығы. Қабылданған нысан тұтас, оның мәні сөзбен беріледі, мазмұны тұжырымдалады. Қабылдау мағынасының қарапайым түрі — тану. Тану жалпылап тану немесе талғаусыз тану және даралап тану болып бөлінеді. Жалпылап тануда нәрселердің жай-жапсары терең біліне бермейді, ал даралап тануда заттар мен құбылыстарды айыру анық әрі толық түрде өтеді.

Қабылдау процесі тек тітіркенуден ғана пайда болмай, субъекттің өзіне де байланысты көрініс береді. Қабылдайтын көз, құлақ емес, әрекетшең адам, сондықтан қабылданған бейне мазмұны қабылдаушы тұлға ерекшеліктерімен де сипатталады. Қабылдау нәтижесінің жеке адам психикалық өміріне, оның тұлғалық ерекшеліктеріне тәуелділігі апперцепция деп аталады. Қабылдау мазмұны адамның алдына қойған мақсат, мүддесіне де орайлас келеді. Ниет, көңіл шарпуларының (эмоция) ықпалымен қабылдау мазмұны уақытша өзгеріске де түсуі мүмкін. Мұндай уақытша апперцепция адамның әртүрлі алдануы — иллюзия (алдану) салдарынан.

Жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты жалған, теріс, бұрмаланған бейнелер туындайды. Мұндайдағы қабылдау — галлюцинация деп аталады.

Қабылдау рефлекторлы процесс. Оның негізінде қоршаған орта заттары мен құбылыстарының

рецепторларға әсер етуінен үлкен ми сыңарлары қабығында пайда болған шартты рефлекстер мен уақытша жүйке байланыстары жатыр. Ми қабығы бөлектеріне келіп түскен құрамды тітіркендіргіштер күрделі талдаудан өтіп, бірігіп жатады. Қабылдау нысаны талдау арқылы жалпы ортадан (фон) бөліп алынады, сонымен бірге оның барша қасиеттері біртұтас сапалық бейнеге біріктіріледі.

Қабылдау процесі ми қызметінің ең жоғары талдану-бірігу формасы. Талдау бол-май, қабылданатын зат не құбылыстың мән жайына жету мүмкін емес. Жалпы қабылдау жүйке байланыстарының екі түріне негізделген: бірінші байланыс түрі талдағыш төңірегінде түзілген де, екіншісіне — талдағыштар арасындағы байланыстар себепті. Бірінші жүйке байланысы ағзаға бір текті құрамды тітіркендіргіштердің әсер етуінен болады, мысалы, есту талдағышына әсер етуші жеке дыбыстардың ерекше бірікпесінен пайда болған ән-күй біртұтас күрделі тітіркендіргіш ретінде қабылданады. Бұл үлкен ми сыңарларында өтетін бірігу (интеграция) процесі мен күрделі синтездің болуынан.

Құрамды тітіркендіргіштердің әсерінен түзілетін жүйке байланыстарының екінші түрі — әртүрлі талдағыштардың аралық байланысынан, заттар немесе кеңістікті қабылдау, көру, қозғалыс, сипап-сезу және басқа да түйсіктердің өзара байланысынан (ассоциация) жүзеге келеді. Адамдағы бұл ассоциацияларға нақты зат не кеңістіктегі қатынастарды белгілейтін сөздің дыбыстық бейнесі қосылады. Заттардың көлемі мен жайласу аралығын қабылдауда көру түйсігі бұлшық еттер түйсігімен байланыспай болмайды [3].

Қабылдау негізінде жатқан уақытша жүйке байланыстары объектив дүние заттары мен құбылыстарының шындық арақатынастарының болуынан туындайды. Әртүрлі талдағыштар арасында орныққан байланыстардың жәрдемімен біз арнайы талдағышты болмаған заттар мен құбылыстар қасиеттерін де қабылдап, бейнелей аламыз (мысалы, зат аумағы, меншікті салмақ және т. б.). Қабылдау барысында біздің дүниені тереңірек қабылдап, дәлірек тануымыз осыдан.

Қабылдау ниеттелмеген (ырықсыз) және ниеттелген (ырықты) болып екіге бөлінеді. Ниеттелмеген қабылдауда алдын ала белгіленген мақсат не міндетті көздемейміз, ол сыртқы орта ықпалынан туындайды. Ал ниеттелген қабылдау, керісінше, әуел бастан алға қойылған міндетпен реттеліп, қажетті зат немесе құбылысқа назар аудару мақсаты қойылады. Ниетті қабылдау қандай да іс-әрекетке қосылып, оның орындалу барысында жүзеге асады.

Өз алдына қабылдау дербес іс-әрекет түрінде бақылау процесінде көрінеді. Бақылау — бұл қабылдау объектіне түскен құбылысты немесе онда жүріп жатқан өзгерістерді белгілі мақсатпен, жоспарлы және ұзақ уақыт аралығында назарда ұстап, зерттеп бару.

Бақылау — адамның қоршаған дүниені сезімдік танудың белсенді формасы. Дербес бағдарлы мақсаты бар іс-әрекет ретінде бақылау алғашқыдан-ақ оның бағытын айқындайтын мақсаты мен міндеттерін сөзбен өрнектеуден басталады. Бақылаудың табысты болуы оның алдына қойылған міндеттің өте анық әрі түсінікті болуына тәуелді. Жоспарлы ниеттеліп, ұзақ мерзімге созылатындықтан және танымдық мақсатты қабылдау болғандықтан бақылау жұмысы арнайы дайындықты керек етеді. Дайындық барысында аса қажет жұмыстар: бақылау міндетін түсініп алу, бақылау барысында орындалатын талаптарды жете тану, күні бұрын бақылаудың жоспары мен әдістерін анықтап алу. Бақылауда бақылаушының белсенділігі зерттеу барысындағы ойлау қабілеті мен жедел қимыл әрекеті үлкен маңызға ие [4].

Бақылағыштық қасиетті дарыту мақсатында келесі жаттығуларды орындау қажет: әртүрлі заттарды және олардың тараптарын салыстыру; зат бөліктері арасындағы байланыс пен өзара ықпалына назар аудару; бір қараған заттар мен құбылыстардың көбірек қасиет, сапаларын қамту; елеусіз өзгерістерге де мән беріп, назар аудару; қабылданатын заттың мәнді тараптарын айыру.

Бақылағыштық қабілетті дамыту үшін қабылдаудың нәтижелі болуына қажетті келесі шарттар орындалып баруы тиіс: міндет анықтығы; алдын ала дайындық; жүйелілік; жоспарлы болуы т. б. Адам өмірі мен қызметінің барша саласында бақылағыштықтың маңызы үлкен. Ал адамның бұл қасиетінің қажетті деңгейде болуы үшін оны балалық жастан ойын мен оқу барысында тәрбиелеп бару керек.

**Қабылдауды анықтау әдістемесі**

**Орындалуы:** «Бұл тапсырмада балаларға дайын екі сурет беріледі, ал суреттер астындағы бос екі трафареттік рамкаға сол суреттерді көшіріп салу ұсынылады. (Сурет бір-бірімен байланысты кесінділерден тұрады)».

Бұл суреттерде әр дұрыс сызылған кесіндіге 1 ұпай беріледі. Жалпы ең жоғарғы ұпай 20 болады. Бағалау баланың жұмысына қарай жүргізіледі.




**«Мына суретте не жетіспейді?» әдістемесі**

Бұл әдістемеде балаға сызба-суретте көрсетілген бірнеше суреттердің жиынтығы ұсынылады. Әр сурет бейнесінде бір маңызды бөлшек жетіспейді. Бала осы жетіспеген бөлшекті тез арада анықтап айтуы тиіс.

Психодиагностиканы жүргізуші уақыт өлшегіші (секундомер) көмегі арқылы баланың барлық тапсырма жиынтығын орындауға қанша уақыт жұмсағанын белгілеп отыруы керек. Баланың қабылдау деңгейіне негізгі

қорытынды жасауға жұмыс уақыты ұпай санымен анықталады [5].

*Нәтижені бағалау*

10 ұпай — бала тапсырманы 25 секундқа жеткізбей орындады, сонымен бірге суреттегі жетіспей тұрған жеті бөлшекті атауы қажет.

8—9 ұпай — бала жетіспей тұрған іздеуге секунд 26-дан30-секундқа дейін уақыт жұмсады

6—7 ұпай — жетіспей тұрған бөлшекті іздеуге секундқа 31-ден 35-сек уақыт жұмсады.

4—5 ұпай — барлық жетіспейтін бөлшекті іздеуге 36-дан 40 секундтан уақыт жұмсады.

2—3 ұпай жетіспей тұрған барлық бөлшекті іздеуге 41—45 секундтан уақыт жұмсады.

ұпай —барлық жетіспейтін бөлшекті іздеуге 45 секундтан артық уақыт жұмсады.

Даму деңгейінің қорытындысы

10 ұрай -өте жоғары

8—9 ұпай-жоғары

4—7 ұпай-орташа

2—3 ұпай төмен

0—1 ұпай -өте төмен

Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп. Оқушы қоршаған дүниені тану арқылы дамиды, кемелденеді. Оқу жұмысын таным істерінің өзінше бір формасы ретінде қарастыруға болады.

Сөйтіп, таным процесі адамның дүниені тануының тарихи қалыптасқан қабілеттерінің құрылысына, танымның даму дәрежесіне байланысты, ал бұл соңғы кездегі қоғамдық жағдайлар мен тәуелділікке байланысты.

Баланың негізгі таным процестері (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау) мектепке кіргеннен кейін едәуір өзгерістерге ұшырайды

Әдебиет:


1. Аймауытов Ж. Психология. —Алматы, 1995. -280б.
2. Жалпы психология. В. В. Богословскийдің редакциясымен. —Алматы, 1980.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология. — Алматы, 1998.
4. Гальперин П. Я. Введение в психологию. Р.-на-Дону. 1999.
5. Мухина В. С. Детская психология. М., 1990. -184с.


## Scientific principles in modern linguistics

Zakirov Shamshidin Sadillaevich, master student
South Kazakhstan Pedagogical University

The state of any science at any moment in its history is determined by the tasks that society poses to it, its own level and previous history, and also the state of other sciences, both adjacent and not adjacent to it. The development of science takes place along two opposite and at the same time interrelated directions: along the path of internal differentiation and along the path of integration with other sciences. Both processes can occur simultaneously. The nature of modern science, including linguistics, defines two main features — polyparadigmality and integrativity [1]. Polyparadigmality means that linguistic theories coexist not within the framework of a single paradigm, but are grouped within three main paradigms — functional, anthropocentric and cognitive [2].

The scientific paradigm is a set of fundamental achievements in the given field of science that set common standards, examples of scientific knowledge, problems and methods of their study and are recognized for a certain time by the scientific community as the basis for its future activity. When a new paradigm is created, the old schools gradually disappear [3]. Often, when creating a new paradigm, new journals arise, demands for new courses in universities, and the new paradigm is strengthened if it resolves issues of science better than the old ones.

Integrity dictates the study of language in the unity of its statics and dynamics, the language system and language activity, the study of language in synchrony and diachrony on the basis of combining semasiological-onomasiological, synchronous-diachronic and cognitive approaches. Integrativity of linguistic knowledge is a consequence of the scientific principles of expansionism, anthropocentrism, explantation, functionalism, cognitivism.

E. Kubryakova singles out the following four principled attitudes for all schools and trends that are attributed to the modern linguistic paradigm: — expansionism, manifested in the emergence of linguistics in connection with other sciences, as well as in the integration of several related sciences and the enlargement of a separate large science. The concept of expansionism as a certain period in the formation of a scientific discipline — as opposed to reductionism — was first put forward at the XIV International Linguistic Congress in Berlin in 1987 with reference to the linguistics of the text. The principle of expansionism is manifested in the form of synthesis of various sciences, an active dialogue of linguistics with other

sciences — philosophy, logic, semiotics, psychology, history, culturology, neurophysiology, etc. Expansionism in linguistics is the influence of sciences on linguistics, and on the other — the influence of linguistics on others science. This principle is defined as «the invasion of the linguistic branch of knowledge of other sciences.» Expansionism is the opposition to the prevailing desire in the glossematics to isolate linguistics from other sciences, except semiotics and mathematics. Today, without any expansionism in the form of integrating linguistics and other branches of knowledge, no new linguistic theory is possible anthropocentrism, according to which scientific objects are studied in terms of their role for man, while anthropocentrism can take in different linguistic directions not identical forms. The principle of anthropocentrism

the position according to which the basic functions of language as a semiological system are formed in an elementary form in the direct act of utterance and communication of two people — partners in the dialogue. The term anthropocentrism means that functions represent at the starting point a distraction, an abstraction of some aspects or qualities of a person as active, cognizing and transforming the objective world of the subject. Its main properties are the importance of modern scientific research for humans and their interpretation from the standpoint of man. At present, two global problems of studying the human factor in the language are formulated. One of them was formulated as a circle of questions about the effect that the developed natural language has on the behavior and thinking of man, and what gives in this respect the existence of a certain picture of the world in man. The other was formulated as a circle of questions about how a person influences the language used by him, what is the measure of his possible influence on him, which areas are open to his lingual-creative activity and generally depend on the «human factor» (deixis, modality, expressive aspects of language, word formation, etc.) [3]. A person who has grown up in one or another linguistic environment perceives the latter as part of the very nature of things that always remain at the level of background phenomena. Such anthropocentrism of the language proceeds from the language itself and is thus generalized, abstract, whether it is the influence of a cultural code or language stereotypes. Apparently, the anthropocentrism of the language should be derived not only from the language or its products, but also from the availability of subjects — users of the language, their states — mental or physical; functionalism (or neofunctionalism), in which the central problem of science is the study of the functions of the object of research, its purpose. The principle of functionalism dictates, firstly, the consideration of the language in terms of the functions it performs, and secondly, its study as a functioning mechanism, ie, as speech activity and as a text-discourse. This principle gave birth to various theories united in the framework of functional linguistics, which marked the transition from structuralism to functionalism. In the process of linguistic research, all laws and mechanisms of the functioning of the language in its interaction with the person who knows the world should be «thoroughly studied and fully disclosed»

Explanation, interpreted as a tendency of modern linguistics to find a definite explanation of the internal organization of the language, its individual modules, etc. The principle of explantation is a principle of explanation that is realized through the action of the two previous principles of expansionism and anthropocentrism. This principle determined the tendency of the transition from «linguistics» to «why-linguistics». The principle of explantation ensures the adequacy of knowledge of both the formal and the content side of the language. Thus, linguistic expansionism is closely related to «Explanation as an effort to find every linguistic phenomenon a reasonable explanation of both anthropocentrism and functionalism as tendencies to seek similar explanations in the role of the human factor in the language and the fulfillment of certain functions by the language» [4]. To the considered principles of modern linguistics, according to a number of scientists, we can add two more — textocentrism and semantic centrism.

Semantic centrism is based on the idea of the dominance of the content side of the language, which reveals the communicative nature of the latter and is directly related to the cognitive activity of man. Semantic-centric ideas — ideas about the dominance of the content side of language — were reflected in the works of E. Sapir, A. Vezhbitskaya, representatives of the Moscow semantic school. Yu. D. Apresyan, analyzing the peculiarities of the development of semantic theories at the end of the 20th century, points to the expansion of the object of semantics, noting that «they are… any language values, ie. values of lexemes, grammeme, derivatem, syntactic constructions. During the dominance of the system-centric approach, semantics did not achieve significant success, and «only turning to anthropocentrism on a new, higher basis made it possible to advance in its study» [5]. The problems of semantics are at the center of the research focus of modern linguistics because the communicative essence of the language is revealed through this aspect, and also because «the content side of the language is directly connected with the cognitive activity of man and represents the field of activity of many sciences studying the processes of formation and transmission of knowledge in language system " [6]. Textocentrism is a necessary condition for achieving a new quality of education, the main content of which is the development of intellectual skills. The features of anthropocentric linguistics are most vividly manifested in the study of the text, since «all linguistic realities acquire true meaning only in the text. Without specifying how a language unit or category participates in the creation of a certain type of text, the concept of language will be incomplete " [7]. Text cannot be studied outside of the person who is its creator and addressee. The text reflects the image of the world, captures in itself the dynamics of thought and ways of representing it with the help of linguistic means. In addition, scientists talk about the principle of cognitivism — the scientific principle dictating the study of the mental structures that linguistic units carry, and the mental space that stands behind the language, is reflected and formed in speech activity.

References:

1. Zhanpeisova NM Actual problems of Russian linguistics: Proc. allowance for magistr. filol. specialty. Aktobe: AU S. Baisheva, 2012. — 189 p.
2. Kubrjakova E. S. Evolution of Linguistic Ideas in the Second Half of the 20th Century (Experience of Paradigm Analysis) // Language and Science of the End of the 20th Century / Ed. Yu. S. Stepanova. — Moscow: The Russian state. University, 1995. — p. 149 —
3. Kuhn T. Structure of scientific revolutions. — Moscow: Progress, 1977. — 288 p.
4. Kubrjakova E. S. The initial stages of the development of cognitivism: linguistics — psychology — cognitive science // Questions of linguistics. — 1994.-№4.-C. 3–15.
5. Alpatov V. M. On the Anthropocentric and Semantic-Centric Approach to Language // Questions of Linguistics. — No. 3. — P. 15–26.
6. Kravchenko A. V. Questions of Cognitive Linguistics / / Language picture of the world: linguistic and cultural aspects. — Biysk: BSU, 1998. — t. 1. — C. 260
7. Popova E. A. Man as the fundamental value of modern linguistics // Philological sciences. No. 3. P. 69–77
8. Demyankov V. Z. Fundamentals of the theory of interpretation and its applications in computational linguistics. — Moscow: Izd-vo Mosk. University, 1985. — 76 p.

## The impact of globalization on Kazakhstan's agriculture

Kaldybay Kainar, PhD doctor, associate professor;
Kulahmetov Sunatulla, graduate student
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan)

The relevance of the article is due to the urgent need to revive Kazakh agriculture after the transition period and the globalization of the problems of world agriculture. Agriculture is one of the system-forming branches of the economy of any country. Regardless of the soil and climatic conditions, even the most developed industrial countries are investing very large resources in the development of domestic agriculture. Available land in the country is a huge amount of productive power, given by Nature. The crisis in agriculture and the decline in its production immediately pose a heavy blow to the entire economy, as it leads to the loss of a huge amount of free natural resources, and these losses have to be paid for when food is imported.

The purpose of this work is to identify problems and try to outline the prospects for the development of Kazakhstan and world agriculture. Globalization is a worldwide process, to date — the most powerful and significant. The Republic of Kazakhstan, as it enters the world community and finds its place in it, is increasingly experiencing the consequences of globalization. At the moment, Kazakhstan is largely integrated into the world and banking system, globalization has a significant impact on most of the economic activities of the Republic. This influence is ambiguous: it has both a positive side and a negative side. First of all, globalization creates a close interconnection between states, and even their interdependence from each other. The economies of different countries are so closely connected with each other that sometimes the decline of the economic indicators of one state entails a weakening of the other. This we see on the example of sanctions against the Russian Federation, which were put forward by the United States, Canada and the countries of the European Union. In addition to the fact that Kazakhstan interacts with Russia in the Eurasian Economic Community and other organizations, it also has a similar foreign policy, both countries are oil exporters. And the fall in oil prices certainly affects the economies of both countries.

The global financial crisis, which manifested itself in full in the second half of 2008, changed the positive trends that existed before in the world and Kazakhstan»s economy. Beginning in October 2008, with the bankruptcy of the leading US mortgage companies and investment banks, the crisis marked its clear presence in the financial sector of Kazakhstan, causing corresponding negative changes in the real sector of the country. Due to the developed banking and financial system, Kazakhstan has been more exposed to the consequences of the global financial crisis than other countries of the Central Asian region — Uzbekistan, Tajikistan and Kyrgyzstan. But in view of the fact that over the past decade, Kazakhstan has become a pole of economic growth for the entire Central Asian region, the consequences of the crisis in the republic have affected the economies of Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Tajikistan. The consequences of the crisis we are witnessing today, the devaluation of the national currency, the growth in the cost of the US dollar, all this significantly affects the economies of the above countries, including Kazakhstan.

Globalization assumes a unified approach to many spheres of public life: unified educational standards, uniform

labor standards, uniform production standards, safety standards, etc. Thus, many states have simplified visa regimes, travel around the globe became available as never before. Is it good or bad? Perhaps, it can be regarded positively, speaking about foreign education or tourism. But there is another side to the coin, this is all the growing migration. This issue becomes especially urgent for today, because in the Civil War in Syria, Germany made the leader in the number of refugees trying to find shelter. Only in the period from April to June this year from Syria 80 thousand 900 refugees arrived in Germany — almost twice as much as in the same month last year. And in September Germany accepted about 35 thousand refugees from Syria. It should be noted that Germany is not the only country that accepts refugees. But in this bustle on the territory of Europe can fall and not ordinary citizens, but, for example, terrorists. For them, this is a good opportunity to turn their operations.

Religious aspect is also important. As an illustration I want to give an example of religious influence. There are several large and dozens of small religious associations that do not always benefit the people, but, on the contrary, destroy their consciousness by introducing destructive ideologies. Unfortunately, today more and more people are losing themselves in this. Thus, active migration processes and religion are closely related to the problem of terrorism. Kind patriotism and love of the Motherland. Its citizens are eager to develop their home, their state. The most important task is to preserve peace and stability in the state, regardless of external cataclysms.

**State Program for the Development of the AIC for 2017–2021**

The purpose of the state program will be to ensure the production of competitive products of the agro-industrial complex in demand on the markets. The main tasks of the state program being developed will be: to increase the efficiency of livestock production by 58% and crop production by 40%; The development of large-scale agricultural cooperation to involve 670,000 small producers in commodity production and create an effective sales and processing system; Ensuring the efficiency and accessibility of state support with the maximum coverage of SSP; Implementation of a targeted export policy and promotion of the Kazakhstan brand of organic products; Involvement in the circulation of more than 600 thousand hectares of irrigated land; Improvement of state regulation of the agro-industrial complex. In addition, within the framework of reapproving the program in the state format, a number of adjustments of the subsidy system are planned, which will allow reaching more recipients of state support, thereby increasing its effectiveness. In general, in the crop sector, work will continue to diversify crops. In particular, parts of wheat areas will be replaced with more popular crops (oilseeds, barley, corn for grain, sugar beet, fodder crops). To increase the productivity of agricultural products, state support will be provided for the application of high-quality seeds and fertilization.

In the livestock sector it is necessary to provide agrarians with food. In this regard, the country feed balance will be developed and introduced, the areas of fodder crops will be increased; Production and consumption of mixed fodders will be stimulated, and work will also be carried out to increase the efficiency of pasture use. Measures will also be taken to increase the proportion of breeding animals by providing state support. In addition to measures to provide water for agriculture and increase the area of irrigated land by 600 thousand hectares, according to the ministry, information on the state of land resources in electronic format will additionally be formed. Moreover, for the infrastructure of the agro-industrial complex, measures will be implemented to stimulate the creation of rural cooperatives in the sale of products, lending to villagers and providing them with services, as well as ensuring the availability of financial instruments.

Also, in order to increase the technical equipment of the agro-industrial complex subjects, measures will be taken to reduce the share of purchasing expensive equipment and equipment from foreign countries.

References


1. http://mgov. kz/ru/aza-stan-respublikasyny-a-k-damytudy-2017–2021-zhyldar-a-arnal-an-memlekettik-ba-darlamasy/
2. Gross D. V. Market economy. Appearance, evolution and essence. M.: INFRA — M, 2005.
3. Introduction to the market economy Ed. A. Ya. Livshitsa, I. N. Nikulina. — Moscow: Higher School, 2003.
4. Gamarnik G. N. Management of the economy of Kazakhstan: methodology, approaches, ways of implementation. — Almaty. — 2002.
5. Zhankina D. K. Foreign investments in Kazakhstan: the pros and cons. — Kazakhstan on the way to a new development model: trends, potential and imperatives of growth. P. 4.-Almaty.–2001.-p. 84.

# Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы

Қалтаева Сауле Ануарбекқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Тұрғындардың жұмысбастылық, жұмыссыздық пен еңбек ресурстарының ұтқырлық мәселелері әрқашан сәйкес ведомостволар, ұйымдар мен кәсіпорындардың ғылыми, қоғамдық, саяси және шаруашылық қызметінінде ерекше орын алған. Ол жаһандық экономиканың дағдарыстан кейінгі қалпына келтірудің қазіргі кезеңінде ерекше өзектілікке ие болып отыр. Білім және инновациялық экономикаға өтумен байланысты экономикалық өсудің, адамдардың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын жоғарылатудың басты факторы ретінде адам факторы басты факторлдардың біріне айналады. Білім, кәсіпқойлық, интеллекттің негізінде адами ресурстар жаңа стратегиялық міндеттерді табысты жүзеге асырудың маңызды алғышартын құрайды.

Тұрғындардың жұмысбастылық сферасында және қазақстандық еңбек нарығында көптеген дамыған және дамушы елдермен салыстырғанда жаһандық экономиканың дағдарысты жағдайында тұрақты жағдай қалыптасты. Соңғы жылдардан бастап ҚР статистика жөніндегі Агенттік мәліметтері бойынша елде экономикалық белсенді тұрғындар санының, жұмысбастылықтың ұлғаюы мен жұмыссыздық деңгейінің қысқаруы орын алды (кесте 1).

Кесте 1. **2012–2016 жылдардағы Қазақстандағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары**

| | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыскүші, мыңадам | 8981,9 | 9041,3 | 8962,0 | 9074,9 | 8998,80 |
| Жұмыспенқамтылғанхалық, мыңадам | 8507,1 | 8570,6 | 8510,1 | 8623,8 | 8553,40 |
| Жалдамалықызметкерлер, мыңадам | 5813,7 | 5949,7 | 6109,7 | 6294,9 | 6342,80 |
| Өзбетіншежұмысістейтінқызметкерлер, мыңадам | 2693,4 | 2621 | 2400,4 | 2328,9 | 2210,50 |
| Жұмыссыздар, мыңадам | 474,8 | 470,7 | 451,9 | 451,1 | 445,5 |
| Жұмыссыздықдеңгейі, % | 5,3 | 5,2 | 5,0 | 5,0 | 5,0 |
| Жастаржұмыссыздығыныңдеңгейі, % (15–24 жас) | 3,9 | 3,9 | 3,8 | 4,1 | 3,8 |
| Жастаржұмыссыздығыныңдеңгейі, % (15–28 жас) | 5,4 | 5,5 | 4,2 | 4,3 | 4,1 |
| Ұзақмерзімдіжұмыссыздықдеңгейі, % | 2,5 | 2,5 | 2,4 | 2,4 | 2,2 |
| Жұмыссыздықтыңорташаұзақтығы, айлар | 8,4 | 7,4 | 7,3 | 6,7 | 6,9 |
| Жұмыскүшіқұрамынакірмейтінадамдар, мыңадам | 3538,7 | 3569,4 | 3715,9 | 3680,1 | 3855,00 |
| Ескерту: ҚР статистика Агенттігінің мәліметі | | | | | |

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жұмыссыздық пен жұмысбастылық сферасында елеулі өзгерістер орын алды. Елдегі жүргізілген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер барысында қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды.

ҚР статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері бойынша Қазақстан экономикасының әртүрлі сфераларында 2016 жылы 8,5 млн. адам немесе 15 жас пен одан жоғары жастағы тұрғындардың 66,5% жұмыспен қамтылды. 2016 жылы жалдамалы жұмысшылар саны 6,3 млн. адамды немесе экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 74,2%-ын құрады. Жұмыспен қамтылған тұрғындардың арасында өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың саны 2,2 млн. адамды немесе 25,8% құрады. Өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан нәтижелі жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2016 жылы 86,4% (2015 жылы — 77,6% болған), нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі — 13,6% (2015 жылы — 22,4%) болды [1].

2016 жылы жұмыссыз тұрғындардың саны 445,5 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 5,0% деңгейінде қалыптасты (2015 жылы да —5,0%). Жұмыссыздардың жалпы санынан қала тұрғындары 268,9 мың адам (57,1%), ал ауылдық жұмыссыздық — 201,8 мың адам (42,9%), жұмыссыздық деңгейі сәйкесінше 5,4% және 4,9% құраған. 2016жылы Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар деңгейі жеткілікті жоғары — 25,4% құрады. Оңтүстікте өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткіші республикалық деңгеймен салыстырғанда жоғары болып отыр. Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарында өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың көрсеткіші жоғары — сәйкесінше 43 және 44% (сурет-1)

Еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі жоғары болған кезде ол белгілі бір қиындық туғызады. Бұл азаматтардың аталған категориясы әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспайтындығын және зейнетақы жинақтарына ие болмайтындығымен байланысты. Мы-

салы жұмыспен қамтылған 8,6 млн. адамның тұрақты зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды жүзеге асыратыны небәрі 5,8 млн. адам ғана, бұл жұмысбастылардың жекелеген категорияларының әлеуметтік әлсіздігін күшейтеді. Бұдан басқа олардың көпшілігінің тұрақты табыс көзі жоқ. Олар мансаптық өсуді көздемейді, сондықтан біліктілікті арттыруға мүдделі емес. Өзін-өзі жұмыспен қамтылған тұрғындардың білім деңгейі көп жағдайда нарықтың қазіргі заманғы талаптарына жауап бермейді, бұл олардың нәтижелі жұмысбастылығын тежейді [2].




Сурет 1–**2016 жылы жұмыспен қамтылған тұрғындар санынан өз бетінше жұмыс жасайтындардың үлесі**

Ескерту: ҚР статистика Агенттігінің мәліметі

Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмысбасты тұрғындар туралы мәліметтерді талдайтын болсақ, экономика құрылымының өзгеруі тұрғысынан жағымды деп бағалауға болмайды. Мысалы, ауыл шаруашылығында 2012 жылдан бастап бүгінге дейін жұмыспен қамтылу көрсеткіші төмендеген, сол сияқты құрылыс, қаржылық және сақтандыру қызметінде де жұмыспен қамтылғандар саны өткен жылмен салыстырғанда азайып отыр. Өнеркәсіп саласы, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру және білім саласында аз ғана өсім байқалады. Электрмен жабдықтау, көлік және қоймалау саласында өзгеріс жоқ. Бұл экономикалық жүйе құрылымында көрнекті өзгерістердің жоқтығын куәландырады, өйткені бір салаларда жұмысбастылықтың қысқаруы басқа салаларда жағымды өзгерістерге алып келмеді. Осылайша, көрсеткіштер қарқыны құрылымдық емес, экономикадағы циклдық өзгерістермен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандардың үлесі –55,8% құрайды, ал европалық одақ елдерінде бұл салалалардағы жұмыспен қамтылғандардың саны орташа 65–66%. Бұл салаға кіретін біртекті емес салалардың үлкен санын ескере отырып, дамыған елдерде қызмет көрсету саласында едәуір үлесті кәсіби және сервистік қызметтер алатындығын атап көрсету қажет. Ал Қазақстанда қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандардың 30%-ы сауда мен жөндеу қызметтерін ұсыну саласына тиесілі.

Еңбек нарығында гуманитарлық мамандардың артықтығы жағдайында жаңа технологияларды, қазіргі заманғы ғылыми сыйымды өндірістерді ендіру бойынша жұмысшылар, дәрігерлер мен мұғалімдер жетіспейді. Техникалық мамандықтағы жұмысшылардың жеткіліксіздігі кәсіпорынды шетелден білікті кадрларды тартуға мәжбүрлейді. Елде жалпы білім берудің теңгерімсіз жүйесі қалыптасқан: жұмысбастылық құрылымы кадрларды дайындау жүйесінің білікті құрылымынан ерекшеленеді.

ҚР-да жұмыссыздық құрылымында әрбір екінші — әйел адамдар. 25–34 жастағы тұлғалардың үлесі — 43,5%, 15–24 жас аралығы — 9,6%. Жұмыссыздардың ішінен жоғары білімі барлар 131,3 мың адам (27,9%), орта жалпы — 146,3 мың адам (31,1%), орта кәсіптік білім барлар — 146,9 мың адам (31,2%).

Экономикалық белсенді емес халық — қарастырылып отырған кезеңде жұмыссыз болып табылатын экономикалық белсенділікті өлшеу үшін белгіленген жастағы тұлғалар. 15 жас пен одан жоғары жастағы экономикалық енжар тұрғындардың саны 2015 жылы 3,6 млн. адамды құрады. Тұрғындардың экономикалық енжарлық деңгейі 28,3% құрады.

Экономикалық енжар тұрғындардың негізгі үлесін зейнеткерлер құрайды — 43,6%, күндізгі бөлімде оқитындар — 38,7%, денсаулық жағдайы бойынша (мүгедектігі немесе еңбекке қабілетсіздігі бойынша) — 5,5%, үй жұмыстарын жүргізумен 7,5% айналысады [3].

Елде еңбек нарығының перспективті өзгеруі тұрғындардың жұмысбастылығының тиімсіз формаларын жеңумен, өнімді жұмысбастылықты жоғарылату мен

жұмыс күшінің ұтқырлылығымен анықталады. Миграциялық процестерді ұтымды басқару, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар мен жұмыссыздарды еңбекпен қамтуға ықпал ету тұрғындардың табысын арттырып, кедейлікті қысқартуға ықпал ететін болады.

Қазақстанның еңбек нарығы саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлардың ықпалымен тұрақты түрде дамиды және өзінің дамуында әзірге уақыт талабынан артта қалып отыр. Осының нәтижесінде жұмысбастылық, жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау сферасында көптеген шешілмеген мәселелер жинақталып қалды. Қазақстанның еңбек нарығы өзінің дамымағандығынан әлемнің басқа елдеріндегі осындай нарықтардың қызмет етуінен елеулі ерекшеленеді. Бұған еліміздің қоғамдық және саяси құрылысын өзгерту барысында туындаған қиындықтар келеңсіз ықпал етті. Осы жағдайлардың салдарынан Қазақстанның қазіргі еңбек нарығы бейресми және көлеңкелі жұмысбастылықтың жоғары үлесі, жұмыссыздардың әлсіз әлеуметтік қорғалуы, мамандығы бойынша жұмыс істемейтін азаматтар үлесінің өсуі сияқты ерекшеліктермен ерекшеленеді.

Жүргізілген талдауды қорытындылай отырып, Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының бірнеше ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

— Қазақстанда нарықтық механизмнің ең басты элементі — еңбек биржасы жоқ, бұл еңбек нарығының қызмет ету принципінің бұзылуына алып келеді. Еңбек биржасының жоқтығы жұмыссыздар санының есебін жүргізу бойынша жұмысты күрделендіреді;

— Елде жұмыссыздардың аз ғана бөлігіне әлеуметтік төлемдер тағайындалады, бұл ең төменгі өмір сүру стандарттарын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Осыдан жұмыссыздардың көпшілігі бір жағынан, әлсіз әлеуметтік қорғалған, екінші жағынан жұмыспен қамту қызметтеріне баруға ынталары жоқ, себебі олардан нақты материалдық және моральдық қолдау күтпейді. Осы себептердің әсерінен мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтерінің тиімділік деңгейі төмен;

— Қазақстанда соңғы жылдары 30%-дан жоғары деңгейді ұстап тұрған өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың үлесі жоғары. Олардың көп бөлігі ауылдық жерде тұрады және жоғары емес білім мен төмен біліктілікпен сипатталады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 40%-ға жуығы нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар, бұл мемлекет азаматтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының өсуін тежей отырып, елдің еңбек ресурстарының тиімсіз қолданылауына алып келеді;

— Жұмысбастылық пен жұмыссыздық көрсеткіштері жоғары нақтылықпен ерекшеленеді. Статистикалық мәліметтердің жеткіліксіздігі мен сенімсіздігі жағдайында еңбек нарығындағы жағайды жақсарту бойынша мемлекетпен қабылданған көптеген бағдарламалық шаралардың ықпалын бақылау мүмкін болмайды;

— Жұмыс күшінің ұдайы өндірісіне шығындар деңгейі мен құрылымы бүкіл әлемде ерекшеленеді және бірінші кезекте мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, табиғи-климаттық жағдайларына және елдің басқа да ерекшеліктеріне тәуелді. Еңбек ақының бүгінгі деңгейі біздің қоғамның даму деңгейіне сәйкес келмейді және еңбек нәтижелеріне деген жұмысшылардың материалдық қызығушылығын ынталандырмайды;

— Еңбек нарығының қалыптасуы еңбек ресурстарының сапалық қасиеттерін жақсарту жағдайында жүріп жатыр. Жұмысшы мамандықтар бойынша білім алған адамдардың саны азайды. Осының салдарынан жоғары білімі бар мамандарды дайындауда ауытқубайқалады және жұмысшы мамандықтарының жеткіліксіздігі сезіледі;

— Еңбек нарығының әлсіз инфрақұрылымы мен кәсібі бойынша экономика салаларының кадрларға қажеттіліктері туралы жеткілікті ақпараттың жоқтығы ҚР білім және ғылым министрлігінің желісі бойынша мамандар дайындауға мемлекеттік тапсырысты бөлу бойынша жүргізілетін шараларының тиімділігін қысқартады. Осыдан көптеген жұмысберушілер тиісті кадрларды таба алмайды, ал елдегі жұмыспен қамтылғандардың 30%-нан астамы мамандығы бойынша жұмыс істемейді, бұл еңбек нарығының жақсы ұйымдастырылмағанын куәландырады.

Қазіргі уақытта халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесіне сәйкес келетін еңбек нарығының инфрақұрылымы мен оның қызмет етуінің нормативті-құқықтық ортасын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар қайтадан басталды. Жоспарланған шараларды жүргізуде жұмыссыздық пен жұмысбастылық мәселелерін дұрыс құрылымдау үшін еңбек нарығының жоғарыда аталған және басқа да ерекшеліктерін детальды зерттеуге объективті қажеттілік туындайды. Тек осындай жүйелі жұмыс ғана қорланған мәселелерді кезекті шешуге және біздің қоғамның қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін еңбек нарығының жаңа моделін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиет:

1. «Халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық» Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі. http://www. stat. kz
2. Нурмагамбетов А. М. Рынок труда: правовые проблемы и перспективы- Алматы: ТОО «Баспа», 2014—263 с.
3. Ситуация на рынке труда 2015 год. — Режим доступа: http://www. kazpravda. kz/fresh/view/situatsiya-na-rinke-truda2

# Әдебиеттік оқу пәнінде қазақ халық ертегілері арқылы бастауыш сынып оқушыларына адамгершіллік тәрбиені қалыптастыру

Кожагелдиева Сауле Скендировна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Өзіміз көп үміт күтіп отырған жас ұрпақ ата-бабамыздан қалған мәдени мұра халық ауыз әдебиетінің өн бойындағы мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, әсемдігі мен алғырлығынан тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен нәр алары анық.

Сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуде ертегінің алатын орны ерекше. Ертегі адамның қиялына қанат бітіреді. Білмегенді білгенге сүйрейді. Кімдерден, қай кейіпкерлерден аулақ болуды насихаттайды. Бұл өшпес зор туындылар бала болашағының мәнді мақсатты көзқарасын тудырары сөзсіз. Ертегі әрбір баланың жеке-дара ой дүниесінің ең нәзік белгілерін жанып тегістейтін жанғыш болып табылады, ал сонымен бірге ол балалардың бірінің жүрегін біріне айқара ашады, балалар ұжымында нәзік интеллектуалдың өзара қарым-қатынастарды тудырады.

Ертегі — бұл кішкентай дән, баланың өмірлік құбылыстарға эмоцияның баға беруі осы дәннен өсіп жетіледі. Ертегі — бұл ой бесігі, бала тәрбиесін жолға қойғанда, ол осы бесік жөніндегі толғанулық естеліктерді өмір бойы сақтайтындай ету керек. Ертегі — бұл ойлау ләззаты, ал ертегі шығара отырып, баланың ойлауға өз қабілетін орнықтырады, сол арқылы өзінің ар-намыс сезімін орнықтырады [1].

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор кедергі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың сана — саңлау, қалып-салты жағынан дерек беру үшін керегі бар нәрсе» — деп айтқан болатын. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қояды. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді [2].

Батырлар туралы ертегілер мен батырлар жыры ел қорғау жолындағы батырлардың ерлік істерін дәріптей отырып, ел бірлігі мен жұрт тыныштығын сақтап қорғау азаматтық парыз екенін нықтап, жас ұрпақты елжандылыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелейді. Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін қолданудың білімдікте, тәрбиелікте мәнінің зор екені сөзсіз. Адамгершілік жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады деп есептейді. Жақсы істерге ұмтылдыру жаман қылықтардан аулақ жүру, өнегелі мәдениетті азамат болуға тырысу адамдардың өзіне байланысты. Сондықтан адамгершілікке кір келтіретін мінездер: әдепсіздік, жеңілтектік, екіжүзділік, көрсеқызарлық, опасыздық, өркөкіректіктен қашанда аулақ болуымыз керек.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты біліктің» әр сөзі, әр тарау тынысы — адамгершілік, адалдық, қайырымдылық хақындағы өнегелі ойлары әр көкіректе күмбірлеп тұрғандай. Адамгершілік тәрбиесі мен еңбек, ақыл-ой тәрбиесі бірбірімен өзара тығыз байланысты. Адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасқан адам ғана біреуге қамқорлық жасауға дайын тұрады. Адамгершілік тәрбиесі моральдық жағынан кіршіксіз таза, қоғам мүддесі үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам даярлау сияқты тәрбиенің жалпы мақсатына бағытталады. Адамгершілік қасиетінің негізі имандылық пен ізеттілікте. Ал сыйластық, жасы үлкенді сыйлау, сәлемдесу, үлкеннің сөзіне жөнді — жөнсіз араласпау, кісінің алдынан кесе өтпеу, көп алдында дарақыланып күлмеу, есінемеу сияқты қылықтарды жас ұрпақ санасына ақырындап сіңіру қажет. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі — қайырымдылық, достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық достық пен қастың адамгершілік қасиетінің екі түрлі белгісі ретінде қатар салыстыра суреттеген.

Жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу — жоғарыда айтылған мінез- құлықтың дағдыларына үйретеді. Адамгершілікке үйретудің негізгі жолы — оқу процесі мен оқушылардың күнделікті өмірін, іс-әрекетін тиімді тәрбие шараларын ұйымдастыру. Оқушылардың адамгершілік туралы түсінігі мол болғанымен тәжірибеде іс-әрекеті, тәртібі біліміне сәйкес келмейтін жағдайлар кездеседі. Олар жақсы, жаман әдеттерді білгенімен, оны өз өміріне сәйкестендіре, тәртібінде іске асыра алмайды. Өйткені, ережені есте сақтау оңай да, оны іске асыру қиын. Сондықтан адамгершілік жайында түсінік білім берумен қатар тәртібін, іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына үлкенді сыйлау, беделін мой-

ындау, еңбек адамдарын құрметтеу, қамқорлық жасау, адалдыққа, шыншылдыққа, қарапайымдылыққа, мақсаттылыққа, шешімділікке, табандылыққа, белсенділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу де жатады. К.Д. Ушинский: «... шығармада келтірілген адамгершілік іс-әрекеті, адамгершілік сезімді, адамгершілік ойды сүюге баланы итермелейтін әдеби шығарма өнегелі шығарма» — деп жазған [3].

Сонымен адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі көбіне қарапайым адамдар болып келеді. Ертегі — ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда», «Баяғы өткен заманда», «Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес.

Қазақ ертегілерін академик М. Әуезов үш жанрға бөледі; қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы — қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғиық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген. Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық арасында өрбиді [4].

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер-мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дию сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар. Солармен қатар адамдарға дос, қиын-қыстау кезде жол табар, ажал аузынан алып қалар, адамның қаскөй күштерді жеңуіне көмектесер жанды тіршіліктер, жансыз заттар да көп кездеседі.

Көп ертегілерде суреттелген әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. Әділдік пен адалдық жолындағы халық ортасынан шыққан қаһарман жалпы адам бақыты үшін ешбір қауіп қатерден тайынбай, үрейлі алып күштерге қарсы айқасқа түседі. Әділеттіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар қарапайым адамдар. Бірақ алдына қойған мақсатты биік, сондықтан да ертегілер көбіне жақсылықпен аяқталады, әділдік жақтаушысы адамның мерейі үстем болумен тынады.

Ертегінің тағы бір саласы — тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілер. Бұл ертегілерде көбінесе елдің тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. «Түлкі мен ешкі» ертегісінде айлакер түлкі ешкіні құрығына оп-оңай түсіре қояды. Апанға абайсызда түсіп, шыға алмай шарасызданған түлкі су іздеп шөліркеп жүрген ешкіні сол апанға алдап түсіреді. Қу түлкі «ешкі мүйізіне шығып» зытады, аңқау ешкіні алдап ұрады. Осы арқылы халық керемет ойын кемеңгерлік түйін жасаған: «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар», — деп аңқау жандарды сақтандырған. Ертегілерде түлкі қу, айлакер. Оқушылар ертегілердегі әрбір кейіпкерлердің жаман әдетінен аулақ болуға, жақсы кейіпкерлерге қарап қайырымды, мейірімді болуға талпынады.

Сонымен қазақ ертегілерінің ең мол тараған түрі — шыншыл ертегілер. Халық өзінің дүниетанудағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы іс-әрекетін, күрес-тартысын, талап-тілегін осы шыншыл ертегіге жиып түйген. Бұл ертегідегі кейіпкерлер күнделікті өмірдегі еңбек адамдары. Шыншыл ертегілерде жауыздық иелері де көбіне нақтылы адамдар: хан, бай, молда. Шыншыл ертегілерде таптық сипат айқын. «Айлалы тазша» әңгімесінде тазша бала айла-амалмен, тапқырлық, ақылдылығымен ханнан да, оның баласынан да кек алады. Тазша жайындағы ертегілерде жауыздық иелері күлкі-ажуа етіледі, олардың зұлымдықтары әшкереленіп отырады. Тапқыр да алғыр, ақылды да айлакер тазша халықтың сүйікті қаһарманы. Халықтың сүйікті қаһарманы арқылы жауыздыққа қарсы тұрады. Кіші мектеп жасындағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегіліріндегі ұнамды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалар бойына сіңіру, ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған зұлымдықтарынан аулақ болуға үйретеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушыларды ертегілер арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Сынып оқушыларын ертегілерді оқыту арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Оқу пәндерінде ертегілердің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнесіне тіркестерге бай болып келеді. Бала санасына жастай тәрбиелік ерекше ықпал етуде ертегілер үлкен орын алады.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Шоқан Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Родлов, А.Е. Алекторов, А. Ивановский, Л. Исаков, О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М. Көпеевтер болса, кейін Э. Диваев, Н. Пантусов, А. Мелков, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады. Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады. Бірақ, ертегілердің тәрбиелік жақтарын, адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді.

Халықтың аңыздан — аңызға тараған ертегі, аңыз әңгімелерінің барлығында ақылдылық пен ақымақтық, әділеттілік пен әділетсіздік қатар бейнеленеді. Арамдық пен жауыздық апатқа ұшырап, жеңіліп, жақсылықтың үнемі жеңіске жетуі халықтың бақытты бейбіт өмір аңсағанын көрсетеді. Ертегіні оқыту барысында қандай қиыншылық болса да, қарсы тұра білу, еңбек адамын қадірлеу биік адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Әдебиеттік оқу сабағында ертегілерді оқыту барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді. Сөз мағыналарын ашып, анықтап түсіндіруде түрлі тәсіл қолдануға болады.

а) сипаттама түрде түсіндіру тәсілі бойынша сөздер семантикалық табиғатына орай қысқаша, кейде толық, жан-жақты түсіндіріледі.

ә) сөз мағыналарын анықтауда қолданылатын екінші бір өнімді жол-синонимдік тәсіл.

б) аралас анықтама — сипаттма түріндегі анықтама мен синонимдік анықтаманың аралас берілуі арқылы көрсетіледі.

Адамға қамқорлықпен қарау, өзіне де өзгеге де жоғары талап қоя білу, қоғам мен ұжым алдындағы жауапкершілікті терең түсіну сияқты сезімдер адамгершілік тәрбиесі арқылы қалыптасады.

Қазіргі оқу-тәрбие жұмысының өмірдің өзі алға қойып отырған өте маңызды проблемасы — адамгершілік пен білімнің, рухани мәдениет пен білімділіктің өзара байланысының проблемасы. Теориялық білімді меңгере отырып, оқушы адамгершілік жағынан тәрбиеленеді. Егер оқыту мен тәрбиелеу проблемасы осылайша оп-оңай шешілетін болса, оның шешілуі сабақтарда алынатын білімнің мазмұны мен көмегіне байланысты болса, қазіргі адамның, әсіресе жеткіншек ұрпақтың адамгершілігі және саяси идеяларға толы екені соншалық, бұл идеяларды сенімге, жеке адамның рухани игілігіне айналдыру адамгершілік тәрбие міндеттерін шеше алады деседі.

Бастауыш сыныптардың мұғалімі адамның жақсы және жаман мінез-құлқын баланың ажырата білуін күн сайын дерлік үйретіп отырады.

Мұғалім 1-сыныпта бәрінен бұрын қайырымдылық пен әділдік туралы түсінікті қалыптастыруға баса назар аударады. Қайырымдылықты адамдарға ілтипатпен, ниеттестік пен қарау деп әділдікті өзінің және басқалардың мінез-құлқы мен пікірінде объекті түрде адамгершілікпен баға беру деп түсіну керек.

2-сыныпта оқушылар алдында қайырымдылық пен әділдік, жолдастық пен достастық ұғымдарының шеңбері ұлғая түсіп, оның үстіне ұжымдық пен ортақ іске жеке басты жауапкершілігі туралы түсініктер қалыптасады.

Сондықтан адамгершілікке тәрбиелеу санасы қалыптасуына басшылық ету — демек, оқушыларды этикамен қаруландыру деген сөз. Міне сондықтан да төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеп білім беру ең алдымен олардың адамгершілік тәрбие жағынан ұғымы болуын, адамгершілік тәрбиесін сезініп, бұл жөнінен тәжірибеде де болуын керек етеді. Адамгершілік тәрбиесі түсінігі туралы айта отырып, оқушылар адамгершілік тәрбиесінің негізгі нормаларымен өмірдің айналасындағы, әдебиетті айқын мысалдар арқылы және өмірден алынған өз тәжірибесіне сүйене отырып танысады, бірақ, бұл арада түсіну сезімінің дәрежесіне тән істі талдап қорытуға байланысты болады.

Біз талдап өткен адамгершілікке тәрбиелеудің кемшіліктерін жою мектеп бағдарламаларының мазмұнында ізі қаланған тәрбие берудің мүмкіндіктерін толық және тиімді іске асыруға жағдай жасайды.

Әдебиет:

1. Қожагелдиева С. Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жолдары. Түркістан, 2007 ж. 136 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Ана тілі, 1992. — 169 б.
3. Ушинский К. Д. Избранные педагогические сочинения. Т. 1. — М., 1997.
4. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. 11-том. — Алматы: Жазушы, 1969. 478 б.

## Венчурлік бизнестің Қазақстанда даму перспективалары

Кулбаева Меруерт Амангелдіқызы, э. ғ. к., аға оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерінің одан ары жақсартуды қажет етіп отыр.

«Қазақстанда «Венчур» — ағылшынның «venture» тәуекелді кәсіпорын, бастама дегенді немесе мекеме тәуелділігі деген мағынаны білдіреді. Венчурлық капитал жеке бизнесті қаржыландырудың баламалы нысаны ретінде АҚШ-та 50-жылдардың ортасында пайда болды. Еуропаға ол тек 70-жылдардың соңында ғана келді. Венчурлық капитал пайда болғанға дейін әлемде шағын және орта бизнесті қаржыландыруды банктік капитал, ірі корпарациялар мен компаниялар және ауқатты адамдар қаржыландыру арқылы жүзеге асырылған.

Жалпы, венчурлік бизнес дегеніміз — технологиялық жаңалықтарды енгізудің негізгі формасына айналған тәуекелге негізделген бизнес. Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциялауға негізделген иннновациялық салаларға салынатын тәуекелділік деңгейі жоғарылылығымен сипатталады.

Егер венчурлық бизнес дегенді тікелей аударатын болсақ-«тәуекелді кәсіпорын» болып шығады. Ал венчурлық компаниялар тәуекелді жобаларға салынған инвестициялар есебінен ақша табады» [1].

Венчурлық бизнес көпшілікке таныс емес бизнес түріне жатады, тек соңғы жылдары ғана бизнестің осы түріне айрықша назар аударыла бастады. Қазақстан азаматтары венчурлық қорлардың жұмысымен толық таныс деп айта алмаймыз. Әрине, оған қорлар жұмысының ашық жұмыс істемеуінің де өз әсері бар. Енді, осы венчурлық қорларға тоқтала кетсек.

Қазақстанда ең алғашқы венчурлық қорлар 2004 жылы пайда болды. Еліміздің венчурлық инфрақұрылымын құруға бастамашы болған мемлекеттің өзі еді. Венчурлық қорларды құруға мемлекет атынан Қазақстанның даму институты- «Қазына» орнықты даму қорына кіретін ҰИҚ өзек болған. 2005 жылдан бастап ҰИҚ Еуропалық венчурлық капитал қауымдастығы мен венчурлық инвестициялаудың Сингапурлық қауымдастығына мүше болып табылады.

2004 жылдан бері ҰИҚ даму институты қазақстандық инвесторлармен біріге отырып 6 венчурлық қор құрды. Олар: «Адвант» венчурлық қоры, АҚ, «Венчурлық «Әрекет» жоғары технологиялар қоры» АҚ, «Сентрас» АИФРИ» АҚ, «Glotur Technology Fund» АИФРИ» АҚ, «Almaty Venture capital» АҚ, «Logycom Perspective Innovations» АИФРИ» [2].

Венчурлық қорларды құру инновациялық қызметке жеке капиталдың тартылуына, оладың қаупінің төмендеуіне, инновациялардың коммерциялaрндыру саласында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің өзәрә тиімді әрекет жасауына өз септігін тигізеді.

Венчурлік инвестициялау тәуекелді капитал салымын білдіру мақсатында қолданылатын термин. Мұндай инвестициялау технологиялық жаңа енгізілімді жүзеге асырудың негізгі үлгілерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерліктің аталған түрі көп жағдайда перспективасы кепілдікке алынбаған, үлкен тәуекелділікке ие жоғары ғылымдық және технологиялық салада ғылыми зерттеулер қорытындыларын коммерциялизациялауға тән.

Тап бүгінде ұлттық инновациялық жүйені құрудың бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталып жатыр. Ендігі мақсат — венчурлық бизнеспен «Қазына» да, оның еншілес компаниялары да емес, жекеменшік секторлардың тікелей айналысуын қамтамасыз етуіне тіреліп тұр. Дамыған елдерде бизнестің бұл түрі, негізінен, қалталы адамдардың қолында. Ал бізде оны құрып, аяғынан нық тұрғызуды мемлекет «Қазына» тұрақты даму қоры» арқылы ғана жүзеге асыру үстінде. Елбасы өзінің халыққа Жолдауында индустриалды-инновациялық стратегияның аясында инновациялық технологияларды өндіріс пен өнеркәсіпке белсенді түрде енгізу керектігін атап көрсеткенін ескерсек, венчурлық инвестициялық саясаттың қандай маңызды тетік екендігін шамалай беруге болады. Аталған стратегияны жүзеге асыру үшін жалғыз «Қазынаның» ұмтылысы жеткіліксіз екендігі және анық.

Экономикалық қатынастар жүйесінен инновацияның алатын орны орасан зор. Себебі инновациялық тәжірибені өндіріске қолданбастан, бәсекеге қабілетті өнім алу мүмкін еместігін дамыған елдер ертерек түсініп, бар күшті осы салаға жұмсап келеді. Осыған байланысты нарықтық экономика кезеңіндегі бәсекелестік күресте инновация өнімінің өзіндік құнын азайту, инвестициялар ағынын арттыру, өнім өндірушінің имиджін қалыптастыру және жаңа нарықтарды, оның ішінде сыртқы нарықтарды бағындыруда аса тиімді таптырмас құралға айналуда деп зерттеулер негізінде тұжырымдауға болады.

ҚР инновациялық қызметті қаржыландырудың көздері ретінде кәсіпорындардың өз қаржысы, республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, инновациялық қорлар қаражаты, мемлекеттік гранттар және заңға қайшы емес қаржыландырудың басқа да түрлері жатады. Қаржыландыру инфрақұрылымы ретінде даму инситуттары, венчурлік қорлар, кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер, екінші деңгейлі банктер және т. б. жатады.

Қазақстан тәжірибесі көрсетіп отырғандай, көбінесе қарапайым қаржыландыру көздері, яғни банктер немесе басқа да қорлар инновациялық ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудан бас тартады. Өйткені онда тәуекелділік жоғары болады. Сондықтан бұл жағдайда арнайы осындай көп тәуекелі бар жобаларды қаржыландыру үшін әлемдік тәжірибеде венчурлік қорлар құрылады.

Қазақстандағы ғылымның негізгі проблемаларының бірі ғылыми зерттеулердің аяқталмаушылығы, олардың өндірістен қол үзушілігі болып табылады. Ғылыми әзірлемелердің қажетсіздігі, ғылым жүйесіндегі қазіргі құрылымдық диспропорция және соның салдарынан өнеркәсіптегі инновациялық белсенділіктің төменгі деңгейі өндіріс факторларының өнімділігін арттыру ғылыми-техникалық және инновациялық прогресс негізінде ғана мүмкін бола тұрса да, экономиканы реформалаудағы ғылымның рөлін жете бағаламаумен түсіндіріледі.

Венчурлік қорлар венчурлік инвестициялаудың негізгі механизмі болып табылады. Венчурлік инвестициялаудың бастапқы кезеңінде қызметті инновация жасауға және коммерциялауға бағытталған компанияларға жеке, отандық және шетелдік капиталды тарту мемлекеттің тікелей үлестік қатысуымен венчурлік қорларды құрғанда мүмкін болады. Венчурлік қорға инвестицияланатын мемлекеттік қаржылар осы қорға кіретін жеке инвестициялардың тәуекелдерін төмендетеді.

«Қазақстан Республикасында инновациялық белсенділіктің өсуіне жоғары техникалық жəне ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жəрдемдесу мақсатында ұлттық инновациялық қор құрылған. Инновациялық қорды құру инновацияларды енгізудің тиімді жəне рыноктық тетіктерінің болмауының жүйелік проблемасын шешуі венчурлық қаржыландыруды ынталандыруы тиіс. Венчурлық кəсіпорындарды дамыту мен қолдаудың пəрмендһ тетіктерінің бірһ бизнес-инкубация процесһ болып табылады яғни табыстың мүмкіндігін айқындау əнi күрделі оларды дамытудың əнi ерте қауіпті кезеңінде инновациялық жобаларға қолайлы жағдай жасау сондай-ақ технологиялық компанияларды жедел дамыту үшін процесс болып табылады» [3].

«Венчурлық инвестициялар-бұл орташа деңгейден жоғары табыстылығы бар тәуекел инвестициялары.

Венчурлық бизнесті инновациялау:

— Идеяның, жаңа өнімнің пилоттық үлгілерін құрумен байланысты қолданбалы зерттеулер және оның коммерциялық әлеуетін бағалау;

— Алғашқы сериялық өндіріс және өнімді алғашқы сатулар;

— Өндірістің алғашқы кеңейтілімі және өнімді өткізу үшін жаңа рыноктарға шығару;

— Жалпы венчурлық бизнесті дамыту үшін келесідей шараларды атқарумыз керек:

— Елдегі инновациялық күштерді нығайту және қалыптастыру;

— Индустриялық-инновациялық дамуды халық арасында насихаттау;

— Шағын инновациялық бизнесті ынталандыру;

— Зейнетақы қорлары мен сақтандыру қорларының венчурлық бизнеске инвестициялауын ынталандыру» [4]

Венчурлік қаржыландыру алдыңғы үш деңгейде қаржыландыра алады. Ал көп қолданылатын міндеттемелік қаржыландыру тек үшінші деңгейден ғана басталады.

«Венчурлық қаржыландыру басқа қаржыландырулардан, соның ішінде банктік несиелеуден қандай айырмашылығы бар? Біріншіден, инвестор өз қаржысын акцияға сала алады. Қаржылық кеңестер беру арқылы жаңадан ашылған кәсіпорындардың жұмысын алға бастыруға көмектеседі. Екіншіден, банктер сияқты тоқсандық, жылдық пайыздық төлем талап етпейді. Венчурлық капитал беруші сәтсіздіктер орын алса, акционері ретінде жауапкершілікті өз мойнына алады. Кәсіпорынның негізін қалаушы мен инвестор әріптестікте жұмыс жасайды.

Егерде венчурлық инвестордың қаражаты жетпейтін болса, ол компаниямен бірлесе жаңа қаржы көздерін іздейді. Сосын жоғары технологиялы компания венчурлық капиталды тарту, ғылыми сыйымды өнім шығару, жоғары рентабельді болғанынша кеңеюі, жоғары пайда алып келуі мен акцияларының қор биржасында сатылып, пайда әкелуі сияқты даму кезеңінен өтеді» [5].

Бізде венчурлық бизнестің дами алмау себебі венчурлық қорлар мен ғалымдар арасын байланыстыратын мықты мамандардың болмауы. Әйтпесе венчурлық бизнес біздің мемлекет үшін өте қажет. Венчурлық бизнес бұл жаңа жобалар мен инновациялық тауарлардың кілті болып табылады. Сондықтан бизнестің бұл түрі Қазақстан үшін өте тиімді.

Бүгінгі күні әлем адамдарға қарағанда жылдамырақ өзгеруде. Қазіргі заманның дамығаны сонша, шекараны өшіріп, арақашықтықты жақындатып, қазіргі заманның коммуникация құралдарының мүмкіндігін арттыруда. Қазақстандық алдында нарық субьектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми ізденістерді қажет ететін технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған жағдайлар тудыру міндеті де тұр.

Жалпы менің ойымша, венчурлық бизнесті дамыту үшін, ең бастысы, инновациялық инфрақұрылымнан басқа, инвестициясын тәуекелі жоғары жобаларға салушылар да, тәуекелі жоғары инновациялық жобаларды ұсынушылардың да жеткілікті болуы шарт. Ал бізде соның екеуі де тапшы. Екінші жағынан отандық ғалымдар жасаған инновациялық жобалар елімізде қолдау таппай, көпшілігі Қытайдың өндірісін дамытуға үлес қосуда. Ондай жағдайлардың болуы да бір жағынан заңды секілді. Өйткені біз венчурлық бизнесті енді ғана үйреніп, әліппесінен бастап жатқан елміз.

Әдебиет:


1. Амренова Ғ. Қ. Қазақстанда венчурлік бизнестің даму перспективасы/ Ғ. Қ. Амренова // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғыл. — практ. конф. материалдары. — 2-том — 42б. — Қарағанды: Болашақ. — Баспа, 2013.
2. Амренова Ғ. Қ. Қазақстанда венчурлік бизнестің даму перспективасы/ Ғ. Қ. Амренова // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғыл. — практ. конф. материалдары. — 2 том — 42б. — Қарағанды: Болашақ— Баспа, 2013.
3. Тюлеубай Б. Венчурлік кәсіпкерліктің түсінігі, қалыптасу тарихы/ Б. Тюлеубай, А. С. Ашимова // 46б. — Усть-Каменогорск, 2015.
4. Бимендиева Л. А. Венчурлік бизнес — тәуекелге негізділген бизнес/ Бимендиева Л. А., Шораева А. Б. Қазақстандағы венчурлік қаржыландырудың негізгі мәселелері/А. Б. Шораева.

# Аймақ өнеркәсібінің тұрақты дамуын талдау

Маханбетова Ұлмекен Рахметуллаевна, э. ғ. к., доцент м. а.;
Садықов Әріпхан Салыбайұлы, экономика э. ғ. докторы, профессор
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрақты даму тетіктерін жетілдіру мәселелерін зерттеу, әсіресе, «кәсіпорынның тұрақты дамуды» экономикалық аспектіде нақтылап анықтауды қажет етеді.

Бұл үшін біз «тұрақтылығы» және «даму» түсініктерін анықтамасын қарастыру.

Ең толық қамтылған «тұрақты» терминдердің анықтамасын сөздік лингвистикалық С. Ожегова, төмендегідей түсіндіреді [1]:

1. Тұрақты — сүрінбей, ойланбастан, берік ұстап, тұрған;

2. Тұрақты — ауытқуға ұшыраған, барлық уақытта тұрақты;

3. Тұрақты балансы —кішкене ауытқудан кейін қалпына келу.

Бәрінен бұрын, «тұрақты» термині жүйе мен құрылымға қолданылады.

Көптеген экономикалық обьектілердің ішінен өнеркәсіп өндірісінің дамуын зерттеу экономиканың негізгі құрылымының звеносы. Бәрінен бұрын, аймақтағы өнеркәсіп саласының дамуын зерттеу негізді.

Өнеркәсіп өндірісін дамытуға «тұрақты» түсінігін пайдалануды ғылыми талдап қорытындылаумен, сонымен қатар, кәсіпорынның тұрақты даму проблемаларын зерттеу мерзімі экономикалық аспектісін нақтылап анықтау керек. Қазіргі заманғы экономикалық әдебиетте, өнеркәсіптің тұрақтылығы мен орнықты кәсіпкерлікті дамытуды анықтау үшін келесі параметрлер бар (1-кесте).

Бірінші анықтама бойынша негізгі фактор өнеркәсіптің активтері мен пассивтерінің құрылымы қанағаттандырады, екінші анықтама бойынша өнеркәсіп іс-әрекетінің маржиналды денгейімен анықталады. Бұндай жағдайда тұрақты дамудың сипаттамаларында экономикалық коэффициенттер (мерзімді өтімділік, ағымдағы өтімділік, абсолютті өтімділік жабу пайыздық төлемдер және т. б.) қолданылады. Өнеркәсіптің тұрақтылығын жоғалтудың шекті жағдайы банкроттық болып табылады, бұл қиыншылық жағдайда өнеркәсіп өз міндеттемелерін өтеуге міндетті.

3-ші анықтама бойынша кәсіпорынның тұрақтылығына қол жеткізуде белгілі бір мәнде оның қызметінің әр түрлі тараптарымен сипаттайтын параметрлері. 4-ші анықтама бойынша өнеркәсіптің тұрақты дамуы бәсекелестік артықшылықтарының болуынан екендігін келтіреді. Бұл анықтамалар өнеркәсіптің есептік көрсеткішінің әр түрлі параметрлері тұрғысынан анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 1-**Өнеркәсіптің тұрақты дамуының анықтамасы**

| № | Терминдер | Анықтамасы |
|---|---|---|
| 1 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Заңды тұлға, ол барлық қалыпты жағдайда активтерді сатудан немесе пайдаланудан алынған табыстары жеткілікті міндеттемелерін жабады, мұнда активтер мен міндеттемелердің құрылымдық қатынасы сипатталады [2]; |
| 2 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Өнеркәсіптің қаржылық жағдайы, қызметкерлердің, мердігерлердің, кредиттік мекемелер мен мемлекет алдында барлық міндеттемелерін орындайтын және жеткілікті табыс деңгейі мен кіріс және шығыс көлемдерінің жеткіліктілігімен сипатталады [3]; |
| 3 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Өнеркәсіптің жағдайы, мәндерінің қолайлығында, өнеркәсіптің жан-жақты жұмыс істеуі қызметінің параметрлеріне оның қол жеткізуі сипатталады. |
| 4 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Өнеркәсіптің нарықтағы жағдайы, оның белгілі бір денгейде бәсекелік қаблеттілігінің болуымен сипатталады [4]; |
| 5 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Өнеркәсіптің ерекшелігі, қазіргі нарықтық ортада оның дамуы осы уақытта және болжамды алғышартта мақсатты дамып қамтамассыз етуге мүмкіндік береді [5]; |
| 6 | Өнеркәсіптің тұрақты дамуы | Өнеркәсіптің таңдаған стратегиялық дамуы, оның жеткілікті денгейдегі тепе-теңдікпен қамтамасыз етеді [6]. |
| Ескерту- зерттеулер негізінде автор құрастырған | | |

5-ші және 6-шы анықтамада өнеркәсіптің тұрақты дамуы стратегиялық мақсаттарға жету үшін өзгерістерге бейімделу қажеттігін көрсетеді. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде өнеркәсіптердің тұрақты дамуына стратегиялық тәсіл ғана нарықта өз орнын тауып дамуына мүмкіндік береді деп келтіреді. Қазіргі таңда өнеркәсіптің дамуын жиі өзгерістерге ұшыратып отыратын сыртқы факторлар әсерін тигізеді, сондықтан нарықта өзін сақтап және өмір сүру үшін, сыртқы ортаға әсерін тигізетін стратегия әзірлеу қажет.

Кесте 1-дің 1 және 2-ші қатардағы анықтамалар бойынша өнеркәсіптің дамуын оның қабілеті бойынша өз міндеттемелеріне жеткілікті түрде жауап береді.

Сондықтан, өнеркәсіптің стратегиясы оның сыртқы және ішкі факторлар әсеріне тиеселі. Өнеркәсіп үшін стратегияны жасауда сыртқы ортаның жағдай мен нарықтың ерекшелігі жөнінде толық мәліметтер жинақталады және сарапталанады.

Кәсіпорын стратегиясы — ойланып істелген мақсатты іс-әрекеттерден және күтілмеген оқиғалар мен күшейе түскен бәсекелестік күреске жауап қайтару. Кез келген кәсіпорында қай деңгейде болсын, келешекке тәуелді болады. Менеджерлер кәсіпорын жағдайы мен нарық ерекшелігі туралы анық және нақты мәліметке ие болғанда ғана дұрыс стратегияны таңдауға мүмкіншідік туады [6]..

Кәсіпорын стратегиясы-ойланып істелген мақсаты іс-әрекеттерден және күтілмеген оқиғалармен күшейе түскен бәсекелестік күреске жауап қайтару. Кез-келген кәсіпорында қай деңгейде болсын, келешекке тәуелділік болады. Менеджерлер барлық стратегиялық әрекеттерді, жаңа технологиялардың пайда болуы, мемлекетік регламинтация, сатып алушылардың ынтасы артуы және тағы басқа. Осы сияқты өзгерістерді алдын ала болжап, біле алмауына байланысты стратегияны іске асыру барысында оған өзгертулер мен түзетулер енгізіп отырады. Осыдан келіп, ұйымның стратегиясы алдын — ала жоспарланған әрекеттер мен күтілмеген оқиғаларға байланысты енгізілген түзетулерден тұрады деп айта аламыз. Ағымдағы стратегия кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасында болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, әзірленеді [6]..

Стратегияны қалыптастыру тек жоғары басшылықтың міндеті ғана емес. Ірі кәсіпорындарда стратегияны қалыптастыру жөнінде шешім қабылдауға жоғарғы буын басшылары мен қатар коммерциялық және өндірістік бөлімшелердің, кәсіпорын бөлімшелері ішіндегі атқарушы (өндіріс, маркетинг және өткізу, қаржы, кадрлар және тағы басқалар) басшылары, өнімнің шығарылуына жауапты өндірістік кәсіпорын басшылары мен жетекшілері де қатысады [6].

Жоғарыда келтірілген мәлімдемелер бойынша келесі қорытынды жасауымызға болады, өнеркәсіптің тұрақты дамуы түсінігі экономикалық әдебиетте жеткіліксіз әзірленген. Тұрақты даму түсінігіне біркелкі анықтама берілмеген.

Сондықтан, зерттелген көзқарастарға байланысты өнеркәсіптің тұрақты дамуы түсінігін екі топқа бөлуімізге болады:

— Стратегиялық тұрақты даму — өнеркәсіптің мүмкіншілігі болып жатқан жаңалықтарға адаптация жасап стратегиялық мақсатты орындаңыз, қорғаңыз, бәсекелестік артықшылықтарын құрыңыз және дамытыңыз.

— Тактикалық тұрақты даму — өнеркәсіптің мүмкіншілігі рұқсат етілген тәуекел деңгейінде жұмыс істеуі.

Соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібі өнімнің көлемі әр-түрлі денгейде дамуда. Экономикалық даму тұрақтылығы — ол инфляция деңгейін тұрақтандыру; кәсіпкерлікті жандандыру; инвестициялық жағдайдың қолайлылығының; тұрғындардың өмір сүру мен әл ауқаты деңгейінің жақсаруы негізінде ішкі сұранысы арттыру; сонымен қатар, тауарлар мен қызметтерді өндіру денгейінің өсуінің арқасында қамтамасыз етіледі, ол ішкі және сыртқы сауда көрсеткіштеріне жақсы ықпалын тигізеді.

Аймақтың өндіріс көлемінің жоғарлау динамикасы металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және басқа да бейметал минералды өнімдерін өндірісіндегі өнім өндірудің жоғарлауы мен дамуы әсер етуде.




Сурет 1 – **Өнеркәсіп өндірісінің және өнеркәсіп өндірісі салаларының даму қарқыны**

Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданыстағы бағамен 2016 жылы 789050 млн. теңгенің өнімі өндіріліп (шағын, қосалқы кәсіпорындар мен үй шаруашылығы секторын қоса), нақты көлем индексі 2012 жылмен салыстырғанда 58,7%-ға артқан. ОҚО 2016 жылы өнеркәсіп өндірістерінде жұмыс істейтін өндіріс персоналының жалпы саны 541516 мың адам. Аймақтағы жұмыспен қамтылған тұрғынның 12,3%-ы өнеркәсіп саласында қызмет етеді, ал ЖӨӨ құрылымындағы өнеркәсіп саласының үлесі 26%-ды құрайды (Сурет 1).

Кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында 2016 жылы 216924,2 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2012 жылғы деңгейден 44,9%-ға жоғарылаған. Кен өндіру өнеркәсібінде, негізінен, отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды және металл кендерін өндіру салаларын қамтиды және облыстың өнеркәсібінің 13,5%-ын құрайды.

Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында 2016 жылы 487583 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2012 жылғы деңгейден 56,1%-ға артқан. Сонымен қатар, бұл салада өнім өндіру көлемінің ұлғаюы сусындарды қоса алғанда азық-түлік өнімдерін өндіру, ерлер және әйелдер жұмыс киімдерін, мақта маталарын және т. б. өнімдерді өндіруден жоғарылаған.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу секторында 2016 жылы 67946 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 178,9%-ға құраған. «Су ресурстары», «Маркетинг-горводоканал» 2008 жылы 728 млн. теңгеге өнім өндіріп, 2005 жылмен салыстырғанда 45,1%-ға, № 3 «Энергоорталық» 2008 жылы 2981 млн. теңгенің, яғни 2003 жылмен салыстырғанда 92,5%-ға жоғары өнім өндірген.

Әдебиет:


1. Ожегов, С. И. Словарь русского языка [Текст] / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова. — 4-е изд., доп. — М: Азбуковик, 1998. — 943 с.
2. Борисов, Ф. Б. Большой экономический словарь [Текст]/ авт. и сост. А. Б. Борисов. — Изд. 2-е, перераб. и доп. — М: Книжный мир, 2005. — 860 с.
3. Елисеева, И. И. Статистика [Текст]: учебник/ И. И. Елисеева, И. И. Егорова, О. Н. Никифоров; под ред. И. И. Елисеевой. — М.: Проспект, 2011. — 448 с.
4. Шумпетер Й. Теория экономического развития. — М.: Прогресс, 1982.
5. Кулажанова М. Инновации как направление государственной стратегии развития в РК // Саясат. — 2005. — №2. — 69–72 бб.
6. Токаева, Н. Кох, Б. Мустафин// Промышленность Казахстана. — Алматы, 2003 — №3, с. 58–59.
7. Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібі. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті 2010–2016.


## Оңтүстік Қазақстан облысының тамақ өнеркәсібінің даму ерекшелігі


Маханбетова Ұлмекен Рахметуллаевна, э. ғ. к., доцент м. а.,
Ханафия Береке, магистрант
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)


Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өнеркәсіптердің ғылыми-техникалық прогресі, соның ішінде тамақ өнеркәсібінің инновациялық тұрақты дамуы, қазіргі кездегі әлемдік қаржылық дағдарыс және күрделі экономикалық тұрақсыздық әсер етуде.

Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясына 1992 жылы тұрақты дамытудың анықтамасы ұсынылған. Тұрақты даму — даму ретінде анықталған, ол экономикалық дамуды қана емес сонымен қатар оның нәтижелерін жеткілікті бөледі. Қазіргі әлемдік қоғамдастықтағы, экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді жоғары маңыздылығын ескере отырып, көптеген елдер тұрақты дамуға көшу өз мемлекеттік тұжырымдамасын әзірлеуге тырысты. Сонымен, экономикалық көзқараспен даму бірінші макроэкономикалық обьектілерге (әлемдік экономика толығымен, мемлекет, салалар) қолданылған.

Тамақ өнеркәсібі — бірнеше салалар жиынтық кешені. Тамақ өнеркәсібінің дамуына әсер ететін негізгі факторлар, олар:

— шикізат;
— тұтыну.

Тамақ өнеркәсібін тұрақты дамыту ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, тамақ өнеркәсібін инновациялық дамытуға әсер ететін салаларды салаларды жандандыру маңызды рөл атқарады. Ол халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қалыптастыруда негізгісі болып табылады.

Тамақ өнеркәсібі бір қатар өзгешеліктерге ие. Оларға азық-түлік тауарларының құрамындағы жоғары сани-

тарлық-гигиеналық және экологиялық талаптары және оларды өндіру технологиясы, дайын өнімнің бірнеше түрін сақтау мен жеткізудің шектеулі мерзімі, тұтынушылардың денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптардың жоғарлауы [1].

Тамақ өнеркәсібінің өзгешелігі азық-түлік нарығының ерекшеліктерімен байланысты. Біріншіден, өнімге деген сұраныс тұрақты болып табылады, бұл тамақ саласы инвестициялар үшін тартымды және қолайлы болып табылады. Екіншіден, көптеген азық-түлік тауарларының түрлері халықтың төлемқабілеттілік деңгейіне тығыз байланысты және де ол жергілікті нарықтарда айтарлықтай ауытқиды. Бұл өндіріліп отырған өнімдерінің түрлерін таңдау және оларды тұтынушыларға жеткізу бойынша көптеген түпкілікті жұмыстарды талап етеді [1].

Агроөнеркәсіп кешенінің жүйесінде тамақ өнеркәсібі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты.

Тамақ өнеркәсібінің салалары: ұн, жарма, макарон өнімдері, нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер, қант, минералды су, өсімдік майы, ет, сүт өнімдері, консервілер, балық, темекі өнімдері [2].




Сурет 1—**2016 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы өңдеу өнеркәсібі салаларының өндірген өнім көлемі.**

Сурет 1-де көріп тұрғандай 2016 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы өңдеу өнеркәсібі 487,6 млрд теңге өнімін өндірсе оның ішіндегі тамақ өнеркәсібі саласы 164 млрд теңге өнім өндіріп, оның өңдеу өнеркәсібі саласының 33,6 %-ын құрайды. Бұл аймақта тамақ өнеркәсібі негізгі саланың бірі екендігін көрсетеді.

Аймақта жихаз өнеркәсібі 1,3 млрд теңге өнімін және химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру 4,9 млрд теңгенің өнімін өндіріп өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша соңғы қатардың бірінен орын алады.

Сурет 2—2015 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы өңдеу өнеркәсібі салаларының өндірген өнім көлемі көрсетілген және 2016 жылмен салыстырғанда тамақ өнеркәсібі —1,4 % жоғарлаған, өңдеу өнеркәсібінің басқа салаларыда жоғарлағанын байқаймыз.

Сонымен, Оңтүстік Қазақстан облысы тамақ өнеркәсібін дамуын талдау мен бағалау негізінде, осы аймақтың өнеркәсібінің салаларының тұрақты дамына кері әсерін тигізетін мынандай мәселелерді жіктеуімізге болады.

Шағын және орта кәсіпкерлік:

— сауда және қызмет көрсету салалары дамыған облыстарда шағын және орта бизнес субъектілері арасында өнеркәсіптік кәсіпорындардың меншікті салмағының төмендігі;

— қаржылық қиындықтар: ШОК-ті несиелеу деңгейінің төмендігі; ол өз кезегінде кепілдік мүлік өтімділігіне, несие бойынша ставканың жоғары болуына байланысты;




Сурет 2–**2015 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы өңдеу өнеркәсібі салаларының өндірген өнім көлемі**

— шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кезінде әкімшілік кедергілердің көп болуы: жер телімдерін алуға бастапқы-рұқсат құжаттамаларын ресімдеудің, қызмет түрлеріне рұқсат құжаттарын ресімдеудің өте жоғары күрделі тәртібі; рұқсат құжаттарын ресімдеу үдерісінің өте көп уақыт алуы;

— кәсіпкерлер дайындығы деңгейінің төмендігі;

— бизнес-жоспарлауды, басқаруды және оған тікелей қатысты өзге де дағдылардың болмауы.

Тамақ өнеркәсібі бойынша мәселелер:

— ұсақ тауардың дамуы;

— қаржы жетіспешілігі;

— тауар нарығында импорт жоғары;

Жеңіл өнеркәсіп:

— технологияның ескілілігі;

— жол шығыны жоғары;

— су тапшылылығы.

Тау-кен өнеркәсібі бойынша мәселелер:

— экологиялық талаптардың қажетті денгейде сақталынбауы

— минералды шикізатты өндіру және өңдеу процестерінде нанотехнологияларды пайдаланудың көбеюі;

— салада инновацияның төмендігі;

— сыртқы тауар нарықтарындағы бәсекелестікке тойтарыс бере алмауы;

— әлемдік дағдарыстың басқа мемлекетті дағдарысқа ұшыратуы;

— құрылыс және автомобиль өндіретін елдердің метал өнімдеріне сұранысының төмендеуі;

— мамандардың тапшылығы және маман әлеуетті дайындаудың жеткіліксіздігі;

— инвестицияны тарту экономикалық және қаржы дағдарысы қиындатып тұр;

Өңдеу өнеркәсібібойынша мәселелер:

— электр энергиясының тапшылығы;

— өнеркәсіп салаларына тартылатын инновацияның төмендігі;

— өнеркәсіптің негізгі өндірістік қорларының тозу деңгейінің жоғарылығы (40–80 %), оларды жаңарту деңгейінің төмендігі;

— өнеркәсіп өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және өнім түрлерінің аз болуы;

— көлікке шығатын шығындардың жоғарылығы;

— техникалық мамандарының тапшылығы.

Мұнайды қайта өңдеу саласы:

— технологияның ескілілігі;

— ашық түсті өнімді шығаруы төмен.

Металлургия өнеркәсібі:

— негізгі өндірістік құралдардың тозу;

— аудандарда инновациялық өндіріс деңгейінің төмендігі және болмауы;

— өндірістердің көбеюі экологиялық ахулға әсерін тигізуі;

Машинажасау:

— айналымдағы жеке қаражаттарының жеткіліксіздігі;

— өнімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейі төмен;

— мамандар тапшылығы.

Химия өнеркәсібі:

— өндірістерде негізгі қорлардың тозуы негізінен технологиялардың жетіспеуі;
— Өнім өндіру нарығындағы құрылымдық өзгерістер;
— инновациялық дамуы төмен;
— инвестициялық мәселелер.

Оңтүстік Қазақстан облысының инновациялық жағдайын жақсарту мақсатында мына мәселелердің шешімін табуымыз қажеттігі туындайды. Кәсіпорындарда инновациялық қызметі жүзеге асырылмайтын негізгі себептер қаржы құралдарының жетімсіздігі, инновацияға шығындардың жоғарылығы, технологиялар туралы ақпараттардың болмауы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады.

Сонымен, аймақтың өнеркәсібін дамыту мақсатында осы мәселелер шешкен жағдайда Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібін тұрақты дамытып аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын басқа аймақтардан өте жоғары денгейге жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиет:


1. Кулажанова М. Инновации как направление государственной стратегии развития в РК // Саясат. — 2005. — №2. — 69–72 бб.
2. Токаева, Н. Кох, Б. Мустафин// Промышленность Қазакстана. — Алматы, 2003 — №3.
3. Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібі. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті 2010–2016.


# ҚР Жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары

Абдрашитова Тахмина Арыстанбекқызы, магистр оқытушы;
Назарова Гаухар Нұрғалиқызы, магистр-оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Қазақстан экономикасының қазіргі, яғни өмір сүру сапасының төмендеуі, жастар денсаулығының сыр беруі, жастар арасындағы қылмыстық мәселелердің көбеюі, жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына кедергілердің болуы, туу көрсеткішінің азаюы жағдайында өмірге енді қадам басқан жас буынға қатысты мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуының белсенділігі талап етіліп отыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық заманауи қоғам үшін кез келген адамға әр жақты әсер ететін әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі болып табылады. Жастар жұмыссыздығы кез келген мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан осы зерттеу жұмысының мақсаты жұмыссыздықтың мағынасын, оның негізгі түрлерін, сонымен қатар зардаптары мен салдарын ашып көрсету және жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шараларды ұсыну болып табылады.

Жұмыссыздық деңгейі кедейшілік деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар психологиялық соққы болып есептеледі. Және де біздің Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында және тағы басқа стратегиялық құжаттарында жастар саясатының негізгі ерекшеліктері мен олардан күтілетін нәтижелер аталған, сондай-ақ дамып келе жатқан Қазақстанның базалық ресурсы ретінде жастарға үлкен сенім мен жауапкершілік арттырылады. Жастарға арттырылған сенім мен үміт туралы «Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында» жақсы айтылған. Бұл құжатта: «...жастар — келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол XXI ғасырда Жаңа Қазақстанның — дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет» делінген [1]. Сондықтан да жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі көптеген пікірталастар мен зерттеу жұмыстарының зерттеу заты болып табылады.

Қазақстанда жастар жұмыссыздығы бойынша әлемдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі қалыптасып отыр. Бұл туралы бүгін елордада «ТМД жастары: Статистикалық бейне» атты жинақтың таныстырылымы кезінде мәлім болды [2].

Жастарға қатысты толық әрі сенімді статистикалық мәліметтер олардың өмірі мен жағдайын жақсартуға бағытталған барынша тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың төменгі көрсеткіші тұрғысында Қазақстан ТМД арасында бірінші орында (2013 жылы — 5,4 пайыз, 2015 жылы –4,2 пайыз). Осы орайда Әзербайжанда оның деңгейі 10,3 пайыз болса, Беларусьте — 9,7 пайыз, Қырғызстанда — 13,5 пайыз, Молдовада — 9,9 пайыз, Ресейде — 9,6 пайыз, Тәжікстанда — 15,5 пайыз, ал Украинада бұл көрсеткіш 12,9 пайыз деңгейінде болған. Сонымен қатар бұл бағытта Арменияның жағдай қиындау, яғни ондағы жастар жұмыссыздығы 29,4 пайызға жеткен екен.

Жалпы алғанда, ТМД елдерінде жастар жұмыссыздығы 10,4 пайыз деңгейінде болса, Еуропалық одақта осы көрсеткіш 18,1 пайызды қамтыды. Мәселен, Испанияда

оның межесі 40,8 пайызға жетсе, Грекияда 43,6 пайызды құрады.

2015 жылы жалпы жұмыссыздар саны 451,9 мың адам (2012 жылы — 496,5) болды. Жұмыссыздық деңгейі 5,0% (2012 жылы — 5,8%), соның ішінде жастырдың жұмыссыздық деңгейі — 3,8%. Оның ішінде жұмыссыз ер адамдар 44,6% болса, әйел адамдар 55,4% болды. 15–28 жастағы жұмыссыз жастар деңгейі — 5,5% (2012 жылы — 5,4%).

Экономикадағы қазіргі инновациялық өзгерістер еңбек ресурсына жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Қазіргі әлеуметтік — экономикалық жағдайдың бағалануы, еліміздегі әлеуметтік — экономикалық дамуды сандық, сапалық жағынан талдап, бағалап, оның жалпы мемлекет экономикасындағы рөлі мен үлесін сипаттауы қажет. Осындай талдау, бағалау негізінде елдің әлеуметтік — экономикалық даму миссиясы мен басты мақсаты анықталады. Елбасымен жүктелген басты мақсаттарды орындау, оларға қол жеткізу үшін әлеуметтік және экономикалық салалар, сфералардағы іс-қызметтер, қимылдар стратегиясы жасалынады.

Осыған сәйкес мемлекетпен алдағы жылдарға елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдары жасалып, соған қол жеткізу мақсатында тиімді шараларды жүзеге асырады.

Еліміздің еңбек нарығында, атап айтқанда жаңа жұмыс орындарын құру, жастарды жұмыспен қамту, жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету сияқты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде және жетілдіруде шағын және орта бизнес пен іскерлік белсендікті қолдау бойынша жұмыстарды жалғастырудың маңызы зор [3].

Еліміздің болашағы жастардың қолында, ал жастар білімінің сапасы ұстаздардың қолында. Сондықтан еңбек нарығының сұранысы мен талаптарына сай мамандар дайындау, олардың біліктілігін арттыру, жұмыспен қамту сияқты мәселелер мемлекетіміздің алға қойған басты міндеттерінің бірі.

Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері:

— ЖОО-да алынған біліміне сәйкес бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесінің ұйымдастырылмауы;

— еңбек нарығына қажетті мамандар мен ЖОО- да оқытылатын мамандықтардың сәйкес келмеуі;

— жастардың білім деңгейінің бәсекегеқабілеттілігі деңгейінің төмен болуы және жас мамандарды жұмысқа алғанда жұмыс берушілердің тәуекелділікке баруы;

— жұмыс берушілердің еңбек өтілінсіз жұмысқа алмауы;

— жастардың еңбекақыға қоятын талаптарының жоғары болуы;

— жас мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша еңбекпен қамтамасыз ету қызметінің қажетті бағдарламалық және қаржылық қамтамасыз етілмеуі.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы мәселесі біртіндеп шешіліп жатыр. Солардың бірі — жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қолданылып жатқан шаралар және бұл шаралардың жүзеге асырылуы:

1. Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы аясында нақты шаралар мен міндеттер орындалуы керек. Жастардың құқығы қорғалуы керек.
2. Жекеменшік секторын қаржыландыру қажет.
3. Жастар кәсіпкерлігін қолдау тиіс.
4. Жалпы кәсіпкерлік секторды инвестициялау қажет.
5. 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасы, келешек ұрпақтың белсенді өмір сүріп, ел ішіндегі әрбір істен тыс қалмауына жағдай жасайды.

Жастар арасындағы (15–28 жас) жұмыссыздық дүние жүзі елдерінде қобалжулық туғызып отыр. Жастар арасындағы жұмысқа тұру — 15-тен 24 жас аралығында күрделі мәселенің бірі, өйткені бұлар оқу орындарын бітіретін жастағылар болып табылады. 2013 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық көршілес Ресейде 14,8% құрады, ал Еуроодақ елдерінде 23,5% болды. 2012 жылдан бері




1-сурет. **ҚР статистика агентінің және Еуростатдеректері. 2013 жылдың желтоқсан айындағы дүние жүзі елдеріндегі жастардың жұмыссыздық деңгейі [3].**

жастар арасында жұмыссыздық саны төмендеген жалғыз мемлекет, ол — Германия — 7,9%. Португалия мен Италияда бұл көрсеткіш 37% -ға жуық, ал Грекия және Испан елдерінде ол 55% асады (1-сур.)

Қазақстан Республикасында есеп беру кезеңінің аяғында тіркелген жастар арасындағы жұмыссыздық, жұмыспен қамту органдарында тіркелген барлық жұмыссыздар санына шаққандағы үлесінің өзгеруі (Астана мен Алматы қалалары, аймақтық жұмыспен қамту басқармаларының мәліметтеріне сәйкес).

Облыстық және Алматы, Астана қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқарма-ларынан алынған мәліметтер бойынша 2017 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында еңбек делдалдымен 510 мың адам хабарласқан. Осы санның 48,8 пайызы немесе 248,9 мың адам ауыл тұрғындары.

2017 жылдың қазан айының 1 күніне жұмыспен қамту мекемелерінде тіркелгендің саны 128,8 мың адамды құрайды, соның ішінде 48,1 пайызы немесе 61,9 мың адам ауыл тұрғындары. Жұмыссыздар санының 60,3 пайызы немесе 44,9 мың адам — әйелдер, 31,9 пайызы немесе 23,7 мың адам 16—29 аралығындағы жастар.

Жұмыспен қамту бөлімшелерінің еңбек делдалдығымен 336,9 мың адам жұмыспен қамтылды немесе оның үлесі барлық жұмыс іздеуші азаматтардың санының 66 пайызын құрайды. Осы санның әлеуметтік жұмыс орындарына —20,8 мың жұмыссыздар, «жастар тәжирбиесі» бойынша 21,2 мың оқу бітірген түлектер жұмысқа орналастырылды. Жұмыспен қамтылғандардың 50,6 пайызы немесе 170,5 мың адамы ауыл тұрғындары.

**2013–2015 жылдарға арналған республикалық бюджетте жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс шараларға 2013 жылы — 1,2 трлн. тг., 2014 жылы — 1,2 трлн. тг., 2015 жылы — 931,3 млрд. тг. көзделген**

| | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ (млрд. теңге) | 1193,4 | 1197,5 | 931,3 |
| Жұмыспен камту 2020 бағдарламасы | 94,7 | 100,6 | 98,7 |
| 2010–2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы | 46,2 | 45,7 | 44,7 |
| Оқу және ғылым объектілерінің құрылысы және реконструкциясы | 59,0 | 58,6 | 54,8 |
| Қазақстандағы онкологиялық көмекті дамытудың 2012–2016 жылдарға арналған бағдарламасы | 29,3 | 26,5 | 47,7 |
| Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы | 65,6 | 87,4 | 63,0 |
| «Қолжетімді тұрғын үй — 2020 бағдарламасы» | 157,2 | 184,5 | 172,4 |
| Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламасы | 29,9 | 32,9 | 30,6 |
| 2011–2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы | 104,4 | 63,9 | 52,2 |
| Инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту | 12,8 | 20,7 | 15,7 |
| «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы | 37,3 | 35,0 | 34,3 |
| «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» | 29,5 | 21,0 | 21,0 |
| Моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасы | 34,1 | 37,8 | 48,3 |
| Өңірлерде электр және жылу энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту | 82,3 | 55,7 | 52,3 |
| Көлік инфрақұрылымын дамыту | 366,2 | 388,3 | 182,0 |
| Елді мекендерді газбен жабдықтау | 16,0 | 13,6 | 13,6 |
| ҚР-да құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасы | 6,5 | 6,0 | 0 |
| Бәсекелестік қабілеттілігін және ұттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жарғы капиталын ұлғайту («Самұрық-Қазына» жобалары) | 22,4 | 19,3 | 0 |

Қорытындылай келе, біздің республикамызда ғана емес сонымен қатар басқа да мемлекеттердегі ең негізгі мәселердің бірі ретінде осы жұмыссыздықты қарастыруда, алайда біздің мемлекетіміз жұмыссыздықпен күресу үшін көптеген бағдардамалар әзірлеуде. Сонымен қатар, жас бітіруші мамандарды жұмыспен қамту үшін жұмыс берушілер, білім беру мекемелерінің және басқа да тараптармен байланыс болуы қажет. Бұл тараптардың әрқайсысы жас мамандарға көмек беруі қажет. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі себептері анықталды: жұмыс жасау тәжірибенің аздығы, жалақының төмен болуы, тұрғылықты орналасатын жерлері болмауы мен қатар бәсекелестіктің төмен болуынан зардап шегуде. Жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешу үшін бірқатар шаралар қабылдау, соның ішінде заңнамалық тұрғыда қабылдану керек. Атап айтқанда жұмыс берушілер, жұмыспен қамту органдары мен оқу орындары арасындағы өзара қарым-қатынастардың бірыңғай жүйесін жасақтау қажет деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің материалдары/ ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайт
2. Қазақстандағы жастар жұмыссыздығы, www. inform. kz
3. Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы // Экономика и статитика — 2015. — №1. — С. 45–50.
4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: enbek. gov. kz

# ҚР шағын және орта бизнесі даму тенденциялары

Назарова Гаухар Нұрғалиқызы, магистр-оқытушы;
Төлегенов Руслан, ЭҚЖ-711 тобының студенті
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының өз алдына қойып отырған міндеттерінің бірі- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы ретінде көрініс табуда. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының материалдық негізі ретінде үлкен рөл атқарады. Демек, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жақсаруы үстінде. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік — экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды жеткізуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей [1], бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге- қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсетті. Осы орайда елімізде көптеген шаралар жүзеге асуда. Олардың қатарында:

— шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі жұмыссыздықты азайтудың негізгі нысаны. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарлама жүзеге асқалы бері, елді- мекен тұрғындарының табысы 6% артты. Кедейшілік деңгейі 5,9%дан 3,8%- ға қысқарды.

— Мемлекет тарапынан қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасалып, шағын және орта кәсіп-




1-сурет. **ҚР ШОК жұмыспен қамтылғандар саны [2]**

*Ескерту: ҚР Статистикалық мәліметтерінен алынды*

керлікке қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау жүргізілуде.

— Шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіру жолында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қызмет атқарып жатыр.

— Ауылдық жерлерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлінуде. Бұл шараларды «Ауыл шаруашылықты қаржылық қолдау қоры» АҚ, «Қазагрофинанс» АҚ, «Продкорпорация» АҚ жүзеге асыруда.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы болып кәсіпкерліктің әртүрлі қырларын кеңінен қарастыру ғана емес, инновациялық тәсілдерді, дәстүрлі емес және озық технологияларды қолдану, ең жаңа өнімдер мен қызметтерді пайдалану да табылады. Қазақстанда шағын және орта бизнеске бірнеше инвесторлармен құрылатын, географиялық шектелген зоналарда қызмет ететін және нарықтың шектеулі үлесіне ие, басқаруды құрушылар жүзеге асыратын, барлық негізгі стратегиялық шешімдерді өздері қабылдайтын кәсіпорындар жатады.

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылған субъектілердің саны бойынша 2005–2016 жылдар аралығындағы көрсеткіштер соңғы 3 жылды салыстыратын болсақ, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар бойынша 2014 және 2015 жылдарда 39,5%ға артқан, ал 2015 және 2016 жылдарда 5,40%ға артады. Орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар алғашқы жылдары 31,8%ға кеміді, ал 2015 және 2016 жылдарда бұл көрсеткіш оң бағасын берді, алайда 0,3% ға ғана ұлғайған. Дара кәсіпкерлер бойынша көрсеткіштерде алғашқы жылдар аралығында 19,7% дық көрсеткіштермен ұлғайғандығымен, 2016 жылы 5,3% ға төмендегендігін көріп отырмыз. Соңғы шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша көрсеткіштерде 7,4% дық көрсеткіштермен оң көрсеткіштермен бағаланса, ал 2016 жылы 3,52%ға төмендегендігін көріп отырмыз.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін аса күрделі мәселелердің бірі — субъектілердің басым көпшілігінде жеке инвестициялық және айналымдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы. Сондай-ақ, қазіргі уақытта шағын және орта бизнестің дамуы бізде негізінен күрделі қаржы жұмсалымдарын аса қажет етпейтін салалар мен делдалдық салада орын алып отырғандығы да өркендеудің бір мәселесі болып отыр. Төмендегі суретке сәйкес, шағын және орта бизнес негізінен сауда, қоғамдық тамақтандыру, азаматтық нысандар құрылысы, техника мен машиналарды ұсақ жөндеу, ауыл шаруашылығы салаларында шоғырланған. Ал ғылыми-техникалық жаңалық пен ақпарат саласы секілді аса күшті нарық игерілмей отыр.




2-сурет. **ҚР шағын және орта бизнесте тіркелген салалар құрылымы [2]**

*Ескерту: ҚР Статистикалық мәлеметтерінен алынды*

Бұл суретте Шағын және орта бизнестің тіркелген заңды тұлғаларының салалық құрылымы бойынша көрсеткіштерді көруімізге болады. 2017 жылдың қаңтарының соңында Қазақстанда 800 мың ЖК (жеке кәсіпкерлік) саналған. Бұл — елдегі шағын және орта кәсіпкерлердің көрсеткіші 69%-ды құрайды. Өткен жылдан бері бұлар 15 пайызға азайған. Соның ішінде жеке кәсіпкерліктің 47 пайызы сауда саласында. 2015 жылдан бері шағын және орта бизнесті қаржыландыру қарқын ала бастады. 2014 жылдан бері банктердің берген несиесі 2,3 есеге артты. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда несие 29 пайыз ұлғайып, 3 трлн теңгеге жетті. Алайда тағы да Азия даму банкінің мәлімдеуінше, шағын және орта бизнестің тек 19 пайызы ғана несие алады екен. Ал қалғандарының қаржы көзін кәсіпорын иесі өзі қарызданып жүріп қамтамасыз ететін болып шықты. Оған себеп — бизнестің несие тарихының нашарлығы немесе қажетті құжаттардың болмауы. Несие негізінен сауда саласында (37%), құрылыс саласында (13%), өнеркәсіпте (13%) және экономиканың негізгі секторына кірмейтін өзге де салаларға беріледі. Қазақстанда еліміздің жалпы ішкі өнімінің едәуір бөлігін — өз қызметінде қосымша жұмыс күшін қажет етпейтін жаңа технологияларды қолдану мүмкіншілігі бар ірі кәсіпорындар құрайды. Мысалы, тау-кен өндірісі саласының кәсіпорындары капиталды қажет етеді және еліміздің тұрғындарының жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейіне сәл ғана әсер етеді. Осы саладағы табыс — жекелеген тұлғалардың шектеулі тобының қолында шоғырланған, ал бұл — қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің күшеюіне апарып соқтырады. «Голландиялық сырқаттың» кейбір белгілері

мен ресурстық қарғыс нышандарының белгілі бір деңгейде орын алып отырғандығын атап өтуге болады [3].

Шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдаулар және әкімшілік реттеу жүргізіліп жатқанмен, шағын кәсіпкерлік қызметтің нәтижелері әлі де жоғары деңгейде емес. Шаруашылық салаларын алатын болсақ, саудадан басқа жерде шағын және орта кәсіпкерліктің жетекші ықпалы байқалмайды.




3-сурет. **ҚР ШОК белсенді (жұмыс істеп тұрған) субъектілері [4]**

*Ескерту: ҚР Статистикалық мәлеметтерінен алынды*

Бұл суретте шағын және орта кәсіпкерліктің (жұмыс істеп тұрған) субъектілердің саны бойынша 2005–2015 жылдар аралығындағы статистикалық көрсеткіштер берілген. Бұл көрсеткіштердің 2014 және 2015 жылдарын салыстыра келе, шағын кәсіпкерліктегі жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың көрсеткіштері 2014 жылы 74829 мың заңды тұлғалар белсенді жұмыс жасаса, бұл көрсеткіш 2015 жылы 175679 мың субъектіні құрайды және де 134 %ға ұлғайған, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 2014 жылы 4559 заңды тұлға ал 2015 жылы 2097 ғана субъекті ғана жұмыс жасауда және де 54 %-ға төмендеген. Осы деректер бойынша дара кәсіпкерліктегі субъектілер 2014 және 2015 жылдарда 27 %-ға ұлғайған және де соңғы шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша 18,6 %-ға артқан.

Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақстанда тіркелген жеке кәсіпкерліктің (ЖК) 726 мыңы ауылда болса, 564 мыңы қала халқына тиесілі. Дегенмен үкімет қалаға қарағанда ауыл халқының іскер келетінін ескермей отырғанға ұқсайды. 2016 жылдың қорытындысына жүгінсек, Қазақстан қалаларында еңбек ресурсы құрылымындағы 15,4 пайыз азамат қана өзін-өзі жұмыспен қамтушылар болса, ауылдағы бұл көрсеткіш 39 пайызға тең. Сонымен қатар ауылдағы кәсіпкерлердің еңбек өнімділігі де артып келеді. Дәлірек айтсақ, ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамтушы азаматтардың 52 пайызы жеке кәсіпкер. Салыстыру үшін айта кетейік, 2013 жылы бұл көрсеткіш 35 пайыз болған. Ауыл халқының кәсіпкерлікке деген ынтасының жоғарылығына қарамастан, банктер қалалық жердегі азаматтармен көбірек жұмыс істегенді жөн көреді. Ауыл кәсіпкерлері үшін арнайы несие түрінің жоқтығы да ауыл бизнесінің несие алуына кедергісін келтіріп отыр [5].

Қорытындылай келе, шағын және орта бизнестің рөлінің артуын кәсіпкерлер форумының тұрақты жүргізілуі шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының құрылу, барлық екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие берудің минимал мөлшерін тағайындауы (банктің несие қоржынының негізгі қраыздан 10 %-тен за болмау), орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау агенттігінің құрылуы, шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша әкімдердің қызметін қатаң қадағалау, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыстарына жағдай жасау және жеңілдіктер беру. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының заманауи шарттары — нарықтық ортада жұмыс істеуге барынша дайын болуы тиіс кәсіпкерлердің контингентін жаңарту қажеттілігін анықтайды. Отандық экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, шағын және орта кәсіпкерлік секторы үшін мамандарды ұдайы даярлауды жүзеге асырып отыру қажет.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстандық жол — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу тәртіптемесі: http://www. akorda. kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-29-yanvarya-2010-goda_1340624693 (Жолдаудың күні: 05.02.14 ж.).

2. Статистикалық деректер // Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу тәртіптемесі: http://www. stat. gov. kz/ (Жодаудың күні: 05.02.14 ж.).
3. Алиев Т.М. Қазақстан: «ресурстық қарғыс» немесе «голландиялық сырқат»? // Экономика мәселелері. — 2013. — № 6. — 17–35 б.
4. http://stat. gov. kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersSMEnterprises?_afrLoop=3236786985920655#%40%3F_afrLoop%3D3236786985920655%26_adf. ctrl-state%3D5aud72mht_34
5. http://abctv. kz/kz/news/dagdarys-kezinde-shagyn-biznesti-koldaudagy-kemshilikter

## Жаңа діни ағымдардың адам жан дүниесіне кері әсері

Нұрмахан Нұржан Османұлы, магистрант;
Сабырұлы Абылхайыр, магистрант
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Бұл зерттеу жұмысымда ең алдымен «жаңа діни ағымдар» ұғымына тоқталғанды жөн санаймын. Соңғы уақыттарда жиі айтылатын бұл ұғым ең алғаш батыс дінтану ғылымында (New religious) пайда болды. Орналасқан кеңістігі, әдет-ғұрпы, ойлау жүйесі, әлеуметтік және саяси жағдайы, дүниетанымы христиан дініне негізделген батыс елдерінде жаңа діни ағымдардың дүниеге келуіне көптеген себептер бар.

Батыста жаңа діни ағымдар деген категориялар бар. Бұлар қолдан жасалған діндер. Дін деген ұғым Алла мен адам және әлем арасын байланыстыратын күш деп ислам тұрғысынан есептейміз. Алайда батыс олай ойламайды. Позитивизмде адамды рухтан, эпицентрден ажыратып тастаған. Ал бүгінгі жаңа діни ағымдарға қарасақ Алланың киелілігін адамға жібере бастаған. Жаңа діни ағымдар дегенімізде жаңа бір құдай емес тұлғалардың соңынан ергендігін көреміз. Ал бірақ ислам дінінде тұлғалардың артынан кетіп жатқан ағымдар бар ма? Иманентизмнің нәтижесінде Құдай адамға айналып отыр. Иманентизм христиан дінінің табиғатында бар. Алла материяның ішінде болса иманентті болады. Ал әлемнен тыс дейтін болсақ, яғни заһир онда транцендентті. Христиан дінінде Иса әрі құдай әрі адам. Алланың өзі адам кейпінде келіп тұр. Демек иманентизм бар. Сол иманентизмнің нәтижесінде Алланың өзі адамға айналып отыр, тұлғаға айналып отыр.

Жаңа діни ағымдардың сенім негіздері түбегейлі өзгертілген. Яғни «Құдай», «Пайғамбар» ұғымдары христиан дінінің сенім негіздерінен айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сенім негіздері, құлшылық бағыты мен обьектісі өзгертілген жаңа діни ағымдарға секталар жатады. Секта (лат. тіл. *«мектеп», «ілім»)* — негізгі (қалыптасқан, басым) діни бағытқа қарама-қарсы бағытта пайда болған діни бірлестіктің ерекше түрі. Секталар үшін қоғамнан оқшаулану және доктринаның, идеялық қағидаттарының, құндылықтарының өзгешелігі жөніндегі талап қоюы тән [1, 21 б.]. Секта ұғымының анықтамасын оқи отырып, оның қалыптасу тарихы негізгі діни бағытқа қарсылық танытудан басталғанын аңғарамыз. Христиан дінінен шіркеудің ықпалымен бөлектенген ұсақ тармақтар атауы ересь пен секта деп аталды.

Христиан тарихында ұзақ мерзімді қамтыған даулар соңы сектаның пайда болуына келіп тірелді. Секталардың пайда болуына тек теологиялық мәселелер емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық, саяси, психологиялық себептер де жатады. Мәселен, шіркеу қызметкерінің билігі, шіркеуге жиналатын салық, шіркеудің рұқсаты сияқты көптеген тыйымдар мен басынулар қара халықтың наразылығын тудырды.

Секта өзіндік рәсімі бойынша оқшауланған сенушілерден құралады және өздерінің құрастырған догмаларына сүйеніп, өз діндерінің (христиан) сенімі мен рәсімін, сонымен қатар Құдай ұғымын да жоққа шығарады. Секта басшылары өздерінің секталарының пайда болуын ғасырлар тереңіне кіргізуге тырысады. Бұл тәсілдің мақсаты мен келер пайдасы — адамдардың ақиқатты табуы қиындыққа соғады. Демек, секталардың пайда болуын бірнеше ғасырларды қамтығаны адамдардың оңай сенуі үшін, екінші жағынан, тарихының бай екендігін білдіргісі келеді. Екіншіден, секта басшылары секта құрылу тарихын шытырман түрінде көрсетіп, демократиялық сипаттағы ежелгі секталармен байланыстырады. Алғашқыдан келе жатқан секталар аттарын өзгерткенімен, құрылымы мен сипаты сол қалпында жалғасын табуда.

Сектаның пайда болу себептерінің бірі теологиялық мәселе болғандықтан, осы тақырыпта сөз қозғағанды жөн көрдім. Мәселен шіркеу қызметкерлері адамның күнәларын тазартуы, шіркеу иерархиясы «Адам- құдайдың шіркеуі» формуласына және «демократизм» принцибіне қарсы келеді. Сектаның негізгі құрылымы — қауым. Әрбір секта мүшесі міндетті түрде өздерінің сенім негіздерін белсенді насихаттау керек. Жаңа мүшелерді кіргізіп, секта мүшелерінің санын арттыру қажет.

Қауым — сектаның негізгі құрылымы. Әрбір секта мүшесінің өзіне тән міндеттелген тапсырмалары мен функиялары бар. Секта басшысына бағыну әрбір мүшеге қатысты. Қаржы мәселесіне жауап беретін бір адам, көпшілікпен кездесіп семинар, үйірмелер, сұхбаттасулар

сияқты іс-шараларға жауап беретін бір адам секта мүшелерінің арасынан тағайындалады. Белгілі бір деңгейде демократия көрінісі болғанымен, секта басшылары ерекше орынға ие болып қала береді. Сектаны басқару типі бойынша классификация жасау орынды:

— харизматикалық секта — қалыптасуы мен құрылымы жаңадан пайда болған пайғамбар немесе діни жетекшімен тікелей байланысты.

— авторитарлық секта — ежелден гендік тұрғыда келе жатқан «жетекшімен» тікелей байланысты туындаған дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенетін басшылық.

— иерархиялық секта — шіркеу типтегі секта; секта мүшелері басшылыққа басшының еңбегі үшін емес, сектаның ережесі бойынша әркімге белгіленген орын үшін бағынады.

— Теократиялық секта — діни-теократиялық ұйым құруға талпынады. Бұл типтегі сектаға Иеоһова куәгерлерін жатқызуға болады [2, 56 б.].

Басым көпшілігінде секта басшысына бағыну, иерархиялық жүйе және төмен таптағы секта мүшелерінің болуы байқалады. Төмен таптағы мүшелержоғарғы таптағыларды «олар тікелей құдайдың қалауымен отырды, оның қалауын орындайды» деп сезінуге талпынады.

Сонымен секта дегеніміз қоғаммен бірікпейтін, өздерінің бекіткен қағидаларымен тұйықталған ұйым немесе адамдар тобы. Алайда «секта» мен «деструктивті секта» ұғымдарының ара жігін ашу керек. Мәселен секта деп дәстүрлі діндерден бөлінген, қоғамға зияны жоқ бүкіл жаңадан құрылған діни ағымдарды айтуымызға болады. Бұл категорияға біз протестанттарды жатқызуымызға болады. Бірақ жаңадан құрылған жаңа діни ағымдардың ішінде қоғамға зияны тиетін, мемлекеттің құрылымы мен жүйесіне қарсы ағымдар да бар. Бұл ағымдар «деструктивті секта» деп аталады. Оларға «Аум синрике», «Иеоһова куәгерлері» және тағы басқа да ағымдар жатады. Яғни деструктивті секта дегеніміз — дәстүрлі діндерден бөлінген, оларды дін ретінде мойындамайтын, жеке көзқарастары мен діни догматикаларын қалыптастырған, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы және қоғамдық құрылыстарға кері әсерін тигізуші тар шеңберлі көзқарастағы адамдардан құралған топ. Елімізде жұмыстарын қарқынды түрде жүргізіп жатқан деструктивті секталар бар. Олар елімізге XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресейден саяси жер аударылған неміс переселендері арқылы келген. Деструктивті секталардың жаппай елімізге ағылуының екінші толқыныегемендігімізді алғаннан кейін басталды. Қазіргі таңда бұл діни ұйымдардың қоғамға кері әсері байқалуда.

Деструктивті секталардың ерекшеліктері мен белгілері:

— жабықтық, өз мүшелерін басқа әлемнен оқшаулауға тырысушылық;

— түрлі тәсілді қолданып, өз түсініктері мен танымын тықпалау, миссионерлікпен айналысу. Адамдардың бүкіл бос уақытын қалдырмайтындай етіп тапсырмалар беру арқылы айтқанынан шықпайтын мәңгүртке айналдыру

— орнықты, анық ілімінің болмауы;

— өз мүшелерінің санасы мен мінез-құлқына бақылау орнату, басқа адамдарға, туыстарына қатысты теріс түсінік қалыптастыру;

— көшбасшысын пір тұту. Діни ағымның негізін салушыға ақылға салмай, құлай табыну. Бұның негізінде адамды қоғамнан оқшаулау, олардың санасына өздерінің ерекше екендігін сіңіру құралы тұр. Бұл ерекшелік «жаңа ұлт», «жаңа қауым», т. с. с. ұғымдар арқылы көрініс береді. Қауымға кірмеген басқа адамдар тумысынан кембағал, көрсоқыр, ақ пен қараны айыра алмайтын бейшара жандар деп жарияланады;

— діни ағымның құрығына түсіп қалған туысын кері қайтармақ болған адамдарға психологиялық тұрғыдан қысым жасау, күш көрсету.

— діни ұйымның басшылығының құпиялылығы. Ұйымның төменгі сатысындағы адамдар оларды толық біле бермейді;

— әдептен аттауға, жеңіл жүріске салынуды қалыпты жай ретінде қарап, оны белсенді түрде үгіттеу;

— дүниетанымдық ілімдерінің қарадүрсіндігі, қисынсыздығы;

— дәстүрлі отбасы мен мемлекетке теріс қарым-қатынас қалыптастыру;

— адамның санасы мен мінез-құлқына әсер ететін тыйым салынған әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдалануы [2, 124 б.].

Деструктивті секталар мен экстремистік ағымдардың адам санасына әсері дегенімізде діннің психологиялық әсерлері мен функциялары жайында сөз қозғағанымыз жөн. Себебі дін әр индивидке оң немесе теріс әсерін береді. Оң немесе теріс әсер деп отырғанымыз діннің шынайылығына байланысты. Осы тұрғыдан алатын болсақ, менің пікірімше Алладан келген Хақ дін адамның психологиясына кері әсерін тигізбейді, керісінше адамның өмірге деген құштарлығы артып, өмірдің мәнін түсініп, адамгершілік, әділдік, шыншылдық сияқты принциптерді үйренеді. Қоғамда индивидтермен қалай қарым-қатынас жасауды, адамдар арасында тепе-теңдіктің сақталуын, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін, толеранттылық принципін ұстануды ұсынатын Хақ дін болып табылады. Демек бұл принциптер адамға оң әсерін береді.

Діннің адамға оң әсерін беруімен қоса теріс әсерін береді. Яғни Хақ діннен бөлінген, белгілі адамдардың мақсат-мүддесін ғана көздейтін жалған діндер міндетті түрде индивидке теріс әсерін береді. Осы пікір жайында Фрейд пен оның ізбасарлары бастаған кейбір зерттеушілер діндердің адам психологиясын тоқырауға алып келетін, адамның жан саулығы тепе-теңдігін бұзатын әсерлері бар екендігін алға тартты және осы көзқарасты дәлелдеуге талпынды. Кейбір дін психологтарының пікірінше діни сенімдер мен практикалардың жан саулығына теріс әсер етуі — діни қағидалар мен діннің негізгі ұстанымдарын дұрыс түсінбеуден деп санайды. Себебі діннің тек сыртқы формасына ғана үңіліп, ішкі мәнін түсінбеуінен діни фанатизмге

тірелетіні анық. Діни сауаттың төмендігі психологиялық тоқырауға ұшырауына әкеп соғады. Демек діни қағидаларды толық түсінбеуінен, діни талаптарға сай өмір сүре алмауына туындайтын кінәлілік, күнәлілік сезімдер адамды психологиялық ауруға ұшыратады.

Психологиялық бақылау мен сананы реформалау техникаларын ағым мүшесіне қолданған кезде, оның ішінде әрдайым қақтығыстар болады, өзімен өзі соғысады. Оның ішінде екі тұлғалық өмір сүреді, біреуі шынайы, екіншісі қолдан жасалынған. Кейде ол барлығын білетін фанат, тәкаппарлық және шыдамсыздықты көрсететін ағым жаргондарымен сөйлейді. Кейде бұрынғы әдеттері мен қылықтары қалпына келеді. Кездейсоқ кезде қайтадан ағымның психологиясы білінеді. Әдетте санада тек бір тұлғалық қана басым болады, көп жағдайда «ағымның» тұлғалығы басымдық көрсетеді, ал шынайы тұлғалығы анда-санда көрінеді. Екі тұлғалықтың қайсысы басым екенін білу қиын емес, себебі әрқайсысының өзіндік сипаттары бар. Бұлардың бір бірінен айырмашылығы сөйлеу мәнерінде, қылықтарында болып табылады [3, 56 б.].

Адамның ойлануы, еске алуы, мойындауы, сезуі және білуі — бұлардың барлығы ми қызметінің нәтижесі. Әрбір адамның оқуы, үйренуі және сезуінде өзіндік ерекшеліктері бар, себебі жүйке жүйесінің даму процесінде оның жадында белгілі бір ақпарат жинақталады (импринт). Келесі шартты рефлекстерді қалыптастыру үшін әрбір импринт позитивті немесе негативті фокусты анықтайды. Адамның қалай ақиқатты қабылдауын дәл сол импринттер мен шартты рефлекстер анықтайды. Қабылдау қабілеті жоғарылаған кезде арнайы техникалар арқылы адамның импринтін осал қалыпқа түсіруге, сосын оны қайта программалауға болады. Жаңа импринттер мен жаңа шартты рефлекстерді жасау арқылы сананы, танымды, ақиқатты қабылдауын, ойлану моделін өзгертуге болады. Ми қайта қосылғандай болып, басқаша жұмыс жасай бастайды. Адамның санасы өзгереді және ол тек өзіне жүктелген «ақиқатты» ғана ақиқат деп таниды. Автоматты түрде електен өткізу процесі жүреді, яғни оның санасына жүктелген ақпарат қана ақиқат деп саналады. Адамдарға нейрологиялық әдіс қолдана отырып, секта шынайы тұлғалығын өшіріп, «жаңа» сана жасайды.

Қазіргі таңдағы маңызды болған мәселенің бірі бұлдәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтерін ретке келтіру. Олардың әрекеттері қоғамда негативті көзқарастар туғызып, миссионерлік әрекеттерінде белсенді түрде жүргізіп отыр. Қоғам мүшелерінің көпшілігі өзінің тарихи, дәстүрлі діндерінен шығып, секталардың мүшелеріне айналуда. Осының негізінде дәстүрлі отбасылық және қоғамдық қарым- қатынастың діни негізде бұзылуы орын алып жатыр. Бұл туралы мемлекет әзірге заң жүзінде шара қолданып жатқан жоқ, тек қоғамда қарсы пікір ғана бар. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтерін заң арқылы реттеу керек. Ол үшін біздің еліміздегі діни ахуалды, діни қатынастарды, әсіресе олардың әдіс- амалдарын, қаржылық көздерін, еліміздегі ұлтаралық және дінаралық бірлік пен тұтастыққа тигізіп отырған залалдарын терең зерттеу керек.

Әдебиет:


1. Діни терминдер мен ұғымдардың анықтамалығы. Астана 2013.
2. Федоренко Ф. Секты, их вера и дела. М., 1965.
3. Лири Т., Стюарт М. и др. Технологии изменения в деструктивных культах
4. www. mckr. kz
5. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар, Астана, ҒЗТО, 2014.


# Investigation of psychological defense strategies in communication among high school students with different character accentuations

Pazylova Kalamkas Asetullaevna, Senior Lecturer
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan)

The article deals with the question of the correlation of strategies of psychological defense in communication with accentuations of character in adolescence. The content of the terms «character», «accentuation», «psychological defense» is revealed, and a brief description of the youthful age is given. The relevance of the study is substantiated. The characteristics of the sample and the procedure for the study are presented. The dominant strategies of psychological defense in communication and their similarity in high school students with certain character accentuations are described. The types of accentuations are determined without the expressed predominance of a concrete psychological defense strategy. The strategies peculiar to students without accentuations of character are revealed.

The youth age was separated into an independent period of a person»s life relatively recently, at the end of the

19th century, in connection with the processes of industrialization and urbanization [1]. According to most modern authors, youth covers the period from 14–15 to 18 years and is a transition stage from adolescence to adulthood [2]. At this age, self-awareness is actively developing, a worldview is developing, personal and professional self-determination is taking place [3]. The process of character formation continues. In psychology, the term «character» is regarded as «a set of stable individual characteristics of the personality that are formed and manifested in activity and communication, causing typical for her ways of behavior» [4]. Character is a structural entity. In its structure, it is possible to distinguish individual sides or features. Character traits are «individual habitual forms of human behavior, in which his attitude to reality is realized» [4; 49]. Steady personality traits determine the attitude of a person to the surrounding world, the activities performed, to other people and to himself. These relationships are fixed in the forms of behavior, communication and activity that are habitual for man.

Жоғарыда атап өткеніміздей, халық емшілігі емді адам жанына терең үңіліп, емді адам жанын сауықтырудан бастайды. Сонымен, бұл сырды ашу үшін еңәуелі әлем мен Адамның екі бөліктен тұратынына өзіміз көз жеткізіп, дәлелдеп алуымыз керек. Бұған көз жеткізбей жатып, бұл мәселенің құпиясына терең бойлау мүмкін емес.

Сонымен, әлем екі бөліктен тұратындығы еңозықғылым тарапынан дәлелденген. Біз осы ғылыми жетістікті қарапайым оқырманның санасы қабылдай алатындай деңгейде талдап, түсіндіріп беруді мақсат тұтамыз.

Екі әлем: Көзге көрінетін «Өрескел материя» және көзге көрінбейтін «Нәзік әлем».

«Өрескел материя» төрт қабаттан тұрады. Олар: 1. Қатты дене; 2. Сұйықтық; 3. Газ тектес; 4. Плазма. Ал, көрінбейтін әлем, яғни «Нәзік әлем» үш бөліктен тұрады: 1. Физикалық вакуум; 2. Сана өрісі; 3. Абсолюттік еш нәрсе.

Міне, әлем осындай жеті бөліктен құралған. Біз бүгінгі күні тек төрт қабатты ғана мойындап, соны ғылымда қолданып жүрміз. Ал, орта ғасырларда болса, біздің ата-бабаларымыз бұл мәселені толық мойындап, олар туралы бірқатар еңбектер қалдырған. Бірақ, бұл еңбектер Батыс әлемінің бұрмалаушылық ықпалымен кең таралмай, әрі қолданысқа терең енбей қалды. Олардың бастау алар дерек көздері негізінен Құран, Хадис, Хикмет және ата-бабадан жалғасын тауып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-тыйым, наным-сенім, танымы болды. Осылардың негізінде дүниені «Үлкен әлем» деп қабылдаса, адамды «Кіші әлем» деп ұғынған. Кішісі үлкеннің дәл көшірмесі іспетті түсінген. Осы түсініктерге сүйеніп, адам баласы тек тәннен ғана емес, сонымен қатар жаннан және рухтан құралады деп түйсінген. Ол пайымдауларды былай етіп түсінікті түрде өрнектеуге болады Т+Ж+Р=А. Мұндағы А-адам, яғни Адам баласы аталған үш заттан құралады екен. Адам баласы «Үлкен әлем» сияқты көрінетін және көрінбейтін заттардан тұрады. Егер

«Тән» тек физикалық денені құраса, «Рух» энергетикалық денені құрайды. Бірақ, олар көзге көрінбейді. Ал, жан болса екеуіне де қажет. Яғни, тәннің жаны болмаса өсіп-жетіле алмайды. Рухтың жаны болмаса, ол қозғала алмайды. Сондықтан, тәни жан және рухани жан деп екіге бөліп қарастыруға болады. Тәни жан тәнмен бірге жерге топыраққа қайта енер болса, рухани жан әуел баста Алла тарапынан келгендіктен, қайтадан рухтар әлеміне, яғни Алланың құзырына көтеріліп, өз өмірін ақырзаманға дейін жалғастыра береді. Міне, сондықтан да Адам баласын емдегенде ең әуелі оның жанын (рухын) сауықтыру қажет. Тек содан кейін барып тәнді емдеуге кірісуге болады. Сондықтан да «Сырқат біреу, ал оның емі екі түрлі болмақ». «Жаны саудың тәні сау», деген тұжырымның орын алуы Адам баласының жаны (рухы) сау болса, оның тәні де сау болатынын сезгендіктен де орын алған болса керек.

Ал, бүгінгі таңда дәстүрлі медицина халықтық медицинаны жоққа шығарып, тек қана тәнді емдеумен айналысуда. Сондықтан да жүйке сырқаттары күн санап көбейуде. Қоршаған ортаның, адам мекені жердің аса ластануы орын алып отырған осы кезеңде бас-басына жеке-жеке тартпай, дәстүрлі медицина мен халықтық медицина бірге қызмет етер болса, онда осындай қиыншылықтардан шығудың жолын табуға болар еді.

Әрине, халықтық емшіліктің кейбір емдерін оқу арқылы меңгеру қиын. Себебі, олар атадан-балаға (ген) ұрық арқылы жалғасып келетін қасиет түрінде болады. Сондықтан, бойында тегінде ондай қасиеті бар адамдарды іріктеп, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Сол кезде оларды ғылымға жақындатып, құпияларына үңілуге болады.

Қазіргі кезде «Шығыс медицинасы» деген ұғыммен көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Бірақ, бәрібір де олардың басым бөлігі тек тәнді емдеуге арналып жүр. Тәнді және жанды емдеудегі ара жікті айыра білу үшін көрінетін және көрінбейтін әлем арасындағы байланыстарды жете түсінген жөн.

Жалпы Алла тағала 18-мың ғаламды жаратты, оны үшке бөлді. Оның 6-мыңы кристалдар (тастар), 6-мыңы — флора (өсімдіктер), 6-мыңы — фауна (тірі жандар). Осылардың баршасы да тек төрт заттан тұрады: 1-топырақ, 2-су, 3-от, 4-ауа. Әлемдегі қайсыбір затты алсақ та осы төрт заттан құралғандығына көз жеткіземіз. Осы айтылғандар үлкен әлемде болса, мұның бәрі Адам баласында да бар. Адам да осы төрт заттан тұрады. Егер осы төрт зат Адам баласының денесінде қалай, қайтіп жайласқанын меңгерер болсақ, құпия сырдың қыры-сырына сәуле түсер еді. Мәселен, топырақ. Топырақта бүкіл әлемдегі химиялық элементтер бар. Су, суда — әлемдегі өзге химиялық элементтер бар. Адам тәнінің құрамының 80% судан тұратынын ескерер болсақ, онда оның алар маңызын да жете түсінген болар едік. Ал, отқа келер болсақ, ол «Түтінсіз от» делінген, яғни әлемдегі бүкіл энергия көздері. Енді ауаға келер болсақ, ауасыз ешбір тірі жан өмір сүре алмайды. Осы төрт заттың екеуі көзге көрінеді, ал екеуі көзге көрінбейді. Бірақ, біз оны сеземіз, олардың бар екендігін білеміз. Міне осы оттың (энергияның) қалай келетіндігін түсіндіріп өтейік.

Адам баласында 360-тан астам жүке нүктелері болады. 12-энергетикалық арна 12-мүшеге арналған. Соларды қажетті қуатпен қамтамасыз етіп отырады. Сонымен қатар, тағы да екі арна омыртқа арқылы өтеді, бірі энергияны қабылдаса, екіншісі оны қайта шығарып отырады.

Адам баласында 4-өмірлік нүкте болады. Олар: маңдайда; екі жауырынның астында; көкіректе; күнтүйнегі нүктесінде орналасқан болады. Бұдан да басқа төбеден құйымшаққа дейін омыртқаны бойлай жайласққан жеті энергетикалық нүктелер болады. Міне осы жеті энергетикалық нүкте арқылы денеге, дененің сыртына көрінбейтін энергиялар бөлініп шығып тұрады. Мұны Шығыс медицинасында «Чакра» дейді (мұны энергетикалық ұстын немесе желі десе де болады). Міне осы жеті энергетикалық нүктенің омыртқада жайласқан жерлері: 1. Төбеде, 2. Маңдайда, 3. Көңірдекте, 4. Жүрек тұсында, 5. Кіндікте, 6. Кіндіктен сәл төмен жерде, 7. Құйымшақ ұшында. Осы нүктелер сыртқы әлемнен алған энергияларын өңдеп жеті түрлі-түсті сәуле шығарып тұрады. Мұны ғылымда «Спектр» — дейді. Егер осы жеті нүктенің біреуі өз қызметін тоқтатса немесе әлсіресе онда Адам сырқат бола бастайды. Оны емдеудің жолы тек сол нүктені қайта іске қосу болып табылады. Бұл тек халық емшілерінің ғана қолынан келеді. Бұл өте күрделі де құпиялы іс. Бұдан басқа Адам денесінде түрлі бездер болады. Олардың бәрі де әртүрлі химиялық элементтерді өздерінен бөліп тұрады. Адам сырқаттанғанда осы бездер өз қызметін тоқтатады немесе нашарлап, химиялық элементтерді аз мөлшерде бөлетін болады. Сондықтан сырқат асқынып кетеді. Бұларды іске қосу үшін де тағы да халық емшілеріне жү‰гінгеніміз дұрыс болмақ. Олар мұны емдеудің жолдарын біледі. Бұлармен қатар, Адамның денесінде төбеден құйымшаққа дейін қоршап тұратын жұмыртқа тәрізді үш қабат энергетикалық дене болады. Оны «Аура» — деп атайды. Міне бұл арада өз қызметін әлгі жеті энергетикалық нүктеден шыққан энергиялар арқылы іске асырылып отырады. Сондықтан, осы айтылған жеті энергетикалық нүкте өз қызметін үздіксіз әрі мүлтіксіз орындап отыруы қажет. Міне, осы айтылғандардың бәрі де Адамның «Жан» саулығына байланысты, ал мұны дәстүрлі медицина осы күнге дейін меңгерген емес. Соның салдарынан жүйке, жүрек, ми аурулары күн санап көбеюде. Сондықтан, бүгінгі таңда, осыларды дәстүрлі медицина мамандарына меңгертіп түсіндіру керек, әрі халық емшілерімен бірге қызмет етуге шақыру қажет. Сонда ғана «Бір сырқатқа неге екі түрлі ем жасалып» келе жатқанының сыры айқындала түседі.

Ал, енді, мұндай ерекше қасиеті бар емшілерге берер кеңесіміз, олар өздерінің бұл қасиеттері жоғалып кетпеу үшін: біріншіден; Бес парызды орындау керек. 2. Салтдәстүрден хабары болуы тиіс. 3. Құранды меңгергені жөн. 4. Хадисті үйреніп, оны мүмкіндігінде ұстанғаны дұрыс. 5. Хикметті игеру. 6. Заңды түрде құжатты болуы. 7. Бір ұстаздан «Бата» алуы қажет. 8. Жергілікті медицина қыз-

меткерлерімен байланыста болуы. 9. Өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыру. 10. Ем жүргізетін жерін таза ұстау. 11. Келген сырқат пен пайдалы сұхбат кеңес өткізу. 12. Өзінің шамасы келмесе басқаға жол сілтеу.т. б.

Халықтық медицина мен дәстүрлі медицина арасындағы ерекшелікті айтып өтейік. Мәселен; «Көз тиді» — деген ұғым бар. Мұны дәстүрлі медицинада суық тиді деп қабылдайды. Себебі рентген де солай көрсетеді. Өйткені, өкпеде дақ пайда болады. Бұған суықтықты қайтаратын көптеген дәрі-дәрмектер қолданып емдейді. Бірақ, одан ешқандай нәтиже шықпайды. Себебі, ол сырқат емес, адамның көзінен бөлінген биоэнергиядан пайда болған. Сондықтан оны тез арада емшіге алып барса, ол түкіріп, ұшықтап немесе дем салып қайтарады. Егер, қол тигізбей емдейтін қабілеті болса, онда сеанс жасап, әлгі тіл, көзді алып тастайды. Осы сияқты Адам жүйке ауруына шалдыққан болса да осылай болады. Себебі, мұнда да Адам денесіндегі энергиялар шатысқан болады. Әрі соны қалпына келтіру қажет. Мұны тек биоэнергиясы бар Адам ғана қалпына келтіре алады.

Бұл жерде дәстүрлі медицина жәрдемі мүлдем қажетсіз дегендік емес, Адам біраз жеңілдеген соң, дәстүрлі медицина жәрдеміне жүгінсе болады.

Қалай болғанда да, дәстүрлі медицина Адамды тек физикалық тұрғыдан емдейді. Әрине, бұл жетістіктерді жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, Адамның екінші жағы анатомиялық құрылысынан да басқа рухани әлемінің бар екендігі ұмыт қалып отыр. Сондықтан да осы екінші рухани жағының бар екендігін ескерген дұрыс болар еді. Ал, халық емшілерін оқыту арқылы үйрету мүмкін емес, тек өздеріндегі құпия сырдың себеп-салдарын ғылыми тұрғдан түсіндіріп өткен жөн. Себебі, оларға негізінен хабар жоғарыдан сана өрісінен келіп отырады және ол тек өздерінің ата-тектерінде, яғни генінде жайласқан. Олар өз уақыты келгенде оянып, халыққа қызметін көрсетеді. Тек, сол келген қасиетті таза ұстап қалудың жолын үйрету қажет, әрі ғылыми тұрғыдан қағаз бетіне жазба түрінде түсіруге ұмтылған жөн. Бұл өте күрделі дүние, себебі осы уақытқа дейін атадан-балаға тек ауызша үйрету арқылы жалғасып келген. Енді, келер ұрпаққа бағыт-бағдар беріп отыру үшін бір жүйеге түсірсек, өте құнды дүние болар еді. Адам барда ауру бар. Олай болса, оған ем де қажет. Ал, енді оны қалай емдеу керек, ол ғасырлар бойы жалғасқан дәстүр. Мұны үзіп алмау керек. Себебі, бүгінгі экологиялық, жаһандану т. б. келеңсіз жағдайлардың әсерінен Адамдар өз қадыр-қасиеттерін жоғалтып алып жатыр. Соған тосқауыл қояр бірден-бір жол, ол осы ата-дәстүрін үзіп алмау және оны келер ұрпаққа қаймағын бұзбай жеткізу.

Енді бүгінгі таңда халық емшілерін оқыту керек. Олардың білімі жоқ деген әңгіме қарқын алып барады. Ол әңгіменің кей тұсынан қарастырғанда дұрыс та. Себебі, бүгінгі таңда ғылым, білім жоғары дәрежеге көтеріліп кеткен. Сондықтан да мұны ескеруіміз керек.

Бірақ, халық емшілерінің ерекше қасиеттерін де жоққа шығаруға болмайды. Міне, осыларды анықтау үшін орта ғасыр еңбектеріне көп көңіл бөлу қажет. Қысқа мерзімді оқыту жолдарын қарастыруға болады. Тек, ұстаздар түрлі салада болуы керек.

Біздің негізгі мақсатымыз; мұндай оқуды ұйымдастыру рухани астана Түркістанда болса деп ойлаймыз. Бұл жерде осы мәселе бойынша біраз іс-шаралар жасалған, ұстаздар да баршылық. Оның үстіне бұл оқу негізінен Құран, Хадис, Хикмет, салт-дәстүрге бейімделгендіктен, осы жөнінде көптеген еңбектер де баспадан жарық көрген. Оның үстіне бұл жерде әулиелі жерлер де көп. Шариғат, Сопылық, дәстүр мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдар да бар. Сондықтан, аз да болса саз етіп осы жерден халық емшілерін дайындау қолға алынса дұрыс болар еді. Халық медицинасы жайлы жазылған еңбектер де бар. Еңбек авторлары да осы рухани астанада тұрады. Кітаптармен қоса бейнетаспалар да дайындалған. Міне осы мәселелермен танысқан кез-келген халық емшісі жаман жолға бармайды деп ойлаймыз.

Міне осылай еткенде ғана «Бір сырқатқа екі ем түрін» де үйлесімді пайдалана алатын боламыз.

Турасын Алла біледі. Әмин!!!

Әдебиет:


1. Құран Кәрім (қазақша мағына және түсінігі), аударған Халифа Алтай, Сауд Арабия,»Құран шариф басым комбинаты» 1991, 662 бет.
2. Хадис (Ал — жамиғ Ас — сахих) Абу Абдуллах Мұхаммед ибн Ислам Ал — Бухарий. (Закиржон Ислам таржимаси (өзбек тілінде)). Ташкент, «Қомрон» 1991, 560 бет.
3. Қожа Ахмет Йассауй «Диуани Хикмет»(ақыл кітабы) М. Жармұхаммедұлы т. б. (түп нұсқа, қолжазба араб графигімен, қасында транскрипциясы шағатай тілінде және қазақша аудармасы), Алматы, «Мұраттас» 1993, 261 бет.
4. Мур К., Зиндани А., Ахмед М. «Коран и современная наука»(сравнительное исследование), Москва, «Россия» 1993, 60 стр.
5. Құрбанқожа С. Н. «Адам құпия»,Түркістан «Мырза» 2004, 36 бет.
6. Құрбанқожа С. Н. «Дәрі — дәрмексіз емдеудің құпия сырлары мен негіздері» Түркістан «Мырза» 2008, 230 бет.
7. Құрбанқожа С. Н. «Дұға күшінің физикалық негіздері»,Түркістан «Мырза» 2007, 167 бет.
8. Құрбанқожа С. Н. «Ұлттық тәрбие негіздері», Түркістан «Мырза» 2010, 582 бет.
9. ҚұрбанқожаС. Н. «Физические основы народной и нетрадиционной медицины», Түркістан «Мырза» 2009, 174 бет.

10. Байзақ. У. А., Байзакова. Б. У. «Медбиофизика» Түркістан «Тұран» 2015, 150 бет.
11. Тілеуқабылұлы Ө. «Шипагерлік баян». Баспаға дайындаған Нұртай Түменбайұлы (төте жазу, араб графикасында). «Үрімжі» — Қытай, «Денсаулық сақтау» (К) 1994, 506 бет.

## Орта Азиядағы діни-саяси әрекеттер

Тулеев Мақсат, магистр, аға оқытушы;
Шалғынбаев Бекжан, магистрант
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Кеңес өкіметі құлағаннан кейін, Орта Азия өңіріндегі идеологиялық бостық әр қалай діни ұйымдар мен секталардың экспансиясына ұшырадыу Біз осы мақаламызда Өзбектсан, Қырғызстан, Қазақстандағы діни ахуалға тоқталатын боламыз.

Қазіргі таңда радикалды топтардың (Хизб ут-Тахрирді қосқанда) танымалдығының артуы, және осы топтар мемлекет үшін үлкен қауіп тудыруы қаупі өсіп келеді. Оңтүстік Қырғызтандағы Хизб ут-Тахрир тобының саны туралы өте көп пікір бар, бірақ сарапшылардың көбі, тым болмағанда, осы тыйым салынған ұйымның мүшелерін тұтқындау басталған сәтте, және 2010 жылы этникалық зомбылықтан кейін жаңа мүшелерін жинақтауда секіріс болғанда бірнеше мың адам деген санмен келіседі.

Көптеген жылдар бойы Қырғызстан билігі көптеген көршілес мемлекеттер Хизб ут-Тахрир ұйымын экстремисттік деп санағанына қарамастан, бұл ұйымның мүшелері қауіпсіздікке қауіп төндірмейді дегенге сенбеді. Бірақ 2010 жылдан бастап елдік өзбекстандық жастары арасында өсіп келе жатқан діни радикалдықтың тәуекеліне алаңдаушылық пайда болды. Елден кетіп және Өзбекстанның Ислам қозғалысы немесе Ауғаныстан және Пәкістандағы Исламдық джихад ұйымы күштеріне қосылатын Қырғызстан азаматы болып табылатын жас өзбек ер азаматтардың үлкен саны туралы ресми емес деректер бар.

Ташкент те оңтүстік Қырғызстандағы радикализмнен қорқады. Баткен таулы аймағын ӨИҚ отрядтарының 1999 және 2010 жылдары екі рет қоршауға алуы туралы ондағылардың есінде және өзбек билігі ислам джихадшылары шекарадан өтіп кетіп, Қырғызстанда т ұрақтауы және сол жақтан Өзбекстан аумағына шабуыл жасауы туралы ескерткен болатын. Алайда өзбек билігі тәуекелді әсірелеуі де мүмкін, пәкістан-ауғанстан шекералары қаруланған джихадқа дайындық іздеуші Орталық Азия мен әлемнің басқа да нүктелерінің жастары үшін магнит болып қала беруде, және джихадшылар да әскери іс-әрекеттерге қатысуға келісуші өзбектерге қардылық сыйақы ұсынуда. 2010 жылы Қырғызстанда болған этникааралық зомбылық та өзбек-қырғыз шекарасының екі жағынан да ондаған, дәлірек айтсақ жүздеген өзбек жастарының джихад топтарына қосылуына түрткі болды.

Қауіпсіздік органдарының жергілікті қызметкерлерінің жағдайды бақылауға алмайтыны туралы өздеріне есеп беретіндігіне қарамастан, соңғы бірнеше жылда Қырғызстан полициясы терроризм, ӨИҚ-на мүшелікке, немесе басқа, террористтік ретінде тыйым салынған ұйымдарға мүшелікке айып тағылған жеке тұлғалар мен шағын топтардың бірқатарын қамауға алды. Қамауға алынғандардың арасында Сириядағы әскери әрекеттерге қатысу тәжірбиесі бар болуы мүмкін жас қырғыз азаматтары саны көбеюде, және Қырғызстан қазақ жастарының Түркиядағы байланыстарды жиі қолданумен, Сирияға бағыт алуындағы негізгі маршруттарының бірі болып отыр.

Қырғызстанда, көршілес Қазақстан сияқты, билік басындағылар барлық проблеманың көзі ретінде ең алдымен білімсіз молдаларды (жұмыссыз немесе ішінара жұмыссыз қырғыз және өзбек жастарын емес) айыптайды және мемлекет тарапынан мұқият бақылау және діни топтарды фертификаттаудың ережелерін қатаңдату экстремизммен күресу және терроризмнің алдын алудың ең жақсы жолдары деп санайды.

Өзбек билігі тәуелсіздік алғаннан бері және қазіргі күнге дейін ислам терроризмінен үнемі қорқыныш үстінде өмір сүруде. Бүгінгі таңда оларды Пәкістан-Ауған дәлізінде және Сирияда өзбек жауынгерлерінің болуы, және осы топтардың күш-жігері, сондай-ақ пайда болған жихадшылардың өзбек мұсылмандарын Интернет арқылы қол жетімді материалдар көмегімен тартуына алаңдатуда.

Сыртқы бақылаушылар өзбек үкіметі тәуекелді аса әсірелеп және бірнеше ретешқандай тікелей қауіп төндірмейтін топтарға «террорист» деп кінә тақты деп жиі шағымданып жатқан кезде, көбінде жас өзбектерден құралған қаруланған джихадтық топтар әлемдік джихадтық қозғалыстың бір бөлігі болды, Өзбекстан шекарасын кесіп өтіп және террористтік актілер үшін жауапкершілік тартты. Осы актілердің ішіндегі ең сұрапылы 1999 жылдың ақпанында Ташкенттегі бас үкіметтік ғимарттан алыс емес алты жерде бомбалар жарылғанда болды. Жауапкершілік ӨИҚ-на ілінген осы шабуылдардың нәтижесінде жиырмадан аса адам қаза болды және жүз жиырмадан астамы жарақаттанды.

Ферган аңғарының өзбек исламшылары Тәжікстанда өткен азаматтық соғыс кезінде исламдық топ жағында соғысу үшін сонда жөнелді, және жаңа мүшелерін Тәжікстандағы жаттығу лагерлеріне басқыншылықпен тартқан Өзбекстанның Ислам қозғалысымен (ӨИҚ)

бірікті. Өзбек үкіметінің қысымымен тәжік билігі ӨИҚ-сын Ауғаныстанға шығарумен, 1999 жылдың аяғында оларды елден кетуге мәжбүрледі, соңында олар күштерін Талибан жауынгерлерімен біріктірді.

2000 жылы өзбек үкіметі өзінің Тәжікстанмен шекарасының саңылаулығына алаңдап, осы шекараны миналауды бастады, бірақ 2004 жылы минасыздандыруға рұқсатын берді. Қырғызстанмен өзбек шекарасының кейбір бөліктері де миналанды, және Өзбекстан аумағына шекараны кесіп өтудің барлық пункттері екі елден де мұқият қадағаланды.

Өзбекстанға ӨИҚ-нан туындаған қауіп 2002 жылы Ауғаныстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштері (ҚЖХК) кампаниясының ӨИҚ-ның бас әскери командирі Джума Намангениді өлтіруі нәтижесінде өте үлкен шығынға ұшырауы себепті азайды. Қозғалыстың идеологиялық басшысы Тахир Юлдашев 2009 жылы Пәкістанда өлтірілді. Осы оқиғалар өткен жылдарда ӨИҚ құлады. Бір бөлігі Пәкістан мен Ауғаныстандағы әскери әрекеттерге бағдарланған ӨИҚ атауымен қайта құрылып, Талибанның құрама бөлігі болды. Басқа бөлігі дәл солай Пәкістан мен Ауғаныстан мекендейтін, бірақ кең әлемдік мақсаттары бар Исламдық джихад қозғалысына ауысты. Екі топ та Өзбекстаннан жаңа мүшелер жинауды жалғастыруда, және ИДҚ жаңа мүшелерін барлық аймақтан тартуда. Екі топ та Өзбекстандағы «құдайсыз» (кафирлік) үкіметті құлату мақсатына берік болып қалуда.

Қазақстандағы діни ахуал 2010 жылға дейін тұрақты боп келді, дегенмен 2011 жылы Ақтөбедегі болған жағдай мәселеге бей-жай қарауға болмайтынын дәлелдеп берді. Қазіргі таңда мемлекет өкіметтік және өкіметтік емес ұйымдармен, дәстүрлі діндердің қауымдастықтарымен тығыз жұмыс істеп, діни сананың маргиналданбауы үшін кешенді бағдарламалар жүйесін қолға алды. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін БҰҰ, МАГАТЭ, ШЫҰ сынды халықаралық ұйымдармен де өте тығыз жұмыс істеуде. Осы орайда дін туралы заңнаманы ұлттық-діни бірегейлік мәселесімен ұштастыратын қағидаттық ұстаным ретінде мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттіңжаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «қазақстандықтардың діни санасын елдің салт-дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес қалыптастыру» талабын айтуға болады. Ал дін мен дәстүр бірлігіне негізделген діни сана қалыптастыру мәселесі — бүкіл халықтың жұмыла көтеретін жүгі әрі бойында ұлтына деген сүйіспеншілігі бар әрбір азаматтың абыройлы міндеті. Ұрпақтар сабақтастығы құндылықтар арқылы жалғасады. Ұлт тарихы үшін осы сабақтастықтың маңызы зор. Әр буын өзіне дейінгі ұлт тәжірибесін бойына сіңіріп, ары қарай дамыта білмесе, тарихын екшеп-саралау арқылы болашағына бағдар жасамаса — ол қоғам керітартпа қоғамға айналады. Өткенді мансұқтап, тарихты өзінен бастаған буын мемлекетті рухани дағдарысқа ұшыратады. Оның жекелеген көріністері де, өкінішке орай, қазіргі Қазақстан қоғамында бой көрсетуде. Яғни қазір елімізде дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртуға деген табиғи құлшыныс пен оны қоғам өмірінен ысырып тастауға деген жасанды талпыныс қатар жүруде. Дәстүрлі құндылықтарды аңғыртуға деген құлшыныстың алғашқы серпіні тәуелсіздік алумен тікелей байланысты болды. Үш ғасырлық отарлық және кеңестік саясат қысымында ұлттық мінезінен, санасынан, құндылықтарынан көз жазып қала жаздаған ұлт тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде тілін, тарихын, дәстүрін және дінін жаңғыртуға құлшына ұмтылды.

# МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

Международный научный журнал
Выходит еженедельно
№ 5.1 (191.1) / 2018



Редакционная коллегия:

**Главный редактор:**
Ахметов И. Г.

**Члены редакционной коллегии:**
Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Абдрасилов Т. К.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Калдыбай К. К.
Кенесов А. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кошербаева А. Н.
Кузьмина В. М
Курпаяниди К. И.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матвиенко Е.В.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Паридинова Б. Ж.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.
Федорова М. С.
Фозилов С. Ф.
Яхина А. С.
Ячинова С. Н.

**Международный редакционный совет:**
Айрян З. Г. (*Армения*)
Арошидзе П. Л. (*Грузия*)
Атаев З. В. (*Россия*)
Ахмеденов К. М. (*Казахстан*)
Бидова Б. Б. (*Россия*)
Борисов В. В. (*Украина*)
Велковска Г. Ц. (*Болгария*)
Гайич Т. (*Сербия*)
Данатаров А. (*Туркменистан*)
Данилов А. М. (*Россия*)
Демидов А. А. (*Россия*)
Досманбетова З. Р. (*Казахстан*)
Ешиев А. М. (*Кыргызстан*)
Жолдошев С. Т. (*Кыргызстан*)
Игисинов Н. С. (*Казахстан*)
Кадыров К. Б. (*Узбекистан*)
Кайгородов И. Б. (*Бразилия*)
Каленский А. В. (*Россия*)
Козырева О. А. (*Россия*)
Колпак Е. П. (*Россия*)
Кошербаева А. Н. (*Казахстан*)
Курпаяниди К. И. (*Узбекистан*)
Куташов В. А. (*Россия*)
Кыят Э. Л. (*Турция*)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (*Украина*)
Нагервадзе М. А. (*Грузия*)
Прокопьев Н. Я. (*Россия*)
Прокофьева М. А. (*Казахстан*)
Рахматуллин Р. Ю. (*Россия*)
Ребезов М. Б. (*Россия*)
Сорока Ю. Г. (*Украина*)
Узаков Г. Н. (*Узбекистан*)
Федорова М. С. (*Россия*)
Хоналиев Н. Х. (*Таджикистан*)
Хоссейни А. (*Иран*)
Шарипов А. К. (*Казахстан*)
Шуклина З. Н. (*Россия*)

**Руководитель редакционного отдела:** Кайнова Г. А.
**Ответственный редактор:** Шульга О. А.
**Художник:** Шишков Е. А.
**Верстка:** Бурьянов П. Я., Голубцов М. В., Майер О. В.



Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.
Материалы публикуются в авторской редакции.



Адрес редакции:
**почтовый**: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231;
**фактический**: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.
E-mail: info@moluch.ru; http://www.moluch.ru/

**Учредитель и издатель:**
ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Подписано в печать 14.02.2018. Основной тираж номера: 500 экз., фактический тираж спецвыпуска: 16 экз.
Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 25